ISSN 1728-7901

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

Казахский национальный педагогический
университет имени Абая

ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК
BULLETIN

«Физика-математика ғылымдары» сериясы

серия «Физико-математические науки»



№3(59)

2017

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК
BULLETIN

«Физика-математика ғылымдары» сериясы
Серия «Физико-математические науки»
№3(59)

Алматы, 2017

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

“Физика-математика ғылымдары” сериясы № 3 (59)

Қазақстан Республикасының
Ақпарат
министрлігінде тіркелген
№ 4824 – Ж - 15.03.2004
(Журнал бір жылда 4 рет шығады)
2000 жылдан бастап шығады

Басуға 25.09.2017 ж. қол қойылды
Пішімі 60х84 $^1/_8$.
Көлемі 43,12 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс131.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы,13

Абай атындағы ҚазҰПУ-ің
“Ұлағат” баспасы

Мазмұны
Содержание

МАТЕМАТИКА. МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МАТЕМАТИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

серия “Физико-математические науки”
№ 3 (59)

Зарегистрирован в Министерстве информации
Республики Казахстан,
№ 4824 - Ж - 15.03.2004
(периодичность – 4 номера в год)

Выходит с 2000 года

Подписано в печать 25.09.2017 г.
Формат 60x84 $^{1}/_{8}$.
Об. 43,12 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 131.

050010, г. Алматы, пр. Достық, 13,
Издательство «Ұлағат»
КазНПУ им. Абая

ФИЗИКА. ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
ФИЗИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИКИ

ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ. БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ. ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Abai Kazakh National
Pedagogical University

BULLETIN
Ser. Physical & Mathematical
Sciences

№ 3 (59)

Registered in the Ministry
of Information of the Republic
of Kazakhstan,
№ 4824 - Ж - 15.03.2004
(Periodicity: 4 issues per year)
Published since 2000

Signed to print 25.09.2017 г.
Format 60x84 $^1/_8$. Vol. 43,12 p.
Printing 300 copies. Order 131

Publishing and Editorial:
050010, 13 Dostyk av.,
Almaty, Kazakhstan

Publisher "Ulagat"
Abai Kazakh national pedagogical
university

МАТЕМАТИКА, МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МАТЕМАТИКА,
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ

УДК 517.958:536.2
ГРНТИ 27.35.45

Ж.А.Абдираманов[1], *К.К.Коксалов*[2]

[1] *магистрант, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г.Алматы, Казахстан,*
[2]*д.ф-м.н, профессор, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г.Алматы, Казахстан*

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА ФУРЬЕ К РЕШЕНИЮ ГРАНИЧНЫХ ЗАДАЧ ДЛЯ НЕОДНОРОДНОГО УРАВНЕНИЯ ТЕПЛОПРОВОДНОСТИ

Аннотация

За последние десятилетия сфера интенсивного исследования и применения явлений теплообмена чрезвычайно расширилась. Она включает как ведущие направления техники (химическая технология, металлургия, строительное дело, нефтеразработка, машиностроение, агротехника и т.д.), так и основные естественные науки (биология, геология, физика атмосферы и океана и другие). Теоретическое исследование процессов теплообмена в настоящее время в значительной степени базируется на их численном моделировании с использованием ИКТ. Это стало возможным благодаря значительному прогрессу в развитии вычислительных методов решения задач для уравнений в частных производных и увеличению мощности современных вычислительных машин.

В данной статье рассмотрено решение неоднородного уравнения теплопроводности при заданных граничных и начальных условиях методом Фурье. Исследовано распространение тепла в стержне, в котором происходит свободный теплообмен с окружающей средой.

Ключевые слова: уравнение теплопроводности, метод Фурье, распространения тепла, параболическая уравнения.

Аңдатпа

Ж.А.Абдираманов[1], *К.К.Коксалов*[2]
[1] *магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*
[2]*ф-м.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, Алматы қ., Қазақстан*

БІРТЕКТІ ЕМЕС ЖЫЛУӨТКІЗГІШТІК ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ ШЕКАРАЛЫҚ ЕСЕПТЕРІН ШЕШУДЕ ФУРЬЕ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Соңғы он жылдық ішінде, жылу алмасу құбылыстарын ғылыми зерттеу және оларды қолданыста пайдалану аясы қарқынды кеңейді. Ол технологияның жетекші бағыттарын (химиялық технология, металлургия, құрылыс саласы, мұнай өндіру, машина жасау, ауыл шаруашылығы технологиясы және т.б.), және негізгі жаратылыстану ғылымдарын (биология, геология, атмосфералық және мұхит физикасын) қамтиды. Қазіргі уақытта жылу алмасу процестерін теориялық зерттеу, олардың АКТ көмегімен есептелген сандық моделіне негізделген. Бұл елеулі прогресс, қазіргі заманғы есептеуіш машиналардың қуатының артуымен және де дербес туынды дифференциалдық теңдеулерді шешуде сандық-есептеу әдістерінің дамуымен тығыз байланысты мүмкін болды.

Бұл жұмыста біртекті емес жылуөткізгіштік теңдеулерді, көрсетілген бастапқы және шекаралық шарттарымен шешуде Фурье тәсілін қолдану қарастырылған. Қоршаған ортамен еркін жылу айырбастау жағдайындағы өзектегі жылу таралуын зерттелген.

Түйін сөздер: жылуөткізгіштік теңдеуі, Фурье әдісі, жылу алмасу, параболалық теңдеулер.

Abstract

APPLICATION OF THE FOURIER METHOD TO THE SOLUTION OF BOUNDARY PROBLEMS FOR THE INHOMOGENEOUS HEAT EQUATION

Zh.Abdiramanov[1], *K.K.Koksalov*[2]
[1] *Student of Master Programme, Abai KazNPU , Almaty, Kazakhstan,*
[2]*Dr.Sci. (Math-Phys), Professor of the Abai KazNPU , Almaty, Kazakhstan*

Over the past decade, the scope of the intensive research, It includes both the leading directions in technology (chemical technology, metallurgy, construction, oil production, engineering, agricultural technology, etc.), and the basic natural sciences (biology, geology, atmospheric and ocean physics and others). Now theoretical research of heat exchange processes based on ICT. This became possible due to significant progress in the development of computational methods for solving problems for partial differential equations and increasing the power of modern computers.

The solution of the inhomogeneous heat equation for given boundary and initial conditions by the Fourier method we consider in this paper. The propagation of heat in a rod in which free heat exchange with the surrounding medium takes place is investigated.

Key words: heat equations, Fourier method, heat spreading, parabolic equation.

1. Распространение тепла в стержне, на концах которого происходит свободный теплообмен с окружающей средой. Задача состоит в отыскании решения уравнения:

$$\frac{\partial u}{\partial t} = a^2 \frac{\partial^2 u}{\partial x^2} \qquad (1)$$

при граничных условиях

$$\frac{\partial u}{\partial x} - hu\Big|_{x=0} = 0,$$
$$\frac{\partial u}{\partial x} + hu\Big|_{x=l} = 0 \qquad (2)$$

и при начальном условии

$$u\,|_{t=0} = \varphi(x) = l^2 - 4\left(x - \frac{l}{2}\right)^2 \qquad (3)$$

Согласно методу Фурье, будем искать частные решения уравнения (1) в виде

$$u(x,t) = X(x)T(t) \qquad (4)$$

Тогда получим уравнения

$$T'(t) + a^2\lambda^2 T(t) = 0, \qquad (5)$$

$$X''(x) + \lambda^2 X(x) = 0 \qquad (6)$$

Чтобы получить частное решение (4), отличное от тождественного нуля, удовлетворяющее граничным условиям (2), очевидно, нужно потребовать выполнения условий

$$X'(0) - hX(0) = 0,$$
$$X'(l) + hX(l) = 0 \qquad (7)$$

Таким образом, мы приходим к задаче о собственных значениях для уравнения (6) при граничных условиях (7). Интегрируя уравнение (6), получим

$$X(x) = C_1 \cos\lambda x + C_2 \sin\lambda x. \qquad (8)$$

Из граничных условий (7) находим

$$hC_1 - \lambda C_2 = 0$$
$$(h\cos\lambda l - \lambda\sin\lambda l)C_1 + (h\sin\lambda l + \lambda\cos\lambda l)C_2 = 0 \qquad (9)$$

Эта система двух однородных уравнений имеет очевидное решение $C_1 = C_2 = 0,$ и мы получаем решение $X(x) \equiv 0$. Отбрасывая этот случай, мы должны считать, что по крайней мере одна из постоянных C_1, C_2 отлична от нуля. Тогда определитель системы (9) должен равняться нулю

$$\begin{vmatrix} h & -\lambda \\ h\cos\lambda l - \lambda\sin\lambda l & h\sin\lambda l + \lambda\cos\lambda l \end{vmatrix} = 0$$

который, после замены

$$\mu = \lambda l,$$

$$p = hl > 0, \qquad (10)$$

приводится к виду

$$2ctg\,\mu = \frac{\mu}{p} - \frac{p}{\mu} \qquad (11)$$

Это уравнение имеет бесчисленное множество вещественных корней, в чем нетрудно убедиться, построив графики кривых (рис. 1)

$$y = 2ctg\,\mu,$$

$$y = \frac{\mu}{p} - \frac{p}{\mu}.$$

Из чертежа видно, что в каждом из интервалов (0, π), (π, 2π), ... лежит положительный корень уравнения (11), а отрицательные корни по абсолютной величине равны положительным.



Рисунок 1

Обозначим через μ_1, μ_2, μ_3,... положительные корни уравнения (11). Тогда, согласно (10), собственные значения будут

$$\lambda_n^2 = \left(\frac{\mu_n}{l}\right)^2$$

(n=1, 2, 3, ...). (12)

Каждому собственному значению соответствует собственная функция

$$X_n(x)=\cos\frac{\mu_n x}{l}+\frac{p}{\mu_n}\sin\frac{\mu_n}{l}x \tag{13}$$

При λ=λ$_n$ общее решение уравнения (5) имеет вид

$$T_n(t)=a_n e^{-\left(\frac{\mu_n a}{l}\right)^2 t} \tag{14}$$

где a$_n$ – произвольные постоянные.

Таким образом, нами найдены частные решения уравнения (1)

$$u_n(x,t)=X_n(x)T_n(t)=a_n e^{-\left(\frac{\mu_n a}{l}\right)^2 t}\left(\cos\frac{\mu_n x}{l}+\frac{p}{\mu_n}\sin\frac{\mu_n}{l}x\right),$$

удовлетворяющие граничным условиям (2) при любых a$_n$.

Составим ряд

$$u(x,t)=\sum_{n=1}^{\infty}a_n e^{-\left(\frac{\mu_n a}{l}\right)^2 t}\left(\cos\frac{\mu_n x}{l}+\frac{p}{\mu_n}\sin\frac{\mu_n}{l}x\right). \tag{15}$$

Удовлетворяя начальному условию (3), получим

$$\varphi(x)=\sum_{n=1}^{\infty}a_n\left(\cos\frac{\mu_n x}{l}+\frac{p}{\mu_n}\sin\frac{\mu_n}{l}x\right)=\sum_{n=1}^{\infty}a_n X_n(x). \tag{16}$$

На основании теории задач о собственных значениях, собственные функции $X_n(x)$ ортогональны, т.е.

$$\int_0^l X_n(x)X_m(x)dx=0$$

$$(n\neq m) \tag{17}$$

Вычисляя квадрат нормы собственных функции (13), получим

$$\int_0^l X_n^2(x)dx=\int_0^l\left(\cos\frac{\mu_n x}{l}+\frac{p}{\mu_n}\sin\frac{\mu_n}{l}x\right)^2 dx=\frac{l}{2}\frac{p(p+2)+\mu_n^2}{\mu_n^2} \tag{18}$$

Предпологая, что ряд (16) сходится равномерно, и принимая во внимание (17) и (18), мы найдем коэффиценты a$_n$ по следующей формуле

$$a_n=\frac{2}{l}\frac{\mu_n^2}{p(p+2)+\mu_n^2}\int_0^l\varphi(x)\left(\cos\frac{\mu_n x}{l}+\frac{p}{\mu_n}\sin\frac{\mu_n x}{l}\right)dx$$

Внося это выражение коэффициентов a$_n$ в ряд (15), получим решение задачи (1)-(3):

$$u(x,t)=\frac{2}{l}\sum_{n=1}^{\infty}e^{-\left(\frac{\mu_n a}{l}\right)^2 t}\left(\frac{\mu_n\cos\frac{\mu_n x}{l}+p\sin\frac{\mu_n x}{l}}{p(p+2)+\mu_n^2}\right)\int_0^l\varphi(x)\left(\mu_n\cos\frac{\mu_n x}{l}+p\sin\frac{\mu_n x}{l}\right)dx \tag{19}$$

2. Рассмотрим неоднородное уравнение

$$\frac{\partial u}{\partial t}=a^2\ \frac{\partial^2 u}{\partial x^2}+f(x,t) \tag{20}$$

при граничных условиях

$$u\big|_{t=0}=0 \tag{21}$$

и при начальном условии

$$u(0,t)=0,\ u(l,t)=0. \tag{22}$$

Будем искать решение этой задачи в виде

$$u(x,t)=\sum_{n=1}^{\infty}T_n(t)\sin\frac{n\pi x}{l}, \tag{23}$$

Так что граничные условия (3) удовлетворяются сами собою. Предположим, что функция $f(x,t)$, рассматриваемая как функция от x, может быть разложена в ряд Фурье:

$$f(x,t)=\sum_{n=1}^{\infty} f_n(t)\sin\frac{n\pi x}{l}, \tag{24}$$

где

$$f_n(t)=\frac{2}{l}\int_0^l f(x,t)\sin\frac{n\pi x}{l}dx \tag{25}$$

Подставляя ряд (23) в уранение (20) и принимая во внимание (24), получим

$$\sum_{n=1}^{\infty}\left[T_n'(t)+\left(\frac{n\pi a}{l}\right)^2 T_n(t)-f_n(t)\right]\sin\frac{n\pi x}{l}=0$$

Откуда, заменяя $\frac{n\pi a}{l}$ величиной ω_n,

$$T_n'(t)+\omega_n^2 T_n(t)=f_n(t). \tag{26}$$

Пользуясь начальным условием для $u(x,t)$

$$u(x,0)=\sum_{n=1}^{\infty}T_n(0)\sin\frac{n\pi x}{l}=0.$$

получаем начальное условие для $T_n(t)$:

$$T_n(t)=0 \tag{27}$$

Решая обыкновенное дифференциальное уравнение (26) с нулевым начальным условием (27), находим

$$T_n(t)=\int_0^t e^{-\omega_n^2(t-\tau)}f_n(\tau)d\tau. \tag{28}$$

Подставив это в ряд (23), получим решение задачи (20)-(22) в виде:

$$u(x,t)=\sum_{n=1}^{\infty}\left[\int_0^t e^{-\omega_n^2(t-\tau)}f_n(\tau)d\tau.\right]\sin\frac{n\pi x}{l} \tag{29}$$

Если начальное условие неоднородно, то к решению (29) нужно прибавить решение однородного уравнения теплопроводности с заданным начальным условием $u(x,0)=\varphi(x)$ и граничными условиями (22).

1. Рассмотрим теперь тот случай, когда начальное и граничные условия неоднородные, т.е. требуется найти решение уравнения

$$\frac{\partial u}{\partial x}=a^2\frac{\partial^2 u}{\partial x^2}+f(x,t) \tag{30}$$

при начальном условии

$$u\big|_{t=0}=\varphi(x) \tag{31}$$

и при граничных условиях

$$u(0,t)=\psi_1(t),\ \ u(l,t)=\psi_2(t). \tag{32}$$

Эта задача легко сводится к однородному уравнению и неоднородному уравнению. Полагая:

$$u=v+\omega \tag{33}$$

где функция v удовлетворяет однородному уравнению

$$\frac{\partial v}{\partial t}=a^2\frac{\partial^2 v}{\partial x^2}, \tag{34}$$

граничным условиям

$$v(0,t)=\psi_1(t),$$

$$v(l,t)=\psi_2(t) \tag{35}$$

и начальному условию

$$v\big|_{t=0} = \varphi(x) \tag{36}$$

а функция $\omega(x,t)$, удовлетворяет неоднородному уравнению

$$\frac{\partial\omega}{\partial t} = a^2\frac{\partial^2\omega}{\partial x^2} + f(x,t), \tag{37}$$

граничным условиям

$$\omega\big|_{x=0} = 0,$$

$$\omega\big|_{x=l} = 0 \tag{38}$$

и начальному условию

$$\omega\big|_{t=0} = 0. \tag{39}$$

Очевидно, что сумма (33) является решением задачи (30)-(32)

Заметим, что задача (30)-(32) также легко сводится к задаче, рассмотренной в первой части, если ввести новую неизвестную функцию $v(x,t)$, положив

$$u(x,t) = v(x,t) + U(x,t),$$

где

$$U(x,t) = \psi_1(t) + \left[\psi_2(t) - \psi_1(t)\right]\frac{x}{l}.$$

Рассмотрим пример (30) уравнения при начальном условии

$$u\big|_{t=0} = \varphi(x) \tag{40}$$

и при граничных условиях

$$u(0,t) = \psi(t),$$

$$u(l,t) = 0. \tag{41}$$

Основоваясь на (33) уравнение, где функция $v(x,t)$ удовлетворяет однородному уравнению

$$\frac{\partial v}{\partial t} = a^2\frac{\partial^2 v}{\partial x^2}, \tag{42}$$

граничным условиям

$$v(0,t) = \psi(t),$$

$$v(l,t) = 0 \tag{43}$$

и начальному условию

$$v\big|_{t=0} = \varphi(x) \tag{44}$$

а функция $\omega(x,t)$, удовлетворяет неоднородному уравнению

$$\frac{\partial\omega}{\partial t} = a^2\frac{\partial^2\omega}{\partial x^2} + f(x,t), \tag{45}$$

граничным условиям

$$\omega\big|_{x=0} = 0,$$

$$\omega\big|_{x=l} = 0 \tag{46}$$

и начальному условию

$$\omega\big|_{t=0} = 0. \tag{47}$$

Решение задачи (42)-(44) является:

$$\begin{gathered} v(x,t) = \frac{\psi(x+l)}{l} + \frac{2}{\pi}\sum_{n=1}^{\infty}\frac{\psi}{n}e^{-\left(\frac{\pi na}{l}\right)^2 t}\sin\frac{\pi nx}{l} + \\ \frac{2}{l}\sum_{n=1}^{\infty}\left[\int_0^l \varphi(x)\sin\frac{\pi nx}{l}dx\right]e^{-\left(\frac{\pi na}{l}\right)^2 t}\sin\frac{\pi nx}{l} \end{gathered} \tag{48}$$

Решение задачи (45)-(47) является:

$$\omega(x,t)=\sum_{n=1}^{\infty}\left[\int_0^t e^{-\left(\frac{\pi na}{l}\right)^2(t-\tau)} f_n(\tau)d\tau\right]\sin\frac{n\pi x}{l} \qquad (49)$$

Подставляя (48) и (49) на (33) получим решение нашей основной задачи (30) с условиями (40) и (41)

$$\begin{aligned} u(x,t)=&\frac{\psi(x+l)}{l}+\frac{2}{\pi}\sum_{n=1}^{\infty}\frac{\psi}{n}e^{-\left(\frac{\pi na}{l}\right)^2 t}\sin\frac{\pi nx}{l}+\\ &+\frac{2}{l}\sum_{n=1}^{\infty}\left[\int_0^l \varphi(x)\sin\frac{\pi nx}{l}dx\right]e^{-\left(\frac{\pi na}{l}\right)^2 t}\sin\frac{\pi nx}{l}+ \qquad (50)\\ &+\sum_{n=1}^{\infty}\left[\int_0^t e^{-\left(\frac{\pi na}{l}\right)^2(t-\tau)} f_n(\tau)d\tau\right]\sin\frac{n\pi x}{l} \end{aligned}$$

Список использованной литературы:

1. *Кошляков Н.С. Основные дифференциальные уравнения математической физики. М., «ОНТИ» - 1936г. - С. 461-464*
2. *Будак Б.М., Самарский А.А., Тихонов А.Н. Сборник задач по математической физике. М., «Наука», - 1980г.- С. 680*

УДК 377.5.02:37.016
ГРНТИ 14.33.09

М.А. Абдуалиева[1], Е.Ж. Төребек[2]

[1,2] PhD докторант, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМІНІҢ ЭЛЕКТРОНДЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУҒА ӘДІСНАМАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ РОЛІ

Аңдатпа

Жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы, білім беру саласында жаңа әрі сапалы оқыту құралдары яғни электронды дидактикалық құрал жабдықтардың пайда болуына үлкен ықпал жасады. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, таным процесіне адамның әр түрлі сезім мүшелерінің іске қосылуы және нақты заттар мен құбылыстарға бетпе-бет келгенде оны сезіну, көре білу және қабылдау арқылы артады. Болашақ педагог-мамандарды дайындаудың көп қырлы құрылымының ішінде оның электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық дайындығы ерекше орын алады. Жалпы әдіснамалық білімдер құрамына қарай теориялық білімге сәйкес, яғни оның құрамына деректер, болжамдар идеялар, заңдар, ұстанымдар және кейбір басқа элементтер кіреді, сонымен қатар ғылыми ойлар, әдістер, теориялар әдіснамаға дәйектер болып қызмет етеді. Мақалада болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтар жүйесін қолдануға әдіснамалық білімдер жүйесінің мүмкіндіктері қарастырылған.

Түйін сөздер: Электронды дидактикалық құрал-жабдықтар, болашақ математика мұғалімі, ақпараттық технология, әдіснамалық білімдер

Аннотация

М.А. Абдуалиева[1], Е.Ж. Торебек[2]

РОЛЬ МЕТОДОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МАТЕМАТИКИ ПО ПРИМЕНЕНИЮ ЭЛЕКТРОННЫХ ДИДАКТИЧЕСКИХ СРЕДСТВ ОБУЧЕНИЯ

[1,2] PhD докторант, ЮКГУ имени М. Ауэзова,г. Шымкент, Казахстан

Появление новых информационных технологий, связанных с развитием компьютерных средств и сетей телекоммуникаций, дало возможность создать качественно новую информационно-образовательную среду как основу для развития и совершенствования системы образования. Целью инновационной деятельности является качественное изменение личности учащегося по сравнению с традиционной системой. В обучении будущих учителей математики с использованием электронного оборудования, методологическая подготовка занимает особое место. Методологические знания - это совокупность знаний из методологии науки, которая необходима для сознательного системного усвоения основ наук и формирования мировоззрения. В статье рассмотрены особенности методологических знаний будущих учителей по применении дидактических электронных средств.

Ключевые слова: дидактические электронные средства, будущий учитель математики, информационная технология, электронное обучение, методологические знания.

Abstract

THE ROLE OF METHODOLOGICAL TRAINING FOR FUTURE TEACHERS OF MATHEMATICS IN THE USE OF ELECTRONIC DIDACTIC MEANS OF TRAINING

Abdualiyeva M.A.[1], *Torebek Y.Zh.*[2]
[1,2] *Doctoral students, SKSU named M.Auezov, Shymkent, Kazakhstan*

The emergence of new information technologies associated with the development of computer equipment and telecommunications networks, has made it possible to create a qualitatively new information and educational environment as the basis for development and improvement of the education system. The goal of innovation is a qualitative change in the person of the pupil in comparison with the traditional system. In the training of future mathematics teachers using electronic equipment, methodological training occupies a special place. Methodological knowledge is a body of knowledge from the methodology of science, which is necessary for conscious systemic mastering of the foundations of science and the formation of a worldview. The article describes the features of the use of electronic means of teaching

Key words: didactic electronic means, future teacher of mathematics, information technology, methodological knewledge

XXI ғасыр-техниканың дамыған ғасыры. Елбасымыз Қазақстан Республикасын 2020 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспарында барлық білім беру жүйесін одан әрі ақпараттандыру мен электрондық оқытуды жаппай енгізу бағдарында білім беруді түбегейлі жаңартудың басым бағыты болып электрондық оқыту деп атап айтқаны белгілі. Қазіргі даму кезеңінде білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін барынша технологияландыру мәселесі басты орынға қойылып отыр. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген[1].

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Білімді игерудің нәтижелігі таным процесіне адамның әр түрлі сезім мүшелерінің іске қосылуы және нақты заттар мен құбылыстарға бетпе-бет келгенде оны сезіну, көре білу және қабылдау арқылы артады. Шындығында да қазіргі кезеңде негізгі мәселелердің бірі – оқыту процесін, білім беруді жоғары дәрежеге жеткізу болып отыр.

Жалпы математика ғылымы зерттеу арқылы ақиқат дүниенің кеңістіктік формалары мен сандық қатынастары, математикалық құрылымдар мен олардың модельдері жайында жаңа мәліметтер алады. Ал мектеп математикасы математика ғылымы ашқан фактілер мен заңдар негіздерін оқушыға жеткізеді. Математика мұғалімі оқушыларға математика ғылымы негіздерінің неғұрлым маңызды элементтерін, оқып үйрену объектілерін дұрыс таңдауға, оқу материалдарын неғұрлым түсінікті және еске сақтауға оңай түрде және ұтымды сабақтастықта баяндауға көмектеседі. Бұл оқушылардың жасы мен психологиясын ескере отырып, педагогикалық ерекшеліктеріне сай қалыптастырылады. Математика мектеп курсында оқушылардың ойлау қабілеті мен жалпы білім дәрежесін дамытуда және тәрбиелеуде әрі жетекші, әрі жауапты орын алады [2].

Болашақ математика мұғалімдерін дайындаудың көп қырлы құрылымының ішінде оның электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық дайындығы ерекше орын алады. Білім берудің кез-келген саласында электрондық дидактикалық құрал-жабдықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайтындығы дәлелденіп отыр. Болашақ математика мұғалімінің жоғары оқу орнында алған білімді тек игеріп қана қоюы жеткіліксіз. Оны жетік меңгеру арқылы болашақ өмірінде өз қажеттілігіне жарата білуі арқылы оқушыларды біліммен қамтамасыз етуі үшін мұғалімнің өзі бұл жұмысқа дайын болуы қажет. Мұғалімдердің кәсіптік дайындығын жетілдіру мәселелеріне О.А. Абдуллина, С.И.Архангельский, М.А. Ачилов, М.Ә. Құдайқұлов, Ю.К. Бабанский, Н.Ф. Талызина, В.В. Краевский В.В. Гоноболин және т.б. өздерінің еңбектерін арнаған. Математика мұғалімін дайындау мәселесі бойынша белгілі математиктер Л.Д.Кудрявцев, С.П. Новиков, А.Д.Александров, В.Г. Болтянский т.б. және әдіскерлер

Ю.М. Колягин, Г.В. Дорфеев, А.Е. Әбілқасымова, Д. Рахымбек, Е.О. Медеуов, Ж. Икрамов, П.М. Эрданиев бірқатар еңбектер жазған. Мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін, әдіснамалық білімдерін жетілдіру, шығармашылық ізденісін, креативтілігін қалыптастыру Ш.Т.Таубаева, Е.И.Бурдина, А.А.Жайтапова, Д.Рахымбек, Б.А.Тұрғынбаева, Д.Н.Кулибаева, Б.А.Оспанова, Н.А.Шамельханова, Р.І.Қадірбаева және т.б. қарастырған. Ал болашақ мұғалімдерді ақпараттық– коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау туралы Т.О.Балықбаев, Е.Ы.Бидайбеков, Қ.М.Беркімбаев, Қ.Қабдықайыров, Ж.А.Қараев, Р.Ч.Бектұрғанова, С.М.Кеңесбаев, С.С.Тауланов, М.С.Мәлібекова, Б.Д.Сыдықов, Г.О.Тәжіғұлова, Л.А. Шкутина, Қ.Ж. Әжібеков және т.б. қарастырған. Математика сабағында Visual Basic бағдарламалау тілінде электрондық оқулықты жасау мәселесімен С.Қожабаев, Ә.Бүркіт, Қ.Мамаев, Р.Бекмолдаева, және т.б. педагогтардың еңбектері, ал Delphi бағдарламалау тілінде электрондық оқулықтарды жасаумен Е.Ы.Бидайбеков, Ж.А.Қараев, Б.Хантер, И.В.Роберттің ғылыми-әдістемелік еңбектері арналған. Ал О.Камардинов, О.Сейтқұлов зерттеулерінде электрондық оқулықтарды пайдаланудың жалпы педагогикалық аспектілері қарастырылып, оны қолданудың дидактикалық және педагогикалық шарттары анықталған. Электрондық оқулықтарды пайдаланудың тигізер әсерінің психологиялық-педагогикалық негізі В.М.Монаховтың, А.Я.Савельевтің және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелінсе, оны тиімді пайдалану әдістемесі - Я.Ваграменский, С.Гримм және т.б. әдіскерлердің оқу-әдістемелік құралдары мен оқулықтарында, монографиялары мен ғылыми еңбектерінде келтірілген. Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды оқытуда қолдану мүмкіндігі оның арнайы бағдарламамен қамтамасыз етілуіне байланысты. Оқу үдерісінде қолданылатын бүкіл бағдарламаларды оқыту және оқып-үйрену бағдарламалары деп бөлуге болады. Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарға келесілер жатады: Электрондық басылым (ЭБ) – бұл графикалық, текстік, цифрлік, тілдік, музыкалық, видео, фото және ақпараттар, сонымен қатар қолданушының басылымдық құжаттардың жиынтығы. Электрондық басылымдар кез келген электрондық тасымалдаушыларда – магниттік, оптикалық дискілерде орындалуы және электрондық, компьютерлік желілерде жариялануы мүмкін.

Оқу электрондық басылымы (ОЭБ) – білімнің сәйкес ғылыми – практикалық саласы бойынша жүйеленген материалдарды қамтуы керек және студенттер мен оқушылар осы саладағы білімдер, біліктер және дағдыларды белсенді түрде меңгеруі керек.

Оқулық (О)- мемлекеттік стандартқа және оқу бағдарламасына сәйкес оқу пәнінің немесе оның тарауын жүйелі мазмұндаудан тұратын басылымы.

Электрондық оқулық (ЭО)-өз бетімен немесе оқытушының қатысуымен оқу курсын немесе оның бір бөлімін компьютердің көмегімен меңгеруді қамтамасыз ететін бағдарламалық-әдістемелік кешенді айтады.

Оқу құралы (ОҚ)- бұл берілген басылымның түрі ретінде ресми түрде бекітілген және оқулықты толықтыратын және оны бөлшектеп немесе толық алмастыратын оқулық.

Электрондық оқу құралы (ЭОҚ)-оқулықты толығымен немесе жартылай ауыстыратын, толықтыратын және берілген түрдегі басылым ретінде бекітілген электрондық басылым.

Гипертекст-электрондық формада ұсынылған және оның бір фрагментінен басқа фрагментіне дер кезінде өтуді қамтамасыз ететін тармақталған байланыстар жүйесімен жабдықталған текст.

Интеллектуалдық ядро-математикалық операцияларды сандық және символдық формада шығаратын бағдарламалардың арнайы жиынтығы.

Визуализация-суреттердің, графиктердің және анимацияның көмегімен көрнекі түрде көрсетілуі.

Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал. Бүгінгі күні бірнеше электронды дидактикалық құрал-жабдықтардың түрлері бар. Олардың ішінде білім саласында қолданып жүргендеріне қысқаша шолу жасайық. ACTIVboard(Promethean компаниясы) — ACTIVstudio бағдарламасы арқылы іске қосылады. Бұл құрылғы компьютер, мультимедиялық проектор және ақпараттарды енгізуге арналған активті қаламнан тұрады.

Активті қалам – бұл меңзерді басқару құрылғысы және компьютер мен тақта арасындағы байланысты іске асырушы құрылғы.

Электронды ACTIVwand көрсеткіш шыбығының ұзындығы 54 см. Ол тақтаның жоғарғы бөлігіне кішкентай оқушыларға да қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жанында орналасқан батырма ташқанның сол жақ батырмасының қызметін атқарады. ACTIVboard – интерактивті тақтасында жұмыс жасаушыға проектордың сәулесінен астынан шығуға мүмкіндік береді. «Оң қол», сонымен бірге «сол қолмен» жұмыс жасауға қолайлы құрал.

ACTIVpanelpro (Активпанель) үлкен аудиторияларда қолдануға өте қолайлы, онда үлкен экранға проекцияға қолданады. ACTIVpanelpro арнайы қарындаштың көмегімен дисплейде жазылған жазулар компьютер арқылы тақтадан көруге мүмкіндік береді. ACTIVpanelpro (Активпанель) өте жеңіл зат, бөлмеден бөлмеге қиындықсыз – ақ алып жүре беруге болады, ал проектор болса кескінді үлкейтіп көрсетеді. ACTIVpanel-pro ДК басқарады, сурет салады, жазу жазады – бұл ақпаратты енгізетін құрылғыға жатады.

Радио портты ACTIVslate панель құрылғысы топпен жүргізілетін конференцияға қатысушылардың белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Конференция немесе презентация кезінде аудиторияда еркін қозғалуға болады ACTIVslateXR панель аудиторияның кез келген жерінен тақтамен жұмыс жасай алады. ACTIVslateXR көмегімен қатысушылар өз шешімдерін орындарынан тұрмай-ақ тақтада жаза алады. ACTIVtablet планшет қарапайым тышқанның қызметін атқара алады, презентация мен конференция материалдарын ACTIVstudio2 немесе ACTIVprimary тақтасыз (ACTIVboard көмегінсіз) компьютерде дайындауға мүмкіндік беретін құрылғы. ACTIVtablet компьютерге USB порт арқылы қосылады, бағдарламаның барлық функцияларын қолдануға болады. Арнайы батареясыз қаламмен флипчарт беттерінде жазу жаза алады.

ACTIVote тестілеу жүйесі конференцияның барлық қатысушыларына сұрақтарға, бірнеше берілген жауаптардың нұсқаларынан желісіз радио пульттің батырмасын басу әдісімен жауап беруге мүмкіндік береді. Пульттың көмегімен ақпарат ACTIVboard қабылдайды және де өңделіп конференция қатысушысының жауабын қабылдайды. ACTIVote қарапайым тест жүргізуге өте қолайлы зат. ACTIVote 16 немесе 32 пульттан кішкене чемоданда тест жүргізу үшін қолданылады.

ACTIVote қолдана отырып: «Тест дайындау шеберінде» ACTIVstudio бағдарламасында флипчартта мәтіндік немесе графиктік түрде тест сұрақтары кітапханада сақталады да, тестің нәтижесін кесте немесе диаграмма түрінде компьютердің жадында сақталады. Тестің нәтижесін EXCEL немесе WORD редакторларында экспорт жасауға болады

ACTIVstudio программасы. ACTIVstudio PE бағдарламасы арнайы презентацияларды өткізуге және оны сабақ барысында қолдануға негізделген бағдарлама. Бұл бағдарлама ACTIVboard және ACTIVpen қаламымен жұмыс жасау үшін жасақталған. ACTIVstudio бағдарламасының мүмкіндіктері өте көп. Атап айтқанда, презентацияларды құруға, өткізуге, материалдарға арнайы эффектілер қосуға, негізгі кезеңдерді көрсетуге, көрсеткіштерді қосуға, қосымша ақпараттарды енгізуге және басқа да көптеген мүмкіндіктері бар.

Флипчарт – бұл бірнеше қажетті беттерден тұратын негізгі жұмыс аймағы. Бұл аймақта презентацияны құруға және оны көрсетуге қажетті құралдардың барлығы көрсетіледі. Бірнеше флипчарттарды бірден ашып, бір флипчарттан келесі флипчартқа, объектілерге сілтемелер қоюға немесе объектілерді бір мезетте келесі бетке көшіруге болады. Флипчартты басу құрылғысынан шығаруға немесе әр түрлі форматтарда экспорттауға болады. «Активті экран» кешені білім үрдісінде қолданылатын ақпаратты көрсетуге және оны компьютермен басқаруға тағайындалған әмбебап интерактивтік жүйе болып табылады. «Активті экран» бағдарламалық – техникалық кешенінің дидактикалық мақсатта пайдалану барысында олардың негізгі қызметі – жалпы ақпаратпен кәсіби біліктілікті жетілдіру бағытында қолданып, сонымен қатар бұл құралдың оқушылардың, ойлау және ойын қысқа және түсінікті түрде жеткізе білу қабілетін арттырып, өз ойларын жаңа технология құралдары көмегімен жүзеге асыруын қалыптастыруды қамтамасыз ете алатыны белгілі болды. Бағдарламалық — техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивтік тақтаны оқытушыға сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық құралдар көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визулды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде мұғалім қосымшаны іске қосу, CD-ROM, Web- түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т. б. әрекеттерді жеңіл орындай алады.

Қазіргі кезде оқушыға сабақ уақытында және сабақтан тыс уақытта дараландырылған оқыту және бақылау тапсырмаларын беру, сол арқылы оқушының оқып-үйрену іс-әрекеттерін басқару мүмкіндігіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Сабақтағы оқушылардың танымдық іс-әрекеттеріне мұғалім тарапынан тікелей немесе жанама жетекшілік жасалуы тиіс. Оқушының танымдық іс-әрекетін басқарудың тиімді жолы ретінде арнайы компьютерлік оқыту бағдарламаларын қолдануды В.С.Самсонов ұсынған. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Білімді игерудің нәтижелігі таным процесіне адамның әр түрлі сезім мүшелерінің іске қосылуы және нақты заттар мен құбылыстарға бетпе-бет келгенде оны сезіну, көре білу және қабылдау арқылы артады. Бұл жағдайда білім беруде электронды дидактикалық құрал-жабдықтардың мүмкіндіктерін қолданудың маңызы зор. Электронды дидактикалық құрал-жабдықтар көмегімен сабақтарда және сабақтан тыс кезде оқушылардың есеп шығару дағдысын, шығармашалақ қабілетін дамытуға болады. Оқыту әдістемесін компьютерді қолданып жетілдіру мүмкіндіктері 1997 жылы қабылданған "Қазақстан Республикасы орта білім беру жүйесін информатикаландыру" Мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асуынан бастау алды. Аль-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Ақпараттық технологиялар ғылыми-зерттеу лабораториясы, Білім берудегі ақпараттық технологиялардың аймақтық орталықтары және т.б. ұжымдардың ғылыми-зерттеу лаборатория қызметкерлері бірлесе отырып орта мектептерге арналған бірнеше мультимедиялық оқыту бағдарламаларын құрастырып, таратты. Ол өз кезегінде мектеп мұғалімдері мен оқушылары үшін электронды ақпараттарды алуға, қажеттісін пайдалануға, өңдеуге, тасымалдауға, жинақтауға болатындай ақпараттар ағымы кеңістігін құруға негіз болып табылды. Білім берудің саласында электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды пайдаланып оқыту оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып кана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылыкпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытка дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану казіргі заман талабын канағаттандырмайды. Сондықтан казіргі ақпараттандыру қоғамында электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Соның нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыс жасауына кең мүмкіндік ашылды. Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электронды оқу құралдарының атқаратын рөлі зор. Онда пәндегі теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әртүрлі суреттер, сұлба, тәсілдер арқылы толыктырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсініп және оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалды қорыту үрдісі ұтымды болады. Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды оқу үрдісінде қолдану келесі мүмкіндіктерді жүзеге асыруға көмектеседі: кері байланысты практика жүзінде тез арада қамтамасыз ету; ақпаратты іздеу мүмкіндіктері; гипертексті түсіндірулерге өту барысында уақытты үнемдеу; жеке тұлғаға бағдарланған, яғни оның нақты бір бөлім бойынша білімді тексеру, баяндау, модельдеу т.б. мүмкіндіктер тез орындалады; [3].

Жоғары мектептердің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі -жеткілікті деңгейде кәсіби білімі, құзырлықтары мен танымдық іс-әрекеті қалыптасқан, логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттері дамыған, жоғары кәсіби білікті мамандар даярлау болып табылады. Олай дейтін себебіміз, қоғам дамуына жаңаша икемделуде бүгінгі мектеп мұғалімінің алдында жан-жақты дамыған, терең білім негіздерін қалыптастырған ақпараттық қоғамда ӛмір сүруге бейім жеке тұлғаларды тәрбиелеп шығару талабы тұр. Жалпы білім беретін мектептерде окытылатын пәндер ішінен оқушының танымдық, шығармашылық, ойлау қабілеттерін дамытуда математика пәні жетекші орын алады. Сондықтан математика пәнінен білім негіздерін беретін педагог мамандар даярлау жүйесінде мұғалімдерді даярлау ерекше назар аударуды талап етеді [4].

Болашақ педагог-мамандарды дайындаудың көп қырлы құрылымының ішінде оның электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық дайындығы ерекше орын алады. Білім берудің кез-келген саласында электрондық дидактикалық құрал-жабдықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайтындығы дәлелденіп отыр. Жалпы әдіснамалық білімдер құрамына қарай теориялық білімге сәйкес, яғни оның құрамына деректер, болжамдар идеялар, заңдар, ұстанымдар және кейбір басқа элементтер кіреді, сонымен қатар ғылыми ойлар, әдістер, теориялар әдіснамаға дәйектер болып қызмет етеді. Әдіснамалық білім-бұл білім туралы білім, таным туралы білім және белгілі бір обьектіні өзгерту туралы білім, Сонымен қатар, педагогикалық практиканы үйренудің тәсілдері, эмпирикалық мәліметтер жиынтығы туралы, эмпирикалық мәліметтерден теориялық қорытындылауға дейінгі тәсілдер туралы, теорияны құру туралы, теориялық қағидаларды нақты әдістемелік нұсқау тіліне аудару туралы, сәйкес нұсқаулықты тәжірибеде қолдану әдістері туралы білім. Сондықтан, жоғары мектеп педагогикасының күрделі де маңызды бір мәселесі - студентті болашақ мамандығына оңтайландыру, оның кәсіптік біліктілігін дамыту, іскер және құзіретті маман дайындау. Мұндай маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажет. Оқу үдерісін белсенділендіру үшін тиянақты білім берудің жолдарын қарастыру, студенттердің шығармашылық ойлауына, ізденуіне мүмкіндік жасау қажет [5].

Орта мектептегі математика мұғалімдерінің және педагогикалық бағыттағы математика мамандығының бітіруші курс студенттерінің, магистранттарының әдіснамалық білімдер жүйесі деңгейін анықтау үшін ғылыми-зерттеу мақсаттарында жүргізілген сауалнама барысында олардың электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды пайдалануда әдіснамалық білімдер жүйесінің жеткіліксіздігі анықталды. Мұндай жеткіліксіздікті толықтыру үшін ЖОО да «Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану әдіснамасы» курсын ендіру ұсынылды. Аталған курс оқу үдерісіне тәжірибе ретінде оқытылды. «Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану әдіснамасы» курсы 3 кредиттен: 15 сағат лекция, 30 сағат практика, МӨЖ-45, ОМӨЖ-45 сағаттан тұрады.

Егер, орта мектепте электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға болашақ математика мұғалімінің әдіснамалық білімдер жүйесін қалыптастыра отырып, әдіснамалық дайындығын жетілдірсе, онда бұл жүйе математика мұғалімдерінің білім беру сапасын арттыра отырып, мектеп оқушыларының білімдерін тереңдетуге қолайлы жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. //Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. –Алматы: Юрист, 2010. -Б.21*
2. *Ш. Таубаева «Методология педагогики» , Алматы-2013*
3. *Рахымбек Д. Болашақ математика мұғалімін оқушылардың логика-методологиялық білімдерін жетілдіру жұмысына дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы, 1998ж*
4. *Ж.Ш. Ахметова Математика пәні мұғалімдерін дайындаудың өзекті мәселелері. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті хабаршысы журналы, Алматы, № 1 (37) 2012.-30б.*
5. *Ж.С. Абубакирова Болашақ мамандар дайындауда ғылыми таным әдістерін игеруіне ықпал ететін оқу-әрекетін ұйымдастыру мәселелері. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті хабаршысы журналы, Алматы, № 2 (37) 2013.-10б*

УДК 517.983.24
ГРНТИ 27.01.05

С.К. Абишева[1]

[1]*Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатика институтының магистранты, Алматы қ., Қазақстан*

ГИЛЬБЕРТ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТҮЙІНДЕС ОПЕРАТОРЛАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

Аңдатпа

Математиканың дербес бұтағы ретінде, функционалдық анализ XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында қаланды. Математиканың бұл саласының қалыптасуы мен дамуына С. Банах, Д. Гильберт, Ф. Рисс, С. Соболев және т. б. зор үлес қосты. Қазіргі математиканы функционалдық анализсіз түсіндіру мүмкін емес. Берілген мақалада функционалдық анализдің элементтері болып табылатын метрикалық кеңістік, нормаланған кеңістік, сызықтық кеңістік, функционалдар, түйіндес операторлардың маңызды қасиеттері дәлелденген және мысалдары келтірілген.

Мақаланың негізгі мақсаты: функционалдық анализдің анықтамаларын, теоремаларын қолданып, Гильберт кеңістігіндегі түйіндес оператордың қасиеттерін зерттеу.

Мақалада төмендегідей негізгі нәтижелер алынды:

- Түйіндес операторлардың қасиеттері толығымен дәлелденген.
- Гильберт кеңістігінде кейбір сызықтық операторларға оларға түйіндес операторлар табылған.

Алынған нәтижелер теориялық және практикалық жағынан маңызды. Өз-өзіне түйіндес операторлар теориясында, сызықтық-интегралдық теңдеулер теориясында қолданылады.

Қолданылған әдістер: түйіндес операторладың қасиеттерін дәлелдеуде функционалдық анализдің анықтамалары, негізгі теоремалары, математикалық анализдің аппараты қолданылды.

Түйін сөздер: Гильберт кеңістігі, Евклид кеңістігі, оператор, түйіндес операторлар, өзара түйіндес операторлар, дифференциал, скаляр.

Аннотация

С К. Абишева[1]
[1]*Магистрант по специальности «Математика» Института Математики, физики и информатики при КазНПУ имени Абая, г.Алматы, Казахстан*

СВОЙСТВА СОПРЯЖЁННЫХ ОПЕРАТОРОВ, ДЕЙСТВУЮЩИХ В ГИЛЬБЕРТОВЫХ ПРОСТРАНСТВАХ

В качестве самостоятельной отросли математики, функциональный анализ был сформирован в конце XVIII начале XIX века. В развитие и формирование этой отросли огромный вклад внесли такие математики, как С. Банах, Д. Гильберт, Ф. Рисс, С. Соболев и другие. В настоящее время математику невозможно объяснить без функционального анализа. В данной статье рассмотрены элементы функционального анализа метрические пространства, нормированные пространства, линейные пространства, функционалы, приведены примеры и доказаны свойства сопряжённых операторов.

Основная цель статьи: используя определение, теорем функционального анализа доказать свойство сопряжённого оператора в гильбертово пространства.

В статье, получены следующие основные результаты:

− Полностью доказаны свойства сопряжённых операторов.

− Для некоторых линейных операторов найдены сопряжённые операторы в гильбертовом пространстве.

Полученные результаты важны как теоретический, так и практический. Результаты можно использовать в теории самосопряжённых операторов, линейно-интегральных уравнениях.

Использованные методы при доказательстве свойства сопряжённых операторов: определение и важные теоремы функционального анализа, аппарат математического анализа.

Ключевые слова: Гильбертово пространство, евклидово пространство, оператор, сопряженный операторов, самосопряженный оператор, дифференциал, скаляр.

Abstract

PRO PERTIES OF ADJOINTS OPERATING IN HILBERT SPACES

Abisheva S.K.[1]
[1]*Student of Master Programme in Mathematics of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan*

As an independent branch of mathematics, functional analysis was formed at the end of the 18th century at the beginning of the 19th century. Such mathematicians as S. Banach, D. Hilbert, F. Riss, S. Sobolev and others made an enormous contribution to the development and formation of this branch. At the present time, mathematics can not be explained without functional analysis. In this paper we consider elements of functional analysis metric spaces, normed spaces, linear spaces, functionals, give examples and prove the properties of conjugate operators.

The main purpose of the paper is to use the definition of functional analysis theorems to prove the property of the adjoint operator in a Hilbert space.

In the article, the following main results were obtained:

- The properties of the adjoint operators are completely proved.
- For some linear operators conjugate operators are found in Hilbert space.

The results obtained are both theoretical and practical. The results can be used in the theory of self-adjoint operators, linear-integral equations.

The methods used in proving the property of conjugate operators: the definition and important theorems of functional analysis, the apparatus of mathematical analysis.

Key words: Hilbert space, Euclidean space, operator, adjoint operators, selfadjoint operator, differential, scalar.

Анықтама

R- Евклид кеңістігіндегі A шектелген сызықты операторы **өзара түйіндес** деп аталады, егер $A = A^*$, яғни $(Ax, y) = (x, Ay)$, барлық $x, y \in R$[1,C. 30].

Мысалдар.

Есеп 1. 2-ші ретті дифференциалдық оператор қарастырамыз.

$$A = \frac{d^2}{dt^2}; \quad A : C_2[0,\pi] \to C_2[0,\pi]$$

$$\mathcal{D}(A) = \{x(t): x(t) \in C^{(2)}[0,\pi], x(0) = x(\pi) = 0\},$$

$x(t)$ – екі рет үзіліссіз дифференциалданатын функция.

$C_2[0,\pi]$ кеңістігінде скалярлық көбейтінді:

$$(x,y)=\int_0^\pi x(t)y(t)dt$$

(Ax,y), $x,y\in\mathcal{D}(A)$

$$(Ax,y)=\int_0^\pi \frac{d^2x(t)}{dt^2}y(t)dt=\begin{vmatrix} u=y(t)\Rightarrow & du=y'(t)dt \\ \frac{d^2x(t)}{dt^2}dt=dv\Rightarrow v= & \frac{dx(t)}{dt}=x'(t)\end{vmatrix}=$$

$$=x'(t)y(t)\Big|_0^\pi-\int_0^\pi x'(t)y'(t)dt=-\int_0^\pi x'(t)y'(t)dt=$$

$$=\begin{vmatrix} u=y'(t)\Rightarrow du=y''(t)dt \\ x'(t)dt=dv\Rightarrow v=x(t)\end{vmatrix}=-\left(x(t)y'(t)\Big|_0^\pi-\int_0^\pi x(t)y''(t)dt\right)=$$

$$=\int_0^\pi x(t)\frac{d^2y(t)}{dt^2}dt=(x,Ay)$$

Сонымен $(Ax,y)=(x,Ay)$, онда A операторы $C_2[0,\pi]$ кеңістігінде өз-өзіне түйіндес оператор.

Есеп2. $A-$ сызықтық интегралдық оператор: $A:C_2[0,1]\to C_2[0,1]$.

$$Ax=\int_0^1 K(t,\tau)x(\tau)d\tau, \qquad x(t)\in C_2[0,1].$$

$K(t,\tau)$ $[0,1]\times[0,1]$ квадртта екі айнымалы бойынша үзіліссіз функция.

$$(Ax,y)=\int_0^1 (Ax)(t)y(t)dt=\int_0^1 y(t)\cdot\left(\int_0^1 K(t,\tau)x(\tau)d\tau\right)dt=$$

$$=\int_0^1 y(t)dt\cdot\int_0^1 K(t,\tau)y(t)dt=\int_0^1 x(\tau)d\tau\cdot\int_0^1 K(t,\tau)y(t)dt=$$

$$=\begin{vmatrix} t\sim\tau \\ \tau\sim t\end{vmatrix}=\int_0^1 x(t)\left(\int_0^1 K(\tau,t)y(\tau)d\tau\right)dt=(x,A^*y).$$

$$A^*y=\int_0^1 K(\tau,t)y(\tau)d\tau$$

A операторының ядросы $K(t,\tau)$. A^* операторының ядросы $K(\tau,t)$.

A операторы өз-өзіне түйіндес оператор болады, егер $A=A^*$, яғни $K(t,\tau)=K(\tau,t)$ болғанда.

Мысалы: 1) $K(t,\tau)=t\tau$

2) $K(t,\tau)=|t-\tau|^\alpha$, $\alpha\succ-1$.

Теорема. Егер А сызықтық оператор Гильберт кеңістігінде өз-өзіне түйіндес оператор болса, онда

$$\|A\|=\sup_{\|x\|\le1}|(Ax,x)| \qquad (1)$$

[2,С. 35]

Дәлелдеуі. $$\sup_{\|x\|\le 1}|(Ax,x)|=\alpha \tag{2}$$

деп белгілейміз. $\|A\|\ge\alpha$ болатынын дәлелдейік.

Коши-Буняковский теңсіздігін қолданып, (Ax,x) скалярлық көбейтіндінің модулін бағалаймыз:

$$|(Ax,x)|\le\|Ax\|\cdot\|x\|\le\|A\|\cdot\|x\|\cdot\|x\|\le\|A\|, \qquad \forall x:\|x\|_H\le 1.$$

Соңғы теңсіздікте супремумге көшсек аламыз:

$$\sup_{\|x\|\le 1}|(Ax,x)|\le\sup_{\|x\|\le 1}\|A\|\Rightarrow$$

$$\le\sup_{\|x\|\le 1}|(Ax,x)\le\|A\|.$$

Сонымен $$\alpha=\|A\|. \tag{3}$$

$\|A\|\le\alpha$ болатынын көрсетейік. $x\ne 0$ деп аламыз, келесі өрнекті қарастырамыз:

$$\frac{|(Ax,x)|}{\|x\|^2}=\left|\frac{1}{\|x\|}Ax,\frac{x}{\|x\|}\right|=\left|A\left(\frac{x}{\|x\|}\right),\frac{x}{\|x\|}\right|$$

$\left\|\frac{x}{\|x\|}\right\|=1$ болғандықтан,

$$\left|\left(A\left(\frac{x}{\|x\|}\right),\frac{x}{\|x\|}\right)\right|\le\sup_{\|x\|\le 1}|(Ax,x)|=\alpha$$

Сонымен

$$\frac{|(Ax,x)|}{\|x\|^2}\le\alpha\Rightarrow \quad |(Ax,x)|\le\alpha\|x\|^2, \quad (x\ne 0) \tag{4}$$

$\mathcal{J}_1=(A(x+y),x+y)$ A операторының сызықтық және өз-өзіне түйіндес екенін ескеріп, $\mathcal{J}_1$ скалярлық көбейтіндіні түрлендіреміз.

$$\mathcal{J}_1=(Ax+Ay,x+y)=(Ax,x)+(Ax,y)+(Ay,x)+(Ay,y)=$$
$$=(Ax,x)+(Ay,y)+(Ax,y)+(\overline{Ax,y})= \tag{5}$$

$$=(Ax,x)+(Ay,y)+2Re(Ax,y).$$

$$\mathcal{J}_2=(A(x-y),x-y)=(Ax-Ay,x-y)=(Ax,x)-(Ax,y)-(Ay,x)+(Ay,y)=$$

$$=(Ax,x)+(Ay,y)-[(Ax,y)+(\overline{Ax,y})]= \tag{6}$$

$$=(Ax,x)+(Ay,y)-2Re(Ax,y).$$

(5) және (6) өрнектерінен шығады:

$$\mathcal{J}_2=4Re(Ax,y)=(A(x+y),x+y)-(A(x-y),x-y)=$$

$$= 4|Re(Ax,y)| = |(A(x+y),x+y) - (A(x-y),x-y)| \leq$$

$$\leq |(A(x+y),x+y)| + |(A(x-y),x-y)|$$

(4)-теңсіздіктен

$$|(A(x-y),x+y)| \leq \alpha\|x+y\|^2$$

$$|(A(x+y),x-y)| \leq \alpha\|x-y\|^2$$

Онда

$$J_1 - J_2 \leq \alpha(\|x+y\|^2 + \|x-y\|^2) =$$

$$= 2(2\|x\|^2 + 2\|y\|^2) = 2\alpha(\|x\|^2 + \|y\|^2)$$

немесе

$$4|\mathrm{Re}(Ax,y)| \leq 2\alpha\left(\|x\|^2 + \|y\|^2\right) \tag{7}$$

(7) теңсіздікте $\|x\| = 1,\ \|y\| = 1$ болсын, онда

$$4|\mathrm{Re}(Ax,y)| \leq 4\alpha$$

немесе

$$|\mathrm{Re}(Ax,y)| \leq \alpha \tag{8}$$

$\left|\left(Ax, \frac{Ax}{\|Ax\|}\right)\right|$ есептейік.

$$\left|\left(Ax, \frac{Ax}{\|Ax\|}\right)\right| = \frac{1}{\|Ax\|}(Ax, Ax) = \frac{1}{\|Ax\|}\|Ax\|^2 = \|Ax\| \succ 0 \tag{9}$$

Онда

$$\left|\mathrm{Re}\left(Ax, \frac{Ax}{\|Ax\|}\right)\right| = \left|\begin{array}{l} y = \dfrac{Ax}{\|Ax\|} \Rightarrow \\ \|y\| = 1 \end{array}\right| = \|\mathrm{Re}(Ax,y)\| \cdot$$

(8) теңсіздікті қолдансақ

$$\left|\mathrm{Re}\left(Ax, \frac{Ax}{\|Ax\|}\right)\right| \leq \alpha$$

(9) теңдіктен

$$\left|\mathrm{Re}\left(Ax, \frac{Ax}{\|Ax\|}\right)\right| = \|Ax\|.$$

Сонымен

$$\|Ax\| \leq \alpha \Rightarrow \tag{10}$$

$$\sup_{\|x\|\leq 1}\|Ax\| \leq \sup_{\|x\|\leq 1}|Ax, x| \Rightarrow$$

$$\|A\| \leq \sup_{\|x\|\leq 1}|Ax, x| \tag{11}$$

(3) және (11) теңсіздіктерінен

$$\|A\| = \sup_{\|x\|\le 1}|(Ax, x)|.$$

Түйіндес операторлардың қасиеттеріне мысалдар.

Есеп 1. Е- Евклид кеңістігінде $A: E \to E$, $\forall x, y \in E$: $(Ax, y) = (x, A^* y)$ болсын.
Дәлелдеу керек: $(AB)^* = B^* \cdot A^*$.
Анықтама бойынша

$$(Ax, y) = (x, A^* y), \quad \forall x, y \in E$$

және

$$(Bx, y) = (x, B^* y), \quad \forall x, y \in E.$$

B операторының A операторына көбейтіндісін қарастырайық:

$$((AB)x, y) = (A(Bx), y) = (Bx, A^* y) = (x, B^*(A^* y)) = (x, B^* A^* y) \Rightarrow$$
$$((AB)x, y) = (x, B^* A^* y)$$

Онда

$$(AB)^* = B^* \cdot A^*.$$

Есеп 2. A^*, $\forall x, y \in E$ түйіндес оператордың анықтамасы бойынша :

$$(Ax, y) = (x, A^* y) \Rightarrow$$

$$(y, Ax) = (Ax, y) = (x, A^* y) = (A^* y, x) = (y, (A^*)^* x) \Rightarrow$$

$$(y, Ax) = (y, (A^*)^* x) \Rightarrow A = (A^*)^*$$

Сонымен $(A^*)^* = A$ дәлелденді.

Есеп 3. $\mathfrak{I}^* = \mathfrak{I}$, $\mathfrak{I}: E \to E$.

Анықтама бойынша:

$(\mathfrak{I}x, y) = (x, \mathfrak{I}^* y)$
Себебі $\mathfrak{I}x = x$

Онда $(x, y) = (x, \mathfrak{I}^* y)$
бірақ $y = \mathfrak{I}y$
Содан кейін $(x, \mathfrak{I}y) = (x, \mathfrak{I}^* y)$
$\mathfrak{I}y = \mathfrak{I}^* y$

- «әл-Фараби әлемі» атты ғылыми-практикалык семинарда баяндама жасау;
- «әл-Фараби әлемі» атты газет шығару;
- Кездесу; математика-информатика ғылымдарының майталман мамандары – атақты академик, профессорларымен кездесу;
- «әл-Фараби» атты веб сайт құру;
- әл-Фараби есептерін Geogebra ортасында шешуден олимпиада;
- әл-Фараби мұрасы мен математика, информатика пәндерінен алған білімдерін көрсету үшін топтар арасында интеллектуалдық сайыстар;
- викториналық сұрақтарға жауап беру;
- әртүрлі танымдық ойындар (ребус, сөзжұмбақтар) шешу;
- әл-Фараби есептеріне программалау тілдерінің бірінде программа құру;
- видео сұрақтарға жауап беру т.б. тапсырмалар орындайды.

Мұнда сыныптан тыс жұмыстардың келесі түрлері қарастырылған: кездесу, конференция, олимпиада, баспа ісі, сайыстар, факультативтік курс, үйірме.

«Әл-Фарабидің математикалық мұрасы – рухани құндылық!» атты сыныптан тыс жұмыс математика-информатика пәндерінің апталығында өтіп келеді. Бұл апталықта оқушылар жыл бойы тақырып бойынша жасаған жұмыстарына есеп береді. Бұл күнгі шара алдын ала жасалған программа бойынша өтеді.



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Министерство образования и науки Республики Казахстан
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления в городе Алматы
The Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan

Kazakh national pedagogical university named after Abai
Nazarbayev Intellectual School of Chemistry and Biology in Almaty

Бекітемін
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми ісі жөніндегі проректор
Косов В.Н.____________________

Бекітемін
Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің директоры
ФИО ____________________

«әл-Фарабидің математикалық мұрасы – рухани құндылық!»
Математика және информатика пәндерінің апталығы
(3-10 сәуір 2017 жыл)

«1-сәуір - Математиктер мен информатиктер күніне» арналған іс-шаралар

БАҒДАРЛАМАСЫ
10-сәуір 2017 жыл

Неделя дисциплин математики и информатики
«Математическое наследие аль-Фараби - духовная ценность!»
(3-10 апреля 2017 года)

ПРОГРАММА

мероприятий, посвященных «1 апреля – Дню математиков и информатиков»
10 апреля 2017 года

Week of Mathematics and Computer Science
«Mathematical heritage of al-Farabi - a spiritual value!»
(3-10 April 2017)

PROGRAM
of events dedicated to «1 April - Day of mathematicians and computer scientists»

10 April 2017

«ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ – РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ»
математика және информатика пәндерінің апталығы
(3-10 сәуір 2017 жыл)
«1-СӘУІР - МАТЕМАТИКТЕР МЕН ИНФОРМАТИКТЕР КҮНІ»

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ КОМИТЕТ

Төрағасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Информатика және білімді ақпараттандыру кафедрасының меңгерушісі профессор **Бидайбеков Есен Ықласұлы**
Төрайымы: Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің директоры **Мукеева Гульмира Бакытбековна**

Хатшысы:
ИБА кафедрасының 3-курс докторанты **Умбетбаев Қайрат Усенбаевич**
2-курс докторанты **Салгожа Индира Тойшыбекқызы**

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

Абай атындағы ҚазҰПУ-дан: Информатика және білімді ақпараттандыру кафедрасының меңгерушісі, профессор Бидайбеков Е.Ы., кафедра оқытушылары: Камалова Г.Б., Сағымбаева А.Е., Бостанов Б.Ғ., Джанабердиева С.А., Конева С.Н., Шармұханбет С.Р.; докторанттар: Умбетбаев Қ.У., Салгожа И.Т., Байдрахманова Г., Аққасынова Ж., Абишев Н.Қ., Өкілхан Н.Ш., Жақсылықов Ө., Ревшенова М., Нұрадхан Г., Тұрашова Ш. және магистранттар.

Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінен: мектеп директоры - Мукеева Г.Б., директордың орынбасарлары - Ниязов Д.Т., Сәмбаева С.К., Дильманова З.Б., әдіскер - Сәбепбаева Б.Л, пән мұғалімдері – Мырсыдықов Е.Т., Телеген М., Абенов К.М., Камина Г.С., Асет Н., Исмаилов Е.У., Есмаханова Г.К., Джолдасова А.К., Жұмабаева З.Ж., Маккамбай Ф.Р., Кошалаков К.Н., Мейірбек М.Е., Алимбаев А.А., Садыков Н.Ж., Мергенбаева М.К., Сқақова Ө.А., Таукебаева Г.О., Джургабаев С.Е., Мұстақыш А.Қ., Жалынбеков Н.Н., Душаев С.Б., Цой Н.В., Әбілдашев Б.Н., Сағындықұлы З., Халиева А.В., Қамбекұлы А., Шакин Я., Амангай Б., Мұқанова М.А., Закарианова А.З., Рамазанова Г.Р., Дособолов Н.М.

ШАРАНЫҢ ЖҰМЫС РЕТІ

10.00 – 10.30 Қонақтарды тіркеу (Алматы қаласындағы химия- биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Наурызбай ауданы, Қалқаман-2 шағын ауд., Елібаев көшесі, 2, Мектептің фойесі)

10.30 – 11.30 «әл Фарабидің математикалық мұрасы – рухани құндылық» атты математика және информатика пәндерінің апталығында (3-10 сәуір, 2017 жыл) «1-сәуір Математиктер мен информатиктер күніне» орай ұйымдастырылып отырған мерекелік шараның ашылуы (мектептің акт залы).

Жүргізушілер: 5В010900-математика мамандығының 2-курс студенті **Абесов Нұрлан Нұржанұлы** *және 9 С сынып оқушысы* Ерке

11.00–12.30 «Әл-Фарабидің математикалық мұрасы және заманауи математикалық-информатикалық білім беруде» атты ғылыми-әдістемелік семинар (мектептің акт залы).

№	Баяндамашылар	Баяндама тақырыбы	жетекшісі
1	**Салгожа Индира Тойшыбекқызы** 2-курс 6D011100-информатика мамандығының докторанты	әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша ұйымдастырылатын сыныптан тыс жұмыстар жайлы	Медеуов Есенгелді Өміржанович Бостанов Бектас Ғаниұлы
2	**Тұрашова Шұғыла** 1-курс 6М011100-информатика мамандығының магистранты	Әл-Фарабидің геометриялық фигуралары бойынша халықаралық мега сабақ	Бидайбеков Есен Ықласұлы
3	**Сәбепбаева Бибінұр** Математика пәнінің мұғалімі	Әл-Фарабидің математикалық мұраларының математиканы оқытудағы маңызы	
4	**Құрмамбай Аружан** 9 сынып оқушысы	Алгебраның негізгі теоремасы жайлы сұрақ	Мырсыдықов Ерлес
5	**Тлеубек Аружан** 9 сынып оқушысы	Гаусстың дұрыс 17 бұрышты салу алгоритмі	Мырсыдықов Ерлес
6	**Нұрғазы Томирис** 9 сынып оқушысы	Трисекция мәселесі және оның дұрыс көпбұрыштар салудағы қолданысы	Сәбепбаева Бибінұр
7	**Ғабдықалиев Адилет** 9 сынып оқушысы	Шеңбердің квадратурасы туралы мәселе	Мырсыдықов Ерлес

Өткізілетін орны: Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Жұмыс тілдері: қазақша, орысша, ағылшынша
Регламент:
Отырыстың басталуы — 11.00
Баяндамаға берілетін уақыт — 7 мин.
Талқылау — 3 мин.
Отырыстың аяқталуы – 12.30
Жауаптылар: Бостанов Б.Ғ., Мырсыдықов Е.Н., Сәбепбаева Б.

12.30 - 13.00 Қонақтарды мектеппен таныстыру, экскурсия
13.00 - 14.00 Түскі үзіліс

14.00 - 15.30 «GeoGebra ортасында әл-Фараби есептерін шешу» атты оқушылар арасында олимпиада (конференц зал).
Жауаптылар: Умбетбаев Қ.У., Мырсыдықов Е.Н., Тұрашова Ш.
Әділқазылар алқасы:
Төрағасы: Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, **Өтелбаев Мұхтарбай Өтелбайұлы**
Орынбасары: Физика- математика ғылымдарының докторы, профессор, **Тоқыбетов Жаңұзақ Әбдіқұлұлы**
Мүшелері: Нұрғазы Томирис, АбылаевТемірлан
Хатшысы: Амантай Балнбек

14.00 - 15.30 Оқушылар арасында зияткерлік сайыс (акт залы).
Жауаптылар: Салгожа И.Т., Ниязов Д.Т., Сәбепбаева Бибінұр, Нұрадхан Г.
Әділқазылар алқасы:
Төрағасы: Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, **Қалимолдаев Мақсат Нұрәділұлы**

Орынбасары: Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Шыныбеков
Мүшелері: Исмаилов Е.У., Қапарова Қ.У.
Хатшысы: Мергенбаева М.Қ.
16.00 - 16.30 Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі (акт залы).
Жауаптылар: Нұрадхан Г., Тұрашова Ш., Жарқынова Ж., Сарсенов А.

Сурет 1. «Әл-Фарабидің математикалық мұрасы – рухани құндылық» атты сыныптан тыс жұмысты өткізу программасы

«Әл-Фарабидің математикалық мұрасы – рухани құндылық» атты сыныптан тыс жұмысы негізгі үш бөлімнен тұрады: «*Әл-Фарабидің математикалық мұрасы және заманауи математикалық-информатикалық білім беруде*» атты ғылыми-әдістемелік семинар; «*Дарындылар додасы*» интеллектуалдық сайысы; «GeoGebra ортасында әл-Фараби есептерін шешу» атты оқушылар арасында олимпиада.

Бұл шараға математика, информатика ғылымдарының майталман мамандары қонаққа шақырылды: Өтелбаев Мұхтарбай Өтелбайұлы, Ауданбекұлы Нұржан Көбесов, Қалимолдаев Мақсат Нұрәділұлы, Бектемесов Мақтағали Әбдімәжитұлы, Дженалиев Мувашархан Танабайұлы, Джумабаев Дулат Сыздықбекұлы, Ақыш Әбдіғали Шойынбайұлы, Шыныбеков Абдухали Насырович, Дюсенбаев Ануар Ермуханұлы, Білəл Шерəлі, Кангужин Балтабек Есматұлы, Мухамбетжанов Салтанбек Талапеденович, Асанова Анар Тұрмағанбетқызы, Мамырбаев Өркен Жұмажанұлы, Біргебаев Ахтай Біргебайұлы, Хамраев Шерипидин Итахунұлы, Бекпатшаев Мұрат Жүсіпəліұлы, Сыдықов Бақыт Диханбайұлы,Медеуов Есенгелді Өміржанұлы, Шуақаев Марат Қапезұлы, Камалова Гульдина Большевиккызы, Сағымбаева Айнұр Есенғазықызы, Бостанов Бектас Ғаниұлы, Конева Светлана Николаевна, Шолпанбаев Бақыткерей Бақтұрұлы, Шармұханбет Салтанат Русланқызы, Ошанова Нұржамал Тұрашқызы.

Келген қонақтар өз кезегінде әл-Фарабидің математикалық мұрасы туралы, қазіргі ғылым жетістіктері туралы өздерінің ой-пікірлерімен бөлісіп, оқушыларды өз елінің патриоты болуға, білімді, қоғам талабына сай, бәсекелестікке қабілетті болуға ұмтылу қажеттігін т.б. оқу мен тәрбие туралы ойларымен бөлісті. Оқушыларға мұндай кездесулер, өз елінің ғалымдарымен танысу ұнайды. Мұндай кездесулер арқылы оқушылардың мамандық таңдауына көмектеіп, кездесуге келген ғалымдар секілді болуға ұмтылып, ғылымға деген қызығушылықтары оянады.

Одан әрі, *«Әл-Фарабидің математикалық мұрасы және заманауи математикалық-информатикалық білім беруде»* атты ғылыми-әдістемелік семинар жалғасын тапты. Ғылыми-әдістемелік семинарда жасалынған баяндамалар:

Кесте 1

№	Баяндамашылар	Бандама тақырыбы	жетекшісі
1	*Сәлғожа Индира Тойшыбекқызы* 2-курс 6D011100-информатика мамандығының докторанты	әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша ұйымдастырылатын сыныптан тыс жұмыстар жайлы	Медеуов Есенгелді Өміржанович Бостанов Бектас Ғаниұлы
2	*Тұрашова Шұғыла* 1-курс 6М011100-информатика мамандығының магистранты	Әл-Фарабидің геометриялық фигуралары бойынша халықаралық мега сабақ	Бидайбеков Есен Ықласұлы Ошанова Нұржамал
3	*Себепбаева Бибінұр* Математика пәнінің мұғалімі	Әл-Фарабидің математикалық мұраларының математиканы оқытудағы маңызы	
4	*Құрмамбай Аружан* 9 сынып оқушысы	Алгебраның негізгі теоремасы жайлы сұрақ	Мырсыдықов Ерлес
5	*Тлеубек Аружан* 9 сынып оқушысы	Гаустың дұрыс 17 бұрышты салу алгоритмі	Мырсыдықов Ерлес
6	*Нұрғазы Томирис* 9 сынып оқушысы	Трисекция мәселесі және оның дұрыс көпбұрыштар салудағы қолданысы	Себепбаева Бибінұр
7	*Габдыкалиев Адилет* 9 сынып оқушысы	Шеңбердің квадратурасы туралы мәселе	Мырсыдықов Ерлес

«GeoGebra ортасында әл-Фараби есептерін шешу» атты оқушылар арасында олимпиада мектептің конференц залында өтті.

Жауаптылар: Үмбетбаев Қ.Ү., Мырсыдықов Е.Н., Тұрашова Ш.

Әділқазылар алқасы:

Төрағасы: Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Өтелбаев Мұхтарбай Өтелбайұлы

Орынбасары: Физика-математика ғылымдарының докторы, профессорДженалиев Мувашархан Танабайұлы

Мүшелері: Нұрғазы Томирис, АбылаевТемірлан

Хатшысы: Әсет Насихат

Оқушылар арасында «*Дарындылар додасы*» интеллектуалдық сайысы мектептің акт залында өтті.

Жауаптылар: Сәлғожа И.Т., Ниязов Д.Т., Себепбаева Б., Нұрмұхан Г.

Әділқазылар алқасы:

Төрағасы: Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қалимолдаев Мақсат Нұраділұлы

Орынбасары: Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Біләл Шерәлі

Мүшелері: Исмаилов Е.У., Қапарова Қ.У.

Хатшысы: Мергенбаева М.Қ.

16.00 - 16.30 Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі (акт залы).

Жауаптылар: Нұрмұхан Г., Тұрашова Ш., Жаркинова Ж., Сарсенов А.

Сыныптан тыс жұмыстарда әртүрлі сайыстарды ұйымдастыру оқушыларды ұжымда жұмыс жасай алуға, бәсекелестікке қабілетті бола алуға үйретеді.

«ДАРЫНДЫЛАР ДОДАСЫ» интеллектуалдық сайысының сценариі

Сайысқа мектептің 9 сынып оқушыларынан құралған екі топ қатысты.

1-топ «Фараби»

2-топ «Отырар»

Зияткерлер сайысына қатысқан екі топ 8 бөлім бойынша додаға түседі:

1-бөлім. «Тарихтан тағылым» әл-Фараби өмірі мен еңбектеріне шолу;

2-бөлім. «Ғалымның хаты өлмейді» синквейн жазу /үш тілде/;

3-бөлім. «X&Y» математикалық лото ойыны;

4-бөлім. «Миға шабуыл» логикалық тапсырмалар;

5-бөлім. «Білім пирамидасы»сайысы;

6-бөлім.«әл Фараби және математика» үй тапсырмасы;

7-бөлім. «Фарабише ойлан!»топтық жұмыс;

8-бөлім. «Данамен тілдесу» шығармашылық жұмыс.

1-бөлім. «Тарихтан тағылым» әл-Фараби өмірі мен еңбектеріне шолу.

«Тарихтан тағылым» деп аталатын бұл бөлімде сіздер экрандағы суреттерді басшылыққа ала отырып әл-Фарабидің өмірі мен еңбектеріне қысқаша шолу жасау. «Біз үшін қалған мұра......» ойды аяқтап, өз қорытындыларын беруДайындалуға 5 минут уақыт беріледі. Сайыстың бұл бөлімінде берілетін ең жоғарғы ұпай - 5 ұпай.

/оқушылар 5 минут дайындалады/

Біздің сайысымыздың 2-бөлімі «Ғалымның хаты өлмейді» деген тақырыпта үш тілде синквейн жазу. Дайындалуға берілетін уақыт - 3 минут. Берілетін ең жоғарғы ұпай – 5 ұпай.

Сайыстың 3-кезеңі «X&Y» математикалық лото ойыны.

Сайыскерлердің назарына ұсынылып тұрған шаршыларға «Математика», «Информатика» және «әл-Фараби» тақырыптары бойынша сұрақтар жасырынған. Сайыстың алдыңғы бөлімдері бойынша ең жоғары ұпай жинаған топ осы тақырыптар бойынша қалаған сұрақты таңдау мүмкіндігін иеленеді. Келесі таңдау кезегі екінші топқа беріледі. Егер сұраққа дұрыс жауап берсеңіздер, сол сұрақтың орынына өз белгілеріңізді қоясыздар. Егер жауаптарыңыз қате болса, келесі топтың белгісі қойылады. Егер тік, көлденең және диагональ бойымен бірдей белгілер шығатын болса, онда сол топ жеңіске жатады де, қалған тапсырмаларды екінші топ орындап шығады, бірақ олардың жинаған ұпайлары есептелмейді.

Әрбір дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады.

Айтылуында қанша әріп болса, сонша цифрдан құралған екі санды атаңыз

/Топтар берілген тапсырмалар аяқталғанға дейін ойнайды. Тапсырмалар:

Математика

1. Айтылуында қанша әріп болса, сонша цифрдан құралған екі санды атаңыздар. Жауабы: 100, 1000000 /жүз, миллион/

2. 1-ден 100-ге дейінгі сандар арасында қанша 9 цифры кездеседі? /20/

Информатика.

1. Ақпаратты кері кодтау қалай аталады?

*Жауабы:***Декодтау**

2. Ең алғаш программа жасаған әйел ғалым кім?

*Жауабы:***Августа Ада Лавлейс**

3. Бірмезгілде қатар басылған осы екі перне терезені жабады

*Жауабы:***ALT+F4**

Әл Фараби.

1. Әл-Фарабиді Аристотельден кейінгі екінші ұстаз деп атайды. Себебі?

Жауабы: Көп тілдерді жетік білген әл-Фараби Аристотель шығармаларына араб тілінде түсіндірме жазып, өзінің бірінші ұстазға деген ғылым саласындағы үлкен адамгершілік, азаматтық, іс-әрекетін таныта білген. Сондықтан да шығыс философтары оны "Ал муаллим ас-сани"— екінші ұстаз деп атаған.

2. Бұрышты теңдей үш бөлікке бөлуге бола ма?

Жауабы: Болады. Тек қана циркуль мен сызғыштың көмегімен сала алмаймыз. Ал, осыларға қосымша басқа құралдардың (мысалы, сағат цифрблатының көмегімен, қосымша сызғыш, оригами және т.б.) көмегімен бөлуге болады.

3. Әл-Фараби математиканы неше тарауға бөлді? /7 тарау: арифметика, геометрия, оптика, астраномия, музыка, статика, механика/

Сайыстың 4- бөлімі – «Миға шабуыл» деп аталады.

Экранда сандар қатары көрсетілген. Осы қатардың жасалу заңдылығын анықтап, келесі жолды жазыңыздар. Ойлануға 5 минут уақыт беріледі.

Толық, дұрыс жауап 5 ұпаймен бағаланады. Әділқазы алқасының шешімімен толық емес жауаптың идеялары да бағаланады.

Сайыстың 5-бөлімі«Білім пирамидасы» деп аталады.

Бұл бөлім «әл-Фараби», «Ғалымдар», «Информатика» атты бөлімдер бойынша сұрақтардан тұрады.

Бұл сайысты ұпай саны аз топ бастайды. Сұрақтарға топ мүшелері кезектесе отырып жауап береді. Егер жауап қате болса, осы сұраққа келесі топ жауап береді. Әрбір дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады.



Сіз білім пирамидасын тұрғызу үшін:
1. Үш түрлі ұяшық берілген сол ұяшықтың бірін таңдаңыз;
2. Таңдаған ұяшықта сұрақтар берілген;
3. Ұяшықтағы сұрақтарға дұрыс жауап берсеңіз бір иероглифты ұяшық ашылып отырады ;
4. Жауап дұрыс болмаған жағдайда сұраққа қайта жауап беруге болады;
5.Сіз бүкіл сұраққа жауап беріп Білім пирамидасын тұрғызасыз.

☑ Варианттары бар сұрақтар(тест);
✍ Жазбаша сұрақтар;
👁 Сурет бойынша сұрақтар.



№1 Циркуль мен сызғыштың көмегімен дұрыс жетібұрышты жуықтап салған кім?

№2 Жүйелік блоктың "миы"?
П*О***С**

№2 Жүйелік блоктың "миы"?
П*О***С**

Жауап дұрыс! Келесі сұрақ





№3 Әл-Фараби соңғы зерттеу жұмыстарымен қай қалада айналысты?

A) Бұхара
B) Иран
C) Дамаск
D) Хама

Сайыстың келесі бөлімі –«әл Фараби және математика» үй тапсырмасын тексеру;

«әл Фараби және математика» деген тақырыппен веббеттер, презентациялар дайындау тапсырылған болатын. Берілетін ең жоғарғы ұпай - 5 ұпай. Таныстыруға берілетін уақыт 3 минут.

1-топ үй тапсырмасын таныстырып өтеді

2-топ үй тапсырмасын таныстырып өтеді

Сайыстың 7-ші кезеңінде зияткерлер әл Фарабидің есептерінің бірін шығару арқылы сайысқа түседі. Экранда «сегіз шаршыдан бір шаршы құрастыру» есебінің шығарылу жолы көрсетіледі. Мұнда, алдымен сегіз шаршыдан екі шаршы құрайды, содан соң осы шаршыларды дигональ бойымен екі бөлікке бөліп, бір шаршы құрайды.



Берілетін тапсырма: ұсынылып отырған өзара тең 13 шаршыдан бір шаршы құрастыру. Ол үшін қайшы және сызғышты ғана қолдана алады. Тапсырманы орындауға 5 минут уақыт беріледі. Дұрыс орындалған тапсырма 5 ұпаймен бағаланады.

/Ойыншыларға екі топқа қызыл және көк түсті 13 шаршышаршылар, қайшылар, сызғыштар беріледі. Топ мүшелері бірігіп жұмыс жасайды/.

Сайыстың ақтық 8-бөлімінде «Данамен тілдесу» деп аталады. Бұл шығармашылық бөлімде біздің сайыскерлеріміздің бірі әл-Фарабиден өсиет хат алса, екіншісі әл-Фарабиге хат жазады.

Тапсырманы орындауға 5 минут уақыт беріледі.

Әділқазылар алқасы сайыстың әр кезеңіндегі топтардың бағаларын «Бағалау парағына» белгілеп отырды. Әр сайысқа берілген уақытта көрермендермен ойындар ұйымдастырылды, мектеп өнерпаздарының өнерін тамашалады.

Кесте 2. Бағалау парағы

Топ	Сайыс бөлімдері								Жалпы ұпай
	1-бөлім	2-бөлім	3-бөлім	4-бөлім	5-бөлім	6-бөлім	7-бөлім	8-бөлім	
	«Тарихтан тағылым» әл-Фараби өмірі мен еңбектеріне шолу	«Ғалымның хаты өлмейді» синквейн жазу /үш тілде/	«X&Y» математикалық лото ойыны	«Миға шабуыл» логикалық тапсырмалар	«Білім пирамидасы» сайысы	«әл Фараби және математика» үй тапсырмасы	«Фарабише ойлан!» топтық жұмыс	«Данамен тілдесу» шығармашылық жұмыс	
	5 ұпай	5 ұпай	1 сұрақ-1 ұпай	5 ұпай	1 сұрақ-1 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	56
1-топ									
2-топ									

Ал, әл-Фарабидің математикалық мұраларымен таныстырып, есептерін оқушыларға шештіру оқушылардың пәнге деген қызығушылын арттырып, білімдерін шыңдауға, информатика-математика пәндерінен алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуге үйретеді, яғни ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастыру мүмкіндігі мол [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Педагогика. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті-дәрістер. Алматы-2008

2 Малев В.В. Общая методика преподавания информатики. Воронеж. 2005 г. 270 с.

3 Бидайбеков Е.Ы., Камалова Г.Б., Бостанов Б.Г., Умбетбаев К.У., Салгожа И.Т. Об организации и проведении внеклассного мероприятия по информатике «Математическое наследие аль-Фараби – духовная ценность» // Современные информационные технологии и ИТ-образование. - Москва, 2016. - № 1. – Т.12. - С. 147-159.

4 Бидайбеков Е.Ы., Камалова Г.Б., Бостанов Б.Г., Умбетбаев К.У., Салгожа И.Т., Торебекова Р.К. Формирование ИКТ - компетенции во внеклассной работе математическому наследию аль-Фараби // Материалы I Международной научно-практической конференции «Информатизация образования и методика электронного обучения - 2016». - Красноярск, 2016. - С.172-176.

УДК 517.958:534
ГРНТИ 27.35.16

Gusmanova F.R.[1], Tyulepberdinova G.A.[2], Gaziz G.G.[3], Adilzhanova S.A.[4]

[1,2] Cand.Sci. (Phys.-Math), Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[3,4] Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

INVERSE ACOUSTIC PROBLEM AND DIFFERENCE METOD OF SOLVING

Abstract

This article discusses the non-linear one-dimensional inverse problem of acoustics. In acoustics for inverse problems meant the restoration of sound sources or performance irregularities, scattering the primary field, by measuring the primary or scattered acoustic field. The goal is to find the acoustic stiffness. The object of the study are acoustic stiffness - factor in the equation of acoustics, of the rate of convergence of approximate solutions to the exact gradient methods. To solve the problem of the finite difference method is applied. To analyze the results, usually we consider a discrete system of equations and that digital operator for the inverse problem of acoustics, but in this case we consider the inverse problem of acoustic equivalent in finite-difference form. Showing algorithms for solution of the problem and the results of the calculation.

Key words: algorithm, inverse problem, acoustics, stiffness, nonlinear, finite difference method, the results of the calculation.

Аңдатпа

Ф.Р. Гусманова[1] , Г.А. Тулепбердинова[2], Г.Г. Газиз[3], С.А.Адильжанова[4]

АЙЫРЫМДЫҚ ӘДІС ЖӘНЕ АКУСТИКАНЫҢ КЕРІ ЕСЕБІНІҢ ШЕШІМІ

[1,2] ф.-м.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[3,4] аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Бұл мақалада акустиканың бір өлшемді кері есебі қарастырылған. Акустикады кері есебі ретінде бастапқы дыбысты қалпына келтіру немесе бастапқы акустикалық өріс өлшемі негізінде бастапқы өрістің шашырауының біртекті емес мінездемесі түсіндіріледі. Акустикалық тығыздықты табу мақсатында есептеулер жүргізілген. Есептің шешімін табу үшін ақырлы айырымдар әдісі пайдаланылды. Сандық есептеулер нәтижесінде алынған қорытынды мәлімет көрсетілген. Зерттеу нысаны ретінде акустикалық тығыздықты аламыз, яғни акустика теңдеуіндегі коэффициентті, ол тура градиенттік әдістер шешіміне жуықтайтын жинақтылық жылдамдығының бағалауы. Есепті шешу үшін ақырлы айырымдар әдісін пайдаланамыз. Шешімдерге талдау жасау үшін теңдеудің дискретті жүйесін және оған сәйкес акустиканың кері есебі үшін дискретті оператор қарастыратын болсақ, бұл мақалада ақырлы айырымдық түрдегі акустиканың кері есебіне эквивалентті есепті қарастыратын боламыз. Есептеу алгоритмі және нәтижелеріне талдау жасалып көрсетілген.

Кілттік сөздер: алгоритм, кері есеп, акустика, тығыздық, сызықты емес, ақырлы айырымдар әдісі, сандық есептеу.

Аннотация

Ф.Р. Гусманова[1] *, Г.А. Тулепбердинова*[2]*, Г.Г. Газиз*[3]*, С.А.Адильжанова*[4]
[1,2] *к.ф.м.н., доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан*
[3,4] *старший преподаватель Казахского национального университета им. аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан*

РАЗНОСТНЫЙ МЕТОД И РЕШЕНИЕ ОБРАТНОЙ ЗАДАЧИ АКУСТИКИ

В этой статье рассматривается нелинейная одномерная обратная задача акустики. В акустике под обратными задачами понимается восстановление источников звука или характеристик неоднородностей, рассеивающих первичное поле, на основе измерения первичного или рассеянного акустического поля. Цель состоит в том, чтобы найти акустическую жесткость. Объектом исследования является акустическая жесткость - коэффициент в уравнении акустики, оценки скорости сходимости приближенных решений к точным градиентным методам. Для решения задачи применен метод конечной разности. Для анализа результатов, обычно рассматриваем дискретную систему уравнений и соответствующий дискретный оператор для обратной задачи акустики, а в данном случае рассмотрим эквивалентную обратную задачу акустики, в конечно-разностном виде. Показаны алгоритмы решения задачи и результаты вычислений.

Ключевые слова: алгоритм, обратная задача, акустика, жесткость, нелинейная, метод конечной разности, результаты вычислении.

1. Statement of the problem

One-dimensional inverse acoustic problem is considered [1]

$$u_{tt} = u_{xx} - 2\frac{s'(x)}{s(x)}u_x, \quad t > x > 0, \qquad u_{tt} = u_{xx} - 2\frac{\sigma'(x)}{\sigma(x)}u_x, \quad x > 0, t > 0, \tag{1}$$

$$u_{x|x=0} = 0, \quad t > 0, \qquad u|_{t<0} \equiv 0, \quad x > 0, \tag{2}$$

$$u(x,x+0) = s(x), \quad x > 0, \qquad u_x(+0,t) = \gamma\delta(t), \quad t > 0, \tag{3}$$

$$u_{|x=+0} = g(t), \quad t > 0, \qquad u(+0,t) = g(t), \quad t > 0. \tag{4}$$

Where $\sigma(x) > 0, x > 0, \sigma \in H^1[0,\infty)$. The aim is to find the solution to the direct problem (1)-(3) $u(x,t)$ and the acoustic impedance $\sigma(x)$ given the additional information [2].

It is known [3], that the soltion to the direct problem (1)-(3) is represented in as next

$$u(x,t) = s(x)\theta(t-x) + \tilde{u}(x,t), \tag{5}$$

Where $\tilde{u}(x,t)$ - is continuous for $x \geq 0$ and sufficiently smooth for $t > x > 0$ function,

$s(x) = -\gamma\sqrt{\sigma(x)/\sigma(+0)}$, θ - is Heaviside function.

Substitute (3) in the system (1)-(4), we recieve the following equivalent inverse problem $u(x,t)$ and $s(x)$

$$u_{tt} = u_{xx} - 2\frac{s'(x)}{s(x)}u_x, \quad t > x > 0, \qquad u_{tt} = u_{xx} - 2\frac{s'(x)}{s(x)}u_x, \quad t > x > 0 \tag{6}$$

$$u_{x|x=0} = 0, \quad t > 0, \qquad u_x|_{x=0} = 0, \quad t > 0, \tag{7}$$

$$u(x,x+0) = s(x), \quad x > 0, \qquad u(x,x+0) = s(x), \quad x > 0, \tag{8}$$

$$u_{|x=+0} = g(t), \quad t > 0, \qquad u|_{x=+0} = g(t), \quad t > 0. \tag{9}$$

2. Finite difference scheme for solving to the problem

Let $l>0$ be the «depth» of our interval for x. We consider the grid $x=ih, \quad t=kh$, where $i=\overline{1,N}, \quad k=\overline{1,2N-i}, \quad N=l/h.$

The finite difference approximation for the equation (6) is as follows [4]

$$\frac{(u_i^{k+1}-2u_i^k+u_i^{k-1}}{h^2}=\frac{(u_{i+1}^k-2u_i^k+u_{i-1}^k}{h^2}-2\frac{(s_{i+1}-s_{i-1})}{h(s_{i+1}-s_{i-1})}\cdot\frac{s_{i+1}^k-s_{i-1}^k}{2h}, \tag{14}$$

whence we have for u_{i+1}^k

$$u_{i+1}^k=\frac{(u_i^{k+1}+2u_i^{k-1})(s_{i+1}+s_{i-1})-2u_{i-1}^k s_{i+1}}{2s_{i-1}} \tag{11}$$

The finite difference approximation for the boundary condition (7) [5] is as follows

$$u_1^k=u_0^k+h\frac{\partial u}{\partial x}\bigg|_{x=0}+\frac{h^2}{2}\frac{\partial^2 u}{\partial x^2}\bigg|_{x=0}+0(h^3)$$

$$=u_0^k+\frac{h^2}{2}\left(\frac{u_0^{k+1}-2u_0^k+u_0^{k-1}}{h^2}+2\frac{s'(0)}{s(0)}\frac{\partial u}{\partial x}\bigg|_{x=0}\right)+0(h^3)=\frac{u_0^{k+1}+u_0^{k-1}}{2}+0(h^3).$$

Thus all functions under consideration are supposed sufficiently smooth the inverse problem (6)-(9) has the foolowing finite difference approximation [6]

$$u_{i+1}^k=\frac{\left(u_i^{k+1}+u_i^{k-1}\right)\left(s_{i+1}+s_{i-1}\right)-2u_{i-1}^k s_{i+1}}{2s_{i-1}} \tag{12}$$

$$u_1^k=\frac{{u_0}^{k+1}+{u_0}^{k-1}}{2}, \tag{13}$$

$$u_i^i=s_i, \tag{14}$$

$$u_0^k=g^k. \tag{15}$$

Substituting $k=i+1$ in (12) and taking into account (14), we receive the expression for unknown function

$$s_{i+1}=s_{i-1}\frac{u_i^{i+2}-s_i}{2s_{i-1}-s_i-u_i^{i+1}+2u_{i-1}^{i+1}}. \tag{16}$$

We calculate our scheme from the boundary $i=0$ in the line of characteristic as may be seen in Fig.1. Firstly we calculate s_0, then known the value of u_0^2, calculate s_1. Next calculating in the line of characteristic from u_0^4, we define s_2 and etc.



Figure 1. Return problem



Figure 2. Direct problem

Algorithm of solving the discrete problem is:

1. Calculate by formula (15) the value of $s_0 = u_0^0 = g_0$..
2. Calculate s_1:

(a) By formula (15) obtain the value of $u_0^2 = g_2$;

(b) By formula (13) obtain the value of $s_1 = u_1^1 = \frac{u_0^2 + u_0^0}{2}$.

3. Calculate s_2:

(a) By formula (15) obtain the value of $u_0^4 = g_4$;

(b) By formula (13) obtain the value of $u_1^3 = \frac{u_0^4 + u_0^2}{2}$;

(c) By formula (16) obtain the value of s_2;

4. Calculate s_3:

(a) By formula (15) obtain the value of $u_0^6 = g_6$;

(b) By formula (13) obtain the value of $u_1^5 = \frac{u_0^6 + u_0^4}{2}$;

(c) By formula (12) obtain the value of u_2^4;

(d) By formula (16) obtain the value of s_3;

5. Similarly calculate $s_i, i = \overline{4, N}$:

(a) By formula (15) obtain the value of $u_0^{2i} = g_{2i}$;

(b) By formula (13) obtain the value of $u_1^{2i-1} = \frac{u_0^{2i} + u_0^{2i-2}}{2}$;

By formula (12) obtain in the line of the characteristic the values of

(a) function $u_2^{2i-2}, ..., u_{i-1}^{i+1}$;

(b) by formula (16) obtain the value of s_i.

3. Numerical experiment

To illustrate the work of our algorithm for solving to the inverse problem we solve the direct problem with an exact function $s(x)$, then take the trace of the solution for $x=0$, ther by we define the additional information function $g(t)$.

The scheme of solving the direct problem is as follows:

$$u_{i+1}^{k}=\frac{2u_{i+1}^{k}s_{i-1}+2u_{i-1}^{k}s_{i+1}}{s_{i+1}+s_{i-1}}-u_{i}^{k-1}, \tag{17}$$

$$u_{0}^{k+1}=2u_{1}^{k}-u_{0}^{k-1}, \tag{18}$$

$$u_{i}^{i}=s_{i}, \tag{19}$$

$$u_{0}^{k}=g_{k}. \tag{20}$$

Here calculating in the line of characteristic define g_i, given (Fig.2).

Below we describe numerical experiments for various functions s_i.

3.1. Piecewise constant function $s(x)$, noise parameter $\varepsilon \approx 0.002$

We take the parameters $N=200,\quad l=1,\quad h=l/N=0.005,$ Using the scheme (17)-(20) we solve the direct problem with function [7]

$$s(x)=\begin{cases}-1, & \text{если} \quad 0\le x<0.25;\\ -2, & \text{если} \quad 0{,}25\le x<0.5;\\ -3, & \text{если} \quad 0.5\le x<0.75;\\ -0.5, & \text{если} \quad 0.75\le x\le 1,\end{cases}$$

thus define the function g(t). Adding a random error the function g(t) is as may be seen in (Fig.3).



Figure 3: $\|\tilde{g}-g\| \approx 0.003$



Figure 4: $\|\tilde{s}-s\| \cong 0.02$

Then using the scheme of solving the inverse problem (12)-(15), we obtain the function s(x). In Fig.4 are shown the exact and calculated functions s(x).

3.2. Piecewise constant function s(x), noise parameter

For parameters N=200, l=1, h=l/N=0.005, $\varepsilon \approx 0.01$, with function s(x) given by (21) numerical results are may be seen in Fig.5,6.



Figure 5: $\left\|\tilde{g} - g\right\| \cong 0.01$



Figure 6: $\left\|\tilde{s} - s\right\| \approx 0.42$

References

1 Kabanikhin S.I., Bektemesov M.A., Nurseitova A.T. Iteration methods of solving inverse and ill-posed problems with data on part of boundaru. - Almaty: International fond of inverse problems, 2006 (in russian).

2 Romanov V.G. Inverse problems in differencial equations. - Novosibirsk: NSU, 1973 (in russian).

3 Kabanikhin S.I., Satybaev A.D., Shishlenin M.A. Direct methods of solving multidimensional inverse hyperbolic problems. //VSP, the Netherlands. -2004.

4 Samarsky A.A. Introduction of theory of difference schemas. -Moscow: Nauka, 1971 (in russian).

5 Тюлепбердинова Г.А. Аппроксимация метода итераций Ландвебера для сеточного уравнения акустики //Вестник КазНПУ им. Абая. Алматы - 2011. Т. 35, №3.- С.156-159. - Серия «Физико-математические науки».

6 Тюлепбердинова Г.А. Вывод дискретного аналога сопряженного оператора для обратной задачи акустики. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер сериясы. – Алматы, 2014. - № 1. - С. 50-56 б.

7 Tyulepberdinova G.A. Difference metod of solving ID inverse acoustic problem // Bulletin KazNPU series of "physical and mathematical sciences» №3 (39) 2012.- pp 146-150. - Series "Physics and mathematics".

ӘӨЖ 373.1.013
ҒТАМР 14.25.09

А.Ө. Даулетқұлова[1], А.Қ. Бекболғанова[2], М. Слямова[3]

[1]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің математика кафедрасының қауымдастырылған проф.м.а., п.ғ.к. Алматы қ., Қазақстан
[2]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің математика кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. Алматы қ., Қазақстан
[3]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің математика кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӨНДІРІСТІК МАЗМҰНДАҒЫ ЕСЕПТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Андатпа

Мақалада мектеп жағдайында қалыптасатын функционалдық дағды мәселесі қарастырылған. Бүгінгі таңда тұлғаның шығармашылық тұрғыда ойлай алуы және қалыптан тыс шешімдер қабылдай білуі, кәсіби жолын таңдай алуы, сонымен бірге өмір бойы білімін дамытуы оның басты функцияналдық сапасы болып табылады. Жоғарыда айтылған сапалық қасиеттердің барлығы негізінде мектеп қабырғасында қалыптастырылады. Функционалды сауаттылықты құраушыларының бірі – ол оқушылардың математикалық сауаттылығы болып табылады. Математикалық сауаттылық дегеніміз - ол адамның өмірдегі математиканың орнын таба білуі, яғни бізді қошаған ортадағы математиканың ролін анықтай алуы, негізделген математикалық тұжырымдарды білуі және математиканы қазіргі кезде және болашақта да орынды қолдануы болып табылады. Сонымен бірге мақалада дидактикалық талаптар мен өндірістік есептер және математикалық сауаттылық түсініктері анықталған.

Түйін сөздер: математикалық сауттылық, өндірістік есептер, білім, мектеп, дидактикалық талаптар, тұлға, қажеттілік.

Аннотация

А.У.Даулеткулова[1]*, А.К.Бекболганова*[2]*, М. Слямова*[3]
[1]*К.п.н., и.о.ассоц.проф.кафедры метататики Казахского государственного женского педагогического университета г.Алматы, Казахстан*
[2]*К.п.н., ст.преп.кафедры метататики Казахского государственного женского педагогического университета г.Алматы, Казахстан*
[3]*М.п.н., ст.преп.кафедры метататики Казахского государственного женского педагогического университета г.Алматы, Казахстан*

ДИДАКТИЧЕСКИЕ ТРЕБОВАНИЯ ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ЗАДАЧ ПРИ ФОРМИРОВАНИИ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

В статье рассматриваются функциональные навыки, которые формируются в условиях школы. На сегодняшний день главными функциональными качествами личности являются инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, умение выбирать профессиональный путь, готовность обучаться в течение всей жизни. Все данные качества формируются в школе. Одной из составляющей функциональной грамотности – это математическая грамотность учащихся. Математическая грамотность – это способность человека определять и понимать роль математики в мире, в котором он живёт, высказывать обоснованные математические суждения и использовать математику так, чтобы удовлетворять в настоящем и будущем потребности, присущие созидательному, заинтересованному и мыслящему гражданину. В статье отражены такие понятия, как дидактические требования, производственные задачи и математическая грамотность.

Ключевые слова: математическая грамотность, производственные задачи, образование, школа, дидактические требование, личность, потребность.

Abstract

DIDACTICAL REQUIREMENTS OF PRODUCTION OBJECTIVES IN FORMING THE FUNCTIONAL MATHEMATICAL LITERACY OF STUDENTS

Dauletkulova A.U.[1]*, Bekbolganova A.K.*[2]*, Slyamova M.*[3]
[1]*Cand. Sci.(Pedagogical), Associate Professor of the Department of Mathematics Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*
[2] *Cand. Sci.(Pedagogical), Senior Lecturer of the Department of Mathematics Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*
[3]*Senior lecturer of the Department of Mathematics Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

The article deals with the functional skills that are formed in the conditions of the school. To date, the main functional qualities of the individual are initiative, the ability to think creatively and find non-standard solutions, the ability to choose a professional path, the willingness to learn throughout life. All the given qualities are formed in the school. One of the leaving functional literacy is the mathematical literacy of students. Mathematical literacy is the ability of a person to define and understand the role of mathematics in the world in which he lives, to express sound mathematical judgments and to use mathematics in order to satisfy in the present and the future the needs inherent in a creative, interested and thinking citizen. The article reflects such concepts as didactic requirements, production tasks and mathematical literacy.

Key words: mathematical literacy, production problems, education, school, teaching requirement, personality, need.

Жалпы мектепте оқытудың мәселелеріне арналған ғылыми – педагогикалық әдебиеттерде оқушыларды дамытуға арналған өндірістік мазмұндағы есептердің орны мен мәні туралы кеңінен жеткілікті және тиянақты қарастырылған.

Орта мектепке қатысты еңбектерді талдау, мысалы В.И. Борячинский [1], Г.Д. Глейзер [2], А.М. Колдашев [3], А.С. Фомченко [4] және т.б. ғалымдардың осы оқу орындарында оқытудың әртүрлі аспектілеріне қатысты зерттеулерін талдау, дидактикалық мәселенің жеткіліксіз зерделенгендігін куәлендіреді.

Осыған байланысты бірінші кезеңде жаппай мектепке осы сала бойынша қалыптасқан тәжірбиеге сүйене отырып, орта мектеп оқушыларын оқытуда өндірістік мазмұндағы есептерді қолдану мәселесін зерттеу қажет. Атап айтқанда, бұл кезде біз, орта мектепте математиканы оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың ерекшеліктерін басты назарда ұстаймыз.

Біз зерттеу барысында оқытуда өндірістік мазмұндағы есептерді қолдану мәселесіне қатысты әртүрлі сұрақтарды қарастыратын көптеген еңберге талдау жүргіздік.

Сонымен, кейбір авторлар (Жунусов Е.Ж., Избештский И.Л., Колдашев А.М., Рудник Р.С., Садыков И.М. және т.б.), мұндай есептерді құрастыру мен қолдану оқушылардың болашақта еңбек жасайтын кәсіпорындарына және өндірістік үдерістерді оқып – үйрену негізінде жүзеге асырылуы тиіс деп есептейд деп есептейді.

М.С. Гельфанд пікірі бойынша, өндірістік мазмұндағы математикалық есептер мына негізгі талаптарды қанағаттандыруы қажет:

1) техникалық мазмұн тұрғысында оқушыларға қолжетімді, ыңғайлы болуы;

2) қазіргі заманғы техника мен технология жетістіктерінің көрініс табуы;

3) математикалық тұрғыда нақты, түсінікті (өрнектелген) тұжырымдалған болуы;

4) өндірістік жағдайларда немесе адамдардың күнделікті өмірінде қолданылатын әдістерін шешуге болатындай есептер.

Мұндай талаптар заңды, бірақ біздің көзқарасымыз бойынша неғұрлым жалпылама берілген, сондықтан сәйкесінше есептерді таңдау барысында тиімділігі аз болады.

Сонымен, мысалы И.М. Садыков [5] атап көрсеткендей, қолданбалы сипаттағы есептерді оқу материалын жақсы есте сақтау үшін, бекіту мақсатында өткенді қайталау барысында қолдану неғұрлым пайдалы болып табылады. Өндірістік мазмұндағы есептерді шешу әдістемесі В.М. Розентуллер [6] еңбегінде нақтырақ қарастырылады. Өмірлік – практикалық есептер мазмұнына талдау жасай отырып, автор оларды шешу нәтижесінде оқушылар кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық іс-әрекетінің экономикалық заңдылықтарын түсінуге алып келеді, деп атап көрсетеді. Автордың ұсынған есептерінің мысалдарын шешу үшін, яғни тікелей өндірістік іс-әрекетке қатысты есептеулерді орындауда да синустар, косинустар, тангенстер мен котангенстердің натурал мәндерінің кестесін қолдану талап етіледі, бұл өте маңызды.

Қорытынды ретінде В.М. Розентуллер [6] былайша нақтылайды, мұндай есептерді шешу арқылы оқушы нақты мысалдар арқылы тригонометриялық функциялардың көмегімен берілген мәндері бойынша бұрыштарды салу туралы түсінік алады. В.М.Розентуллер оқушылардың өздері ұсынған қолданбалы есептердің мазмұнына талдау жүргізеді және оларды өндірістік іс-әрекеттің жекелген үдерістерін ой елегінен өткізудегі орнын сипаттайды. Бұл жұмыстың кемішілігі ретінде мынаны айтамыз, яғни автордың атап көрсетпегені мыналар: өндірістік есептердің мазмұны математикалық нақты теориялық курспен қалайша байланыстырылады? Қандай есептерді барлық оқушыларға ұсынуға болады? Қандай есептерді орта мектептің жекелеген оқушыларына ұсынуға болатындығы нақты атап көрсетілмеген. Сондай-ақ, біз техникалық мазмұндағы есептермен танысу жолдарына, қолданбалы есептерді шешуге сызбаларды пайдалану туралы нұсқауларды кездестірмедік.

Жалпы алғанда, өндірістік мазмұндағы есептерді шешуде математика қосымшаларын қолдануға арналған еңбектермен танысу, бұл жерде әлі де болса шешілмеген бірқатар мәселелердің бар екендігін куәлендіреді. Әсіресе бұл математиканы оқытуды оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытумен байланыстыру формаларын анықтауға қатысты болып отыр.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау көрсеткендей өндірістік мазмұндағы есептерді қолданудың маңыздылығы мен тиімділігі оқушылардың өзіндік жұмыстарынан іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру құралы болып табылады, оны барлығы мойындайды. Бұл түсінікті де. Мұндай есептер құрылымына еңбектің математикалық ұстанымдарының компоненттерімен қатар, өндірістің құралдары туралы материалдарды, оқушылардың кәсіптік нақты іс-әрекеттерін қамтиды. Бұл математика мен өндірістің байланыстарының сипатын анықтайтын ұғымдардың көлемі мен мазмұнын неғұрлым терең және толық ашуды қамтамасыз етеді. Шындығында, мектеп оқушыларын математикаға оқытуда өндірістік мазмұндағы есептерді қолдану, оқытудың маңызды дидактикалық ұстанымдарының бірі – теорияның практикамен, өндірістік еңбекпен байланысына жауап береді.

Математиканы оқытуды оқушылардың өндірістік еңбегімен байланыстырудың мәнділігі мынада, болашақта олар математиканың жүйесін бірізді оқып-үйрену жағдайында, біріншіден, еңбекті математикалық заңдылықтарды тану құралы ретінде пайдаланады, екішіден, өндірістік еңбекке қатыса отырып өндірістің ғылыми негіздері туралы түсінік қалыптастырудағы математиканың маңыздылығына көз жеткізеді, математикалық білімдерді қолдану дағдыларын меңгереді.

Республиканың алдыңғы қатарлы мектептердегі жұмыс тәжірибелерімен танысу көрсеткендей, математиканы оқытуды қазіргі заманғы техника мен технология негіздерімен мақсатты түрде байланыстыру іске асырылса, онда оқыту үдерісі анағұрлым қарқынды болады, математикалық білімнің сапасы артады; политехникалық және кәсіптік – техникалық дайындық неғұрлым өнімді жүзеге асырылады.

Оқушылардың фунционалдық сауаттылығы сапалы басқа негізде қалыптасады; оқушылардың болашақтағы еңбегі анағұрлым мазмұнды және сапалы болады.

Математиканы оқытуды оқушылардың болашақ өндірістік еңбегімен өндірістік мазмұндағы есептер арқылы бұлайша байланыстыру есептерді тақырыптық таңдауды алдын-ала анықталады, орта мектептер орналасқан аймақтардың экономикалық бағытын қатаң ескеруді ұйғарады.

Мұғалім әртүрлі құралдардан сәйкесінше есептерді таңдау барысында немесе оларды өзі құрастырғанда сабақ жоспарлары мен бағдарламада ұсынылған негізгі математикалық мазмұнды есептің техникалық жағы өзгертпейтіндей дидактикалық талаптарды басшылыққа алуға міндетті болады.

Әдебиеттерді, алдыңғы қатарлы мұғалімдердің еңбек тәжірибесін талдау негізінде, эксперименттің қорытынды нәтижелерін педагогикалық негіздеу арқылы біз өндірістік мазмұндағы есептерге қойылатын талаптарды анықтадық. Біздің ойымызша есептердің мазмұнында төмендегі мәселелер қарастырылуы қажет:

- нақты техникалық немесе технологиялық фактілермен таныстыру;
- өндірісте орын алған жағдайларды енгізу;
- өндірістік еңбектің сапасын жақсарту бойынша ұсыныстарды енгізу;
- экономикалық есептерді ендіру;
- нақты фактілер мен сандарды қолданудағы ықшамдылық, таныс емес терминдердің санын саналы түрде мөлшерлеу;
- өндірістік ақпарат пен математикалық талаптардың ұтымды үйлесуі;
- шарттардың программалық материалмен логикалық байланысы;
- бағдарламада көрсетілген математикалық ұғымдар мен заңдылықтардың оқып-үйренген жүйесін бекіту және қолдану;
- техникалық құралдарды қолдану қажеттілігін қажет ететін есептеулер бөлімін күшейту;
- математика бойынша бағдарлама міндеттеріне, оқытудың дидактикалық мақсаттарына жауап беретін бірізділік.

Оқушылар өндірістік мазмұндағы есептерді мақсатты түрде қолдану жағдайында:

- танымның диалектикалық әдісінің талаптарына сүйене отырып, оларды өзара байланыста қарастыру іскерлігін игереді; ол соңғы мезетте оқушылардың фунционалдық математикалық сауаттылығының дамуына ықпал жасайды.
- сәйкесінше жаратылыстану-математикалық заңдылықтарды түсінуге алып келеді, оларды күнделікті өмірде қолдануға үйренеді, өздерінің математикадан теориялық білімдерін байытады;
- математикалық ұғымдардың көлемін және мазмұнын тереңірек және толығырақ ой елегінен өткізеді;
- кәсіпті меңгеру үшін математикалық білімнің қажеттілігіне практикалық тұрғыда көз жеткізеді;
- білімдерін жұмыспен өтейді, дамытады және есептеу техникасы саласынан практикалық дағдыларды игереді, әртүрлі есептеу құралдарын, мысалы, микрокалькуляторды қолдану іскерліктерін қалыптастырады.

Оқу іс-әрекетінде өндірістік материалдарды қолдану нәтижесінде оқушыларды заттар мен құбылыстардың маңызды белгілері мен қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру үдерісі елеулі (қарқынға) белсенділікке ие болады.

Алғашқы білімдер, бізге белгілі болғандай, жаңа байланыстардың пайда болуы арқылы игеріледі. Дегенмен, олар көбінесе тұрақсыз болады, олардың бекуі үшін елеулі еңбектену талап етіледі. Білімдерді бекітудің жалпыға белгілі формасы оқып-білген материалды қосымша өңдеусіз қайта жаңғырту болып табылады.

Оқып-білген оқу материалдарды бекіту бойынша жұмыстардың нәтижелілігі, психологтар дәлелдеп бергендей, тек қана оның мазмұндылығымен байланысты болып қалмастан, оқып-үйренетін материалдың танымдық қызығушылығымен және оқушылардың білімді игеруіне түрткі болатын немесе керісінше қызығушылықтарын сөндіретін бекіту тәсілдерімен жүзеге асырылады.

Өндірістік мазмұндағы есептер, біздің көзқарасымыз бойынша, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын дамыту және сүйемелдеудің, яғни математикалық білімдерді игерудің тиімді тәсілі болып табылады. Бақылау айғақтағандай, оқушылар күнделікті іс-әрекеттерімен байланысты мазмұндағы есептерді шешуге ерекше көңіл бөледі, себебі мұнда олар таныс техникалық және өндірістік терминдерімен іс-амалдар орындауына тура келеді. Бұл көптеген зерттеулермен де нақтылана түседі. Өндірістік мазмұндағы есептер қандай да бір басымдыққа ие бөлім ретінде ерекшеленбестен, мектеп математикасы есептерінің жалпы жүйесіне логикалық тұрғыда енуі тиіс. Оларды математикаға оқытудың барлық кезеңдерінде – түсіндіру барысында, материалдарды бекітуде, өткен тақырыптарды ағымдық және қорытынды қайталауда, өзіндік жұмыстар мен бақылау жұмыстарында белсенді түрде қолдану қажет.

Оқушылар үшін өндірістік мазмұндағы есептер – күнделікті өмірде математикалық білімдерді қолдану бойынша өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастырудың маңызды құралы. Біздің зерттеу жұмысымызда, оқушылардың алған математикалық білімдерін нақты жағдайларда қолдану бойынша дербестігінің деңгейін тексеру мақсатында біз өндірістік мазмұндағы есептерді математикадан бақылау жұмыстарына кеңінен өткердік. Бұл бір жағынан, өндірістік мазмұндағы есептерді шешу бойынша өзіндік жұмысты орындау барысында оқушылардың қызығушылығын арттыруға ықпал жасайды, ал екіншіден – өндірістік іс-әрекетте математикалық білімдердердің маңыздылығына дәлел ретінде қызмет етті.

Жаңа білімдерді игеру үдерісін қарқындату мақсатында біз, математика курсының барлық тақырыптары бойынша материалдарды мазмұндауға кірісе отырып, оқушылардың назарын мынаған аудардық, яғни қарастырылатын математикалық ұғымдар келешекте кез-келген есепті, соның ішінді өндірістік мазмұндағы есептерді де шешуде қажет болатын білімдердің негізі болып табылады. Оқу бағдарламасында қарастырылған математикалық курстарды оқып-білуді аяқтап болған соң біз, окушылар болашақта еңбек жасайтын кәсіпорындардығы өндірістік үдерістер технологиясы бойынша матемтикалық шығарма жазуды, еңбек өнімділігін және шығарылатын өнімнің сапасын арттыру, шикізатты үнемдеу және т.б. бойынша ұсыныстар ескерілген есептерді құрастыруды кеңінен қолға алдық.

Өндірістік мазмұндағы есептер кезең-кезеңмен шығарылады. Бірінші, дайындық кезеңінде есептің шарттары мен талаптары ұғындырылады, жады жүйесіне қажетті ақпаратты іздеу жүзеге асырылады, есептің шарттары мен нәтижесінің игерілген білім және тәжірибемен арақатынасы анықталады және тағы басқа. Есепті белгілі тәжірибеге икемдеу мүмкіндігі іздестіріледі, шешу стратегиясы анықталады, шешімді іздеу жүргізіледі, оның ұтымдылығы негізделеді, шешу схема түрінде жоспарланады, шешу үшін қажетті ережелерге, формулаларға, заңдылықтарға және т.б. талдау жүргізіледі.

Екінші кезеңде шешу жоспары практика жүзінде іске асырылады, шешім тексеріледі және жазбаша түрде нәтиже бекітіледі.

Үшінші кезеңде есепті шешудің соңғы нәтижесі, ерекше және дербес жағдайлары зерттелінеді, маңыздылары айқындалады, жаңа білімдер мен тәжірбелер бір жүйеге келтіреді және т.б. Осы айтылғандар мынаны нақтылай түседі, яғни өндірістік мазмұндағы есептерді шешуге кез-келген математикалық есепке қойылатын талаптар қойылады, дегенімен кейбір ерекшеліктер байқалады, ол математиканы өндірістік жағдайда колданумен және математикалық білімдердің өзгертілгеніне қойылатын талаптардың маңыздылығымен байланысты болып отыр. Өндірістік мазмұндағы математикалық мәтіндік есептер кезең-кезеңмен шешіледі. В.В. Фирсов осыған байланысты зерттеуінде келесі пікір айтады: «Кез-келген практикалық есепте математиканы қолдану үрдісі, - деп жазады ол, - табиғи түрде үш кезеңге бөлінеді: оның біріншісі шешулі тиіс ахуалдан, осы ахуалдың формальді математикалық моделіне – нақты қойылған математикалық есепке өту кезеңі – формальдау кезеңі болып табылады.

Қойылған математикалық есепті, осы түрдегі есептер үшін математиканың өзінде кемелденген әдістермен шешу, екінші кезеңнің мазмұнын – есепті құрылған математикалық модельдің ішінде шешу кезеңін құрайды.

Сонымен, үшінші кезең математикалық есептің алынған шешімін талдауға, бұл шешімді бастапқы ахуалға қолдану және оны салыстырып қарауға тіреледі» [7, б.224]. Өндірістік мазмұндағы есептерді жүйелеуге қойылатын негізгі талаптар оқыту жүйелігінің дидактикалық ұстанымынан келіп шығады.

Өндірістік мазмұндағы есептердің жинақтылығына біз белгілі бір педагогикалық талаптар қойдық, оның мәні келесіден тұрады.

- Бұл есптердің жинақтылығы басқа оқу есептері кешенімен бірлікте жеткілікті болуы қажет, яғни математикалық дамудың қажетті деңгейін қамтамасыз етуі және келешектегі өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға мүмкіндік беруі тиіс;
- Есептер жүйесі болашаққа бағытталуы тиіс, яғни оларды шешу үдерісінде оқушылар танымдық іс-әрекеттің неғұрлым жоғары деңгейін көрсетуіне мүмкіндік қамтамасыз етуі тиіс, (алдымен репродуктивті, сонан соң зерттеушілік, соңында шығармашылық);
- Есептер жүйесі спецификалық болуы тиіс, яғни оқушылардың әртүрлі кәсіби құрамын ескерген болуы қажет.

Бұл талаптар мағынасы бойынша, жоғарыда айтылған талаптармен қатар оқу үдерісінде біз қолданып жүрген практикалық мазмұндағы есептердің жүйелігін қамтамасыз етеді.

Ұсынылып отырған мақалада көпжақты жазықтықпен қиғандағы қиманы салу қарастырлады. Көпжақты жазықтықпен қиғандағы қиманы салу дегеніміз ізделінді қима мен көпжақтың жақтарының қиылысу түзулерін, демек, көпжақтағы іздерді салу. Қима жазықтық бір түзуде жатпайтын үш нүкте; түзу және одан тыс жатқан нүкте; қиылысатын екі түзу арқылы; аталып өтілген геометриялық элементтер мен көпжақтың жақтары, қырлары, диагоналдарымен арасындағы байланыстармен сипатталып анықталады. Көпжақтарды жазықтықпен қиғандағы қиманы дұрыс салу - оқушылардың кеңістікке деген түсінігін және кеңістікке деген көзқарасын арттыратыны аталып өтілді. Берілген үшбұрыштың, параллелограмның кескіні кез келген үшбұрыш және параллелограмм. Тетраэдрдің кескіні кез келген дөңес немесе дөңес емес диагональдары жүргізілген кез келген төртбұрыш.

Түйін сөздер: кеңістіктегі фигуралардың кескіні, ізі, ізделінді қима, сәйкестік, қиманың ізі, жатады, фигуралардың қиылысуы және бірігуі.

Аннотация

Ж. Нұрпейіс[1], Ұ. Көшербаева[2], Ж. Таласбаева[3]

[1,2,3] Казахский национальный университет им.аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

ИЗОБРАЖЕНИЕ ПРОСТРАНСТВЕННЫХ ФИГУР В КУРСЕ ГЕОМЕТРИИ

В данной статье рассматривается построение плоских сечений многогранников плоскостями. Построить сечение многогранника плоскостью – это значит построить прямые, являющиеся следами пересечения граней многогранника данной плоскостью. Секущая плоскость определяется следующим образом: тремя точками, которые не лежат на одной прямой; прямой и точкой, не лежащей на ней; двумя непересекающимися прямыми, некоторыми из указанных геометрических элементов с различными зависимостями гранями, ребрами, диагоналями многогранника. Использованы параллельность, перпендикулярностьзадание величин двугранных углов, изображением данных треугольника и параллелограмма служат любой треугольники любой параллелограмм. Изображением тетраэдра служить произвольный выпуклый или невыпуклый четырехугольник с проведенными в нем диагоналями.

Ключевые слова: изображение пространственных фигур, след, сечение, соответствие, след сечения, принадлежит, объединение, пересечение фигур.

Abstract

IMAGE OF SPATIAL FIGURES IN THE GEOMETRY COURSE

Nurpeis Zh. [1], Kosherbayeva U.[2], Nalaspayeva Zh.[3]

[1] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The construction of flat cross-sections of polyhedron by planes are considered in this arcticle. Construct a cross-section of a polyhedron by a plane is the means constructing lines that are traces of the intersection of facets of a polyhedron by a given plane. The cutting plane is defined as follows: by three points that do not lie on one straight line; a straight line and a point not lying on it; two non-intersecting lines, some of these geometric elements with different dependencies of facets, edges, diagonals of the polyhedron. Parallelism, perpendicularity of dihedral angles are used, triangles of any parallelogram serve as an image of these triangles and a parallelogram. The image of a tetrahedron is an arbitrary convex or nonconvex quadrangle with diagonals carried in it.

Key words: image of spatial figures, trace, section, correspondence, trace of a section, belongs, union, intersection of figures.

Мектептің «Геометрия» оқулығымен танысқаннан кейін кейбір материалдардың оқушыларға көптеген қиындық туғызатынын байқау қиын емес. Мұндай тақырыптардың бірі - оныншы сыныптағы кеңістіктіктегі көпжақтардың жазық қималарын салу. Жазық фигуралардың кескінін салуда айтарлықтай қиындық кездесе қоймайды, салынған кескін не түпнұсқасының көшірмесі, не берілген фигураға ұқсас фигура болады. Біз негізінен көпжақтардың жазық қималарын салу теориясына тоқталып өтеміз. Мектептегі оқулықта жиындар теориясының белгілері қолданылмайды, бірақ «Мектептегі математика» журналында бұл белгілеулерді қолдануға болатыны атап өтілген. Осы себепті мұғалімдерге ұсынылатын көмекші мақалада $\in$,$\cup$, $\cap$ (жатады, бірігеді, қиылысады) белгілерін қолданамыз.

Көпжақтарды жазықтықпен қиғандағы қиманы дұрыс салу - оқушылардың кеңістік деген түсінігін және кеңістікке деген көзқарасын арттырады. Қиманы салу әдісіне үйретпестен қажет жазықтықтардың төмендегідей орналасуларына назар аударған жөн:

а) Егер α және β жазықтықтары d түзуі бойынша қиылысса, ал γ жазықтығы α, β жазықтарын сәйкесінше a және b түзулері бойынша қиып өтсе, онда a және b түзулері не d түзуіне параллель, не d түзуінде жататын нүкте бойынша қияды (1,2 суреттер).

ә) Егер α және β жазықтары параллель , ал γ жазықтығы бұл жазықтықтарды сәйкесінше a мен b түзулері бойынша қиып өтсе, онда a және b түзулері өзара параллель болады (3 сурет).

Қима жазықтықты әдетте а) бір түзудің бойында жатпайтын үш нүкте бойынша; ә) түзу және осы түзуден тысқары жатқан нүкте бойынша; б) қиылыспайтын екі түзу бойынша салу талап етіледі.



Сурет 1



Сурет 2



Сурет 3

Қиманы салуда «сәйкестік» және «қиманың ізін» салу әдісін қолданамыз. Сәйкестік әдісте ізделінді қима мен көпжақтың табанына ортақ нүктені саламыз, ал қиманың ізін салуда ізделінді қима мен көпжақтың жағына ортақ түзу - «ізді» саламыз. Осы айтылғандарға сүйене отырып, кескіндеу әдісінің, демек, көпжақтардың қималарын салудың төмендегідей тізбегін негізге алуға болады:

1. Ізделінді қима мен көпжақтың жақтарымен қиылысатын түзулерді тауып салу.
2. Жазықтықтардың қиылысу сызығын тауып салу үшін екі жазықтыққа ортақ екі нүктені тауып, осы екі нүкте бойынша қиылысу сызығын жүргізу.
3. Түзу мен жазықтықтың қиылысу нүктесін табу үшін берілген түзумен қиылысатын жазықтықтағы белгілі бір түзуді көрсету.

Мектеп бағдарламасында кескіндеу әдісіне уақыт аз берілгендіктен, кескіндеу әдістерінің көптеген есептерін факультативтік немесе қосымша сабақтарда тиянақты шығарып көрсетуге болады.

Оқулықтан мына есепті қарастырайық :

1-мысал. Бүйір жақтары квадраттар болатын алты бұрышты дұрыс призманың төменгі табанының қабырғасы мен жоғарғы табанының оған қарсы жатқан қабырғасы арқылы жазықтық жүргізіңдер.

Шығарылуы. Төменгі табанның (АВ) қабырғасы және жоғарғы табанның $(E_1 D_1)$ қабырғасынан өтетін қима жазықтық салу керек.



Сурет 4

Ізделінді қима мен (DCC_1D_1) жағының қиылысу түзуін табамыз. Бұл ізделінді түзудің D_1 нүктесі белгілі. Екінші нүкте ($ABCD$) және (DCC_1D_1) жазықтықтарының қиылысу түзуінде жатады. Демек, $DG = (ABCDEF) \cap (DCC_1D_1)$. Ізделінді қима ($ABE_1D_1$) қырлары арқылы өтеді, олай болса

$D_1G = (ABD_1E_1) \cap (DCC_1D_1)$, ал D_1G түзуі CC_1 қырын M нүктесінде қияды:

$M = (D_1G) \cap (CC_1)$. Осы сияқты N нүктесін табамыз: $N = (ABD_1\,E_1) \cap (FF_1)$. Демек , ізделінді қима - $ABMD_1\,E_1\,NA$. Осы салуларды математикалық терминмен жазайық:

1. $(CD) \cap (AB) = G$; 2. $(D_1G) \cap (CC_1) = M$; 3. $(AB) \cap (EF) = K$;

4. $(E_1\,K) \cap (FF_1) = N$; 5. ($ABMD_1\,E_1\,NA$) - ізделінді қима.

2-мысал. Кубтың қиылыспайтын қырларында жататын P,Q,R нүктелері арқылы өтетін кубтың қимасын салыңдар.

Шығарылуы.

1. R нүктесінен AD қабырғасына перпендикуляр түсіріп, қиылысу нүктесін E әрпімен белгілейміз (5-сурет).

2. R, Q нүктелері яғни RQ түзуі ізделінді қимаға тиісті , ал EC түзуі ABCD жазықтығында жатыр, олай болса $F = (EC) \cap (RQ)$ нүктесі ізделінді қимаға және ABCD жағына тиісті.

3. F,P нүктелері әрі қимаға, әрі ABCD жағына тиісті, олай болса FP түзуі ABCD табанындағы қиманың ізі болады.

4. Қимадағы PF және AD түзулерінің қиылысуы $G = (PF) \cap (AD)$ нүктесін саламыз, сонда G нүктесі ізделінді қимаға және (ADD_1A_1) жағымен анықталатын жазықтыққа тиісті .

5. $(RG) \cap (AA_1) = H$, $(RG) \cap (DD_1) = M$ нүктелерін саламыз.

6. M нүктесі әрі ізделінді қимаға, әрі (DCC_1D_1) жағымен анықталатын жазықтыққа тиісті .

7. $(MQ) \cap (D_1C_1) = N$ нүктесін салып, ізделінді (PKQNRH) қимасын табамыз.



Сурет 5

3-мысал. ABCDE төртбұрышты пирамидасында $P \in (AE)$, $Q \in (BE)$, $R \in (CE)$ нүктелерінен өтетін жазық қиманы салыңдар.

Шығарылуы. Ізделінді қима жазықтықты α арқылы белгілейік.

1. P, Q нүктелері (ABE) жағында жататын болғандықтан PQ түзуі (ABE) жағындағы қиманың ізі болады.

2. AB є(ABE), PQєα болғандықтан (AB) ∩ (PQ)=M нүктесі α қимаға да, (ABE(жағына да тиісті.

3. (QR)∩(BC)=N нүктесін саламыз, сонда Nєα, Nє (BCE), олай болса MN түзуі α қимасының ABCD табанындағы ізі болады.

4. MN түзуі мен AD,DC қырларының қиылысу L және K нүктелерін тауып, (PQRKLP)-ізделінді қимасын саламыз.



Сурет 6

4-мысал. Төртбұрышты пирамиданың бүйір жақтарында жататын M , N нүктелері және бүйір қырында жататын P нүктесі берілген. Осы нүктелерден өтетін жазықтық пен пирамиданың қимасын салу керек.

Шығарылуы. Пирамиданың табан жазықтығында MN түзуінің ізі H нүктесін табамыз: ол үшін

1. SM және АД түзулерінің қиылысу $M^{'}$ нүктесін және осы сияқты SN және AB түзулерінің қиылысу $N^{'}$ нүктесін табамыз;

2. $M^{'}N^{'}$ және MN түзулерінің қиылысу H нүктесі осы MN түзуінің ізі болады; 3. MP және MC түзулерінің қиылысу G нүктесін саламыз, бұл нүкте MP түзуінің ізі болады;

4. HG түзуін жүргіземіз, бұл түзу ізделінген қиманың пирамиданың табан жазықтығындағы ізі болады.

5. AB және HG түзулерінің қиылысу F нүктесін табамыз, бұл F нүктесі қима жазықтығына және SAB бүйір жазықтығына тиісті;

6. F және N нүктелерінен өтетін FN түзуі пирамиданың SA қырын E нүктесінде, ал пирамиданың SB қырын R нүктесінде қияды;

7. EM түзуі пирамиданың SC қырын L нүктесінде қияды;

8. (ERPL) – ізделінді қима.



Сурет 7

Қиманы салуға берілген жаттығу есептері

1. Төртбұрышты пирамиданың табанындағы бір төбесінен өтетін және пирамиданың қарсы бүйір қырына перпендикуляр болатын қиманы салыңыз.

2. Төртбұрышты призманың әртүрлі бүйір жақтарында жататын F,M,N нүктелерінен өтетін жазықтық пен пирамиданың қимасын салу керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Бескин Л.Н. Стереометрия. М:Просвещение. 1971.

2 Бескин Л.Н. Изображения протранственных фигур. М: Наука. 1971.

3 Изображения фигур в курсе геометрии. М.Учпедгиев. 1958.

4 Нұрпейіс Ж.,Көшербаева Ұ.,Таласбаева Ж., Үшбұрыштың тамаша нүктелері және сызықтары. Медиана //Хабаршы ҚазҰПУ, №1(49), 2015,49-54 бет

УДК 51:37.016
ГРНТИ 13.00.02

В.А. Мамаева [1], А. Касинов [2]

[1,2] Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, механика-математика кафедрасының оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНДЫ ЕСЕПТЕРДІ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

Аңдатпа

Соңғы жылдардағы көптеген әдебиеттерде модельдеу әдісіне талдау жасалды, оны жекелеген ғылымда: техникада, биологияда, тіл білімінде, экологияда, медицинада, экономикада және т.б. қолдану мүмкіндіктері зерттелді.

Бұл жұмыста математикалық және экономикалық білімдерін кіріктірудің негізгі бағыттары айқындалған. Экономиканың математикалық моделдерін құру мәселелері қарастырылған. Математика курсында экономика мәселелерін оқытудың білім беру, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттары да атап өтілген. Есепті бірнеше саты арқылы математикалық модель ішінде көрсетілген. Соңында математикалық модель туралы түсініктерді қалай дамыту мен нақтылауға болатынына есептер келтірілген. Математикалық модельдеуге үйретудің қажеттігі, математикалық модельдер құруға үйретудің жалпы әдістемелік сызбасы, математикалық модельдеу туралы түсінік қалыптастырудың негізгі ұғымдарының қысқаша мазмұны айқындалған. Көптеген әдебиеттерде модельдеу әдісіне талдау жасалып, оны жекелеген ғылымда қолдану мүмкіндіктері зерттелген.

Түйін сөздер: тәуелділік, үнемдеу, өндіріс тиімділігі, моделді нақтылау, математикалық біліктер, дағдылар.

Аннотация

В.А. Мамаева [1], А. Касинов [2]
[1,2] преподаватель механика-математического факультета КазНУ им.аль-Фараби,
г.Алматы, Казахстан

МАТЕМАТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ЗАДАЧИ ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОДЕРЖАНИЯ

В последние годы во многих литературах был сделан анализ на методы моделирования, некоторые науки: машиностроение, биология, лингвистика, экология, медицина, экономика и т.д. исследовали возможность использования. В статье определены основные направления экономической и математической интеграции знаний. Рассмотрены проблемы создания математических моделей экономики. Отмечены экономические проблемы в процессе обучения математике, образовательные и развивающие цели образования. Указаны несколько шагов решения задачи в математической модели. Приведены примеры развития и уточнения понятия математических моделей. Также отмечены необходимость изучения математического моделирования, математические модели для создания общей методологической схемы обучения, краткое содержание математического моделирования, чтобы понять основные понятия. Во многих литературах проанализированы методы моделирования, исследованы возможности использования в отдельных науках.

Ключевые слова: зависимость, экономить, производственная эффективность, точность модели, математические умение, навыки.

Abstract

MATHEMATICAL MODELING OF A PROBLEM ECONOMIC CONTENTS

Mamaeva V.A.[1], *Kasinov A.* [2]

[1] *Teacher of the Faculty of Mechanics and Mathematics, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan*

In recent years, many literatures have analyzed modeling methods, some sciences: engineering, biology, linguistics, ecology, medicine, economics, etc. investigated the possibility of use.

The article defines the main directions of economic and mathematical integration of knowledge. Considered the problems of creating mathematical models of the economy. Noted Economic problems in the process of teaching mathematics, educational and developmental goals of education. Several steps of solving the problem in a mathematical model are indicated. Examples of development and refinement of the concept of mathematical models are given.

Also noted the need to study mathematical modeling, mathematical models to create a general methodological training scheme, a brief content of mathematical modeling, to understand the basic concepts. Many literatures have analyzed modeling methods, explored the possibilities of using it in individual sciences.

Key words: dependence, economize, production efficiency, accuracy of model, mathematical ability, skills.

Белгілі ғалым-педагог В.М.Монахов "Экономикада математикалық әдістерді бүгінгі күнгі пайдаланудың басты идеясы – модельдеу", – деп тұжырымдайды. Шын мәнінде, математикалық әдістер шынайы өмірде тікелей қолданыс таба алмайды, олар тек математикалық модельдер жасауда ғана қолданылады. Бұлардың негізінде алынған нәтижелер модель нақты экономикалық жағдайларды дәл бейнелей алса ғана практикалық мәнге ие болады. Экономикада қолданылатын арнайы математикалық әдістерді жасау қолданбалы математика пәндерінің тұтас кешенін жасауға алып келді: сызықтық программалау, динамикалық программалау, ойындар теориясы, сызықтар теориясы. Бұлар біріктіріліп, әдетте "Математикалық экономика" деген ортақ атпен аталады [1, 26 б].

Соңғы жылдардағы көптеген әдебиеттерде модельдеу әдісіне талдау жасалды, оны жекелеген ғылымда: техникада, биологияда, тіл білімінде, экологияда, медицинада, экономикада және т.б. қолдану мүмкіндіктері зерттелді [2; 3; 4]. Логикалық көзқарас тұрғысынан модельдеу әдісі бір объектіні танып-білуден өзге объектілерді танып-білуге өтуді білдіреді. Модель – кейбір нақты өмірде бар немесе ойда елестетілетін жүйе. Ол таным үрдісінде өзге жүйені – түпнұсқаны алмастырады және сипаттайды. Түпнұсқамен ұқсастық қатынаста болады, соның нәтижесінде модельдерді зерттеу түпнұсқа туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Шын мәнінде, математика курсының кез келген тақырыбы қандай да бір математикалық модель құрастырумен аяқталады. Талқылау нәтижесінде қандай да бір формула, график, алгоритм және т.б. алынады, яғни моделдеу ісімен айналысамыз.

Мектептегі математика курсының экономикалық бағдарын жүзеге асыру математикалық модельдеуді қолданумен тығыз байланысты. Мұны Б.В.Гнеденко, С.Л.Соболев, А.Н.Тихонов және т.б. зерттеушілер атап өтті. С.Л.Соболев бұл жөнінде былай деп жазды: "біздің кезімізде математика курсының практикалық бағдары ең алдымен оқушыларды нақты немесе жобаланатын дүние құбылыстары арасындағы қатынастармен және оның математикалық модельдерімен таныстыруды білдіретін. Оқушыны өмірде кездесетін жағдайлардың математикалық моделін жасауға іс жүзінде үйрету керек″ [5, 15 б].

Математикалық модельдеудің мағынасын сипаттай келе, А.Н.Тихонов және Д.П. Костомаров: «Математикалық модель қарастыратын обьектіге ешқашан толық сәйкес келмейді, оның барлық қасиеттері мен ерекшеліктерін бермейді. Ол қарапайымдалған, идеалдандырылған негіздегі объектінің жуықталған көрінісі болып табылады», – деп тұжырым жасайды.[6,15 б].

Экономикалық мазмұнды есептерді зерттеу әдетте қарастырылатын объектінің барынша қарапайым математикалық моделін құрастыру мен талдаудан басталады. Бірақ одан кейін моделін нақтылау, оны обьектіге толық сәйкестендіру қажет. Бұл барынша дәл келу талабымен, объект туралы математикалық модельде көрсетілуі қажет жаңа ақпараттың пайда болуымен, бастапқы модельдің қолдануылуы шегінен шығатын параметр көлемі ұлғаюымен және т.б. байланысты.

Математиканы оқыту әдістемісі және т.б. жөніндегі зерттеулерде «модель», «модельдеу» ұғымдарын мектептегі математика курсына енгізу қажеттілігі туралы мәселе қойылған. Математикалық модельдеуге үйретудің қажеттігі дәлелденген, математикалық модельдер құруға үйретудің жалпы әдістемелік сызбасы дайындалған, математикалық модельдеу туралы түсінік қалыптастырудың негізгі ұғымдарының мазмұны айқындалған, мектептегі математика курсында математикалық модельдеу элементтері көрініс табуы мынадай бірқатар маңызды педагогикалық міндеттерді шешуге көмектесетіні көрсетілген:

а) қолданбалы бағытты жетілдіру;

ә) математикалық мәдениет пен жалпы мәдениет элементерін қалыптастыру;

б) пәнаралық байланысты жүзеге асыру және т.б.

Қолданбалы математиканы математикадан тысқары пайда болатын есептерді оңтайлы шешу туралы ғылым деп сипаттауға болады. Сондықтан, қолданбалы есеп – математикадан тысқары қойылған және математикалық құралдармен шешілетін есеп. Зерттеу авторларының көпшілігі қолданбалы есепті шешудегі 3 кезенді бөліп көрсетеді.

1. Қалыпқа келтіру, берілген есепті табиғи тілден математикакалық терминдер тіліне аударып, оның моделін құру. Бұл кезең, әдетте математикалық есеп моделін құру деп аталады.
2. Есепті модель ішінде шешу.
3. Алынған нәтижені талдау, алынған нәтижені (математикалық шешімді) бастапқы есептің табиғи тіліне аудару.

Экономикалық мазмұнды есепті шешкен кезде бірінші кезең өте қиын болады. Экономикалық мазмұндағы есеп шарты, әдетте табиғи тілде жазылатыны белгілі. Сондықтан бұл қиындықтардан шығу үшін есепті табиғи тілден математикалық тілге аударуды білу деңгейінің жеткілікті дәрежеде жоғары болуы қажет. Ал бұл экономикалық ойлаудың қалыптасуы мен дамуына байланысты. Шынайы объекті мен оның сипаттарынан тыс математикалық объектіге өту – күрделі операция, сондықтан, есепті табиғи тілден математикалық тілге аударуға баса назар аударылуы тиіс.

Мектептегі математика курсының міндеті математикалық теорияларды үйрету, ал есептердің негізгі қызметі осы теорияларды білуді тиянақтау деп түсініледі. Екінші кезеңге – математикалық модельдерді оқып біліп, оны шешуге қарай ақталмайтын ауытқу орын алады. Математика бойынша мектеп бағдарламасы мынадай түрде құрылуы керек деп білеміз: онда қазіргі математиканы оқыту мақсаттарына сай модельдеудің негізгі үш сатысының көңіл бөлу арқылы математикалық модельдеу идеясы үздіксіз жүруі керек.

Жоғарыда аталып өткен бірінші кезең – математикалық модель құру. Математикалық модель құру дағдыларын үйрену математика курсын оқу барысында бәрінде үздіксіз жүруі тиіс, осы курстың жекелеген тақырыбына тұйықталып қалмау керек. Тапсырмалар жүйесі тек қана теориялық білімді меңгерумен шектеліп қана қоймай, алған білімді практикада пайдалануға негізделуі тиіс.

Құрылған математикалық модель туралы түсініктерді қалай дамыту мен нақтылауға болатынына мысал келтірейік.

Мысал. Қойма жасау үшін 80 метр тормен жердің ауданын барынша үлкен тіктөртбұрышты етіп қоршау керек. Қоршалатын жердің өлшемдерін табыңдар.

Шешуі:



1саты (қалыптастыру). Объектінің математикалық моделін құрамыз. Тіктөртбұрыштың ұзындығын x метр деп белгілейміз де, *(40-x)* метр деп тіктөртбұрыштың енінің ұзындығын аламыз, сонда тіктөртбұрыш ауданы $S(x)$ мына формуламен анықталады:

$$S(x) = x(40 - x), x \in (0; 40)$$

Есептің математикалық моделі алынды.

II саты. (Есепті модель ішінде шешу). Алынған тәуелділіктің $S(x) = x(40 - x) = -x^2 + 40x$ графиктік сызбасын тікбұрышты координат жүйесінде *(X0S)* саламыз. График тармақтары төмен бағытталған парабола, себебі $a = -1 < 0$ ал параболаның төбесінің $M(x; y)$ координатасы мына формуламен есептеледі

$$x = -\frac{b}{2a} = -\frac{40}{-2} = 20 \quad y = -20^2 + 40 \cdot 20 = -400 + 800 = 400 \quad M(20; 400)$$

Бұдан $x = 20$ болғанда, $S(x)$ функциясының ең үлкен мәні 400-ге тең болатынын көруге болады.

III саты (түсінік беру). Нәтижені математикалық тілден есептің табиғи тіліне аударамыз. Қойманың бір кабырғасының ұзындығы 20 метр болса, онда екінші қабырғасының ұзындығы $40 - x = 40 - 20 = 20(м)$. Олай болса, қойма ауданының ең үлкен мәнін ол квадрат формалы болғанда ғана қабылдай алады.

Сонымен, математикалық модельдеу экономикалық мазмұндағы есептерді шешу құралы болады деген тұжырым жасауға болады.

Математикалық біліктілік пен дағдылар есептеумен тікелей болсын тікелей болмасын байланысқан оқу тапсырмаларын орындау процесінде қалыптасады. Мұндай есептер мәтіндік және экономикалық мазмұнды есептер болуы мүмкін. Экономикалық есептерді шешу процесіне жасалған талдау оны шешу жоспарын жүзеге асыру жолдарын іздестіру кезеңіне мектеп курсының мәтінді алгебралық есептерін шешу сатылары сәйкес келетінін көрсетті.

Экономикалық мазмұндағы есептерді шығару математикалық білімді өмірмен тығыз байланыстыруға, алған білімдерді еңбекпен байланысты іс-әрекеттермен қолдана білуге көмектеседі. Алуан түрлі экономикалық мазмұнды есептер шығару үстінде, қаржы, еңбек, пайда, рентабельдік, өзіндік құн, еңбек өнімділігі, рынок және т.б. ұғымдармен танысуға болады. Бірден бір маңызды экономикалық ұғым қатарына өндіріс тиімділігі деген түсінік жатады.

Өндіріс пайдалы өнім шығару процесі. Өндіріс тиімділігі – ол еңбектің ең жоғарғы нәтижесінде жоспарланған бағдарламалардың орындалуы арқылы жетуді түсіндіреді. Ауыл шаруашылығы өндірісін жолға қоюда жалпы табыс және тауар өнімі терминдер арқылы есептер құрастырылады.

Жер қаншалықты тиімді пайдаланылады, жердің шығымы қаншалықты өнім береді, еңбек етушілер қандай жолдармен ысырапсыз егінді жинап ала алады, осының барлығы құрастырылатын есеп мазмұнына ендірілуі арқылы экономикалық ұғымдарды терең түсінуге жол ашады.

Есептердің шартында теориялық немесе практикалық маңызы бар сұрақ туатын қандай бір болмасын жағдай баяндалады. Есептердің мақсаты алған білімдерін практикада қолдануға үйрету және әрі қарай дамыту болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін экономикалық мазмұнды математикалық есептерді қарастыру, оқушыларға оларды шығарудың әдіс-тәсілдерін үйрету және есеп шығару дағдыларын қалыптастыру қажет. Есеп шығару барысында экономикалық ұғымдардың мағынасы ашылып, нақтыланады.

Экономикалық мазмұнды математикалық есептердің шығарудың практикалық мәні зор. Мұндай есептердің мазмұны тек қана теориялық біліммен қаруландырып қоймай, оларды келешекте өздігінен дұрыс шешім қабылдауға, еңбек өнімділігін арттыратын әдіс-тәсілдерді іздеп табуға баулиды.

Бұлардың бәрі материалдық қаржы қорын, жұмыс уақытын тиімді пайдалана білуге, еңбек өнімділігін арттыруға, жұмыс сапасын көтеру мүмкіндігін табуға, шаруашылыққа тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады.

Материалдық қаражат түрлерін үнемдеп пайдалану жолында өндіріс орындарында ғана емес жеке отбасы өмірінде де түрлі қиыншылыққа кездесуге болады. Осы жағдайлар оқушыларды бұйымдардың, ақшаның және т.б. құндылығын түсініп, үнем ережесінің тиімді жолдарын іздестіруге тәрбиелейді.

Практикада жиі кездесетін жәй, әрі өзекті мәселелердің бірі – көлік тасымал мұқтаждығы. Көлік – қатынас құралдарын оңтайлы пайдалану, жүктің түрлерін дұрыс тандауға, көліктің жүкке лайықтығына тығыз байланысты. Жалпы жүк тасу жұмысы – негізгі өндіріс үрдісі. Олар еңбек пен құралдардың қатыстарымен бірге күш қажет етеді. Еңбек өнімділігін арттыру, тасымалдың өзіндік құнын төмендету, шаруашылықтағы жүк тасымалы жұмыстарының ғылыми ұйымдасуына, жалпы мекемедегі ішкі-сыртқы жағдайға тығыз байланысты.

Өнімділік – бұл еңбектің нәтижелілігі. Бұл уақыт бірлігінде өндірілген өнім санымен өлшенеді. Еңбек өнімділігі тек еңбекке ғана емес, сондай-ақ техникалық прогреске байланысты.

Уақытты үнемдеу үшін өндіріс өнімділігін, техникалық прогрестің шапшаңдылығын арттыру, қорларды дұрыс пайдалану, еңбекті ғылыми ұйымдастыру қажет. Еңбек өнімділігі артқан кезде өнім бірлігін шығаруға кеткен еңбек үлесі қысқарады да, еңбекпен салыстырғанда өндіріс құралдарының үлесі артады.

Үнемдеу дегеніміз – құнды бұйымдарды, заттарды шығыннан сақтау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану.

Өндірістік практикада жиі кездесетін жай – күрделі есептерді шешу, олар арнайы есептерді керек етеді.

Есептер жүйесіне практикалық жағдайды модельдеуге математикалық білімді колдануды көрнекі көрсетуге немесе керісінше, қандай-да бір математикалық модельмен сипатталатын әр түрлі экономикалық табыстарға мысалдар келтіру арқылы формуланың практикада қолданылуын, математиканың рөлін, абстрактілі ғылым екенін көрсетуге мүмкіндік беретін есептерді енгізу қажет.

Мысалы:

1. Есеп. x^2-58x+480=0 теңдеуін шешіңдер.

2. Есеп. Ұзындығы 116 м құрылыс материалы бар. Онымен құс фермасындағы ауданы 4,8 а, тіктөртбұрыш тәрізді үйрек қамайтын орынды қоршап шығуға бола ма? Оның қабырғаларының ұзындығын анықтандар.

3. Есеп. Зауыт белгіленген уақытта 480 машина жасап шығаруы керек еді. Әр күні бір машинадан артық жасай отырып, белгіленген уақыттан бір күн артық жұмыс істеп, жоспардан артық 59 машина жасады. Завод белгіленген уақытта жоспардан артық неше машина жасады?

4. Есеп. Ауылдан қалаға қарай велосипедші қашықтығы 24 км жолмен жүрді. Ол қайтарда ұзындығы 30 км жолмен жүріп ауылға келді. Қайтар жолда жылдамдығын 2 км/сағ арттырса да, жолға 6 минут артық жұмсады. Велосипедші қайтар жолында қандай жылдамдықпен жүрді?

Берілген есептер бір қарағанда әр түрлі сияқты, өйткені есептердің құрылымы және шығарылу әдістері әр түрлі. Мысалы,

1-есеп. Квадрат теңдеуді шешуді талап етеді.

2-есеп. Практикалық мазмұнды, ол құрылымы қосындысы және көбейтіндісі бойынша сандарды табуға берілген есепке жатады.

3-есеп. Жұмысқа байланысты берілген.

4-есеп. Қозғалысқа берілген.

2, 3, 4 есептердің математикалық моделін құрайық.

2-есеп. $\frac{480}{x}+x=58$, мұнда **x** - қабырға ұзындығы.

3-есеп. $\frac{480}{x}+1=\frac{480+59}{x+1}$, мұнда **x** - бір күнгі шығарылатын машинаның саны.

4-есеп. $\frac{24}{x}+\frac{1}{10}=\frac{30}{x+2}$, мұнда **x** - велосипедшінің ауылдан қалаға барғандағы жылдамдығы.

Осы теңдеулерді шешу $x^2-58x+480=0$ теңдеуін немесе 1- мысалды шешуге келтіріледі.

2-4 есептердің әрқайсысының табиғаты әр түрлі, бірақ осы есептердің элементтерінің арасындағы тәуелділікті математикалық өрнектеу, ол тәуелділікті осы есептердің математикалық моделі болатын мынадай теңдеу арқылы: x^2-58x+480=0 жазуға жол ашады. Бұл теңдеу есептердегі элементтердің байланысын «таза» түрде, нақты мазмұннан тыс көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Монахов В.М. Роль математики в повышении экономической грамотости школьников. //Советская педагогика . М., 1972, №6, 26 с.

2 Акчурин И.А., Введенов М. Ф., Сачков Ю.В. Познавательная роль математического моделирования. М., 1968, 48 С. (Новое в жизни, науке и технике / Сер . Философия, №8)

3 Стукалов В.А. Использование представлений о математическом моделировании в обучении математике. Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. М., 1976, 156 с.

4 Штофф В.А. Моделирование и познание. Минск, 1974, с.212

5 Соболев С.Л. Судить по конечному результату // Математика в школе, 1984, №1, с. 15-1

6 Тихонов Н.Л., Костомаров Д.П. Рассказы о прикладной математике. М., 1979, 206 с.

УДК 378.02:37.016
ГРНТИ 14.35.09

О.С.Сатыбалдиев[1], О.К. Нурбавлиев[2]

[1]п.ғ.д.,профессор, Сулейман Демирел университеті, Қаскелең қ.,, Алматы обл, Қазақстан
[2]докторант, Сулейман Демирел университеті, Қаскелең қ.,, Алматы обл, Қазақстан

БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аңдатпа

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлаудың маңызды жақтарының бірі, оны болашақ оқытушылық жұмыс болып табылатын кәсіби-педагогикалық бағыт бойынша оқыту болып табылады. Оқу орны қабырғасында өз саласының жақсы маманын - математика мұғалімін дайындау үшін бүкіл оқу процесін кәсіптік педагогикалық бағыттағы идеяға бағындыруды талап етеді. Бұл үшін математикалық тұрғыдан да, әдістемелік сабақта да зерттелген барлық материал болашақ математика пәні мұғалімінің кәсіби-педагогикалық дайындығының негізгі көрсеткіштерін қалыптастыруға бағытталуы керек. Біздің зерттеу педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ математика мұғалімдерінің біліктілігін арттыру мәселесіне арналды. Философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдауға негізделген кәсіби педагогикалық бағдар тұжырымдамасына сүйене отырып, болашақ математик оқытушысының кәсіби-педагогикалық дайындығының негізгі көрсеткіштерін белгіледік.

Түйін сөздер: математика, көрсеткіштер, кәсіби дайындық, әзірлеу, әдістеме, оқыту, жетілдіру, қалыптастыру.

Аннотация

О.С.Сатыбалдиев[1], О.К. Нурбавлиев[2],
[1]д.п.н.. ,профессор, университет им. Сулейман Демиреля, г. Каскелен,
Алматинская обл, Казахстан
[2]докторант, университет им. Сулейман Демиреля, г.Каскелен, Алматинская обл, Казахстан

ОСНОВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ПРФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МАТЕМАТИКИ

Одной из важнейших сторон обучения студента в педвузе, подготовки его к будущей преподавательской работе является профессионально-педагогическая направленность всего обучения в педвузе. Для того, чтобы воспитать в стенах педвуза хорошего специалиста своего дела - учителя математики требуется весь процесс обучения подчинить идее профессионально-педагогической направленности. Для этого необходимо, чтобы весь изучаемый материал, как с математической точки зрения, так и методической, был направлен на формирование основных показателей профессионально-педагогической подготовки будущего учителя математики. Наше исследование посвящено проблеме повышения прфессиональной подготовки будущих учителей математики в ходе их обучения в педвузе. Опираясь на концепцию профессионально-педагогической направленности, на основе анализа филосовской, психолого-педагогической литературы нами выделены основные показатели профессионально-педагогической подготовки будущего учителя математики.

Ключевые слова: математика, показатели, прфессиональная подготовка, разработка, методика, обучение, совершенствование, формирование.

Abstract

THE MAIN INDICATORS OF THE PROFESSIONAL PREPARATION OF FUTURE MATHEMATICS TEACHERS

Satabaldiyev O.S.[1], Nurbavliyev O.K.[2]
[1]Dr. Sci. (Pedagogical), Professor of the Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan
[2]PhD student of the Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

One of the most important aspects of the student's training in pedagogical university, its preparation for future teaching profession is professional-pedagogical orientation of the teaching in university. In order to educate a good specialist in his field - a mathematics teacher - requires the entire learning process to subordinate to the idea of a professional pedagogical orientation. For this it is necessary that all the material studied, both from the mathematical point of view and the methodical one, be directed to the formation of the basic indices of the professional and pedagogical preparation of the future teacher of mathematics. Our study focuses on the problem of improving professional preparation of future teachers of mathematics during their training in pedagogical university. Based on the concept of a professional pedagogical orientation, based on the analysis of the philosophical, psycho-pedagogical literature, we outlined the main indicators of the professional and pedagogical preparation of the future teacher of mathematics.

Key words: mathematics, indicators, vocational training, development, methodology, training, improvement, formation.

Математика іргелі және қолданбалы ғылымдарда жетекші орын алады және өзінің әмбебаптылығымен басқа ғылымдардан ерекшеленеді. Бүгінгі таңда математика “жұмыс істемейтін” саланы кездестіру мүмкін емес. Дәл қазіргі мезгілде адамзат қоғамы қарқынды математикаландырумен сипатталуда. Бұл деп отырғанымыз қазіргі заман математикасын әртүрлі ғылымдарда қолданудың әліде болса жеткілікті қорларының бар екенін көрсетеді. Мектепте оқылатын басқа пәндермен салыстырғанда, математика күнделікті тер төгіп еңбектенуді қажет етуімен ерекшеленеді, оны меңгеру еске сақтау емес, түсінуге негізделген. Математиканың оқу пәні ретіндегі осы ерекшелігі жоғары оқу орындарында да сақталынады. Бір жағынан, мектеп бітіруші болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орнында дұрыс оқуы үшін мектеп математикасын жақсы білуі тиіс; екінші жағынан, болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орнында математика курстары осы оқу орнын бітірушілердің мектеп математикасын дұрыс оқытуы үшін өтіледі. Бірінші жағдайда, ол мектеп математикасын оқушы ретінде, ал екінші жағдайда, ол мұғалім ретінде білуі тиіс, яғни пәннің әдістемесі мен ол пәнді өте жоғары деңгейде меңгеруі қажет.

Педагогикалық жоғары оқу орнын бітірушілер өз мамандығы бойынша жан-жақты, терең білім алулары, мектептегі оқу пәнінің негізі болып табылатын ғылымның мазмұны мен әдістемелерін меңгерулері тиіс. Мұғалім математиканы тірі, дамытушы ғылым ретінде ылғи көз алдарына елестетулері керек, оның оқушыларға беретін білімдерінен гөрі кең, аумақты математикалық ой-өрісі болуы тиіс. Осындай ой-өрісі болуы үшін жоғары педагогикалық оқу орындарында жүйелі жоғары математика курстары оқылады. Жоғары мектеп математика курсында өтілген нәрселерді ұмытқан мұғалім орта мектеп математикасын жақсы оқытуы мүмкін емес, себебі, мектепте оқытатын математика пәндері мен математика ғылымының байланысын ұғыну оған өте қиынға соғады. Әдістеме, оқытатын пәндердің аумағындағы жеткілікті, нақты терең білімдермен қатар жүргізілгенде ғана айтарлықтай табысқа жетеді [1].

Бүгінгі мектеп осыдан бірнеше жылдар бұрынғы біржүйелі жалпыға орта білім беретін мектеп емес. Пәндердің тереңдетіп оқытатын сыныптар мен мектептердің, сонымен қатар әртүрлі колледждердің, гимназиялардың, жеке мектептердің және т.б. көбеюі мен саналуан оқулықтар мен оқу құралдарының, оқу бағдарламаларының пайда болуы мұғалімдерге, олардың жоғары оқу орындарында оқу мерзімі аралығындағы кәсіби дайындықтарына жаңа, жоғары талаптар жүктейді. Қазіргі мезгілде, болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарында, бұрынғы жалпы орта білім беретін мұғалімдер дайындау жүйесінен, әртүрлі оқу орындарында жұмыс істей алатын көп деңгейлі жүйеге көшудеміз. Міне, осындай жаңа талаптарға арнайы дайындығы жоқ мұғалім, әрине, абдырап қалады. Сондықтан заман ағымына қарай, мұғалімнің өз пәнін жан-жақты, терең білуі аса қажет. Оның үстіне, бұл педагогикалық көзқарас тұрғысынан да өте тиімді, себебі, өз пәнін нашар меңгерген мұғалімнің оқушылардың арасында ешқандай беделі болмайды. Сондықтан да қазақ халқының "тоқытпасаң, оқытпа" деуінде мол астар жатыр. Мұғалімнің оқушыны ұғындыра білуі, өз көкейіндегісін оңай жеткізе білуі үшін оның терең білімі болуы қажет.

Педагогикалық мамандықтың ерекше белгісінің бірі-тек оқытатын пәнін білуі ғана емес, сонымен бірге сол пәнді үйретуі мен оған деген оқушылардың қызығушылықтарын арттыруы болып табылады. Болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарында оқытылатын барлық математикалық курстар, бір жағынан, мектеп математика пәндерінің негізгі түсініктері мен деректерінің қазіргі заманғы ғылыми пайымдауларын түсіндірумен қатар математикалық мәдениеттің деңгейінде анықталатын, математикалық ой-өрісін дамытса, екінші жағынан, мектеп математика пәндерін баяндаудың әдістемелерімен таныстырады.

Біз болашақ математика мұғалімдерін кәсіби бағдарда оқыту үшін жоғары педагогикалық оқу орындарындағы нақты математикалық курстар мен сәйкес мектеп математика пәндерін байланыстыратын идеяларды алдыңғы орынға қоюға тиіспіз. Бұл студенттердің оқу материалдарын саналы түрде меңгерулеріне мүмкіндік береді, мектеп математика пәндері мен болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарындағы математика курстарының арасындағы ұласымдылықты қамтамасыз етеді.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындықтарына қажетті шарттың бірі-студенттерге оқыту процесінде болашақ педагогикалық іс-әрекеттерін ұдайы аңғарту болып табылады. Осы ұдайылықтың болмауы болашақ мұғалімдердің жеке тұлғаларының кәсіби бағдарларын қалыптастыруға кедергі болып отырған негізгі факторларының бірі болып табылады. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарындағы оқылатын барлық математикалық курстар студенттердің педагогикалық іс-әрекеттерді үзіліссіз аңғару процестеріне атсалысулары тиіс.

Жоғарыда айтылған пайымдауларға сәйкес, болашақ мұғалімдер алдымен, келешекте оқушыларға оқытатын пәндерін жақсы білулері тиіс. Сондықтан алдымен, математика мұғалімдерінің оқытатын пәндерінің саласындағы нақты білімдерді анықтау мақсатында, мектеп мұғалімінің өз жұмысында басшылыққа алып отыратын негізгі іс-қағазы, мектеп математикасының бағдарламасына жүгінелік [2]. .

Сандар мен оларға қолданылатын амалдар мектеп математикасының мазмұнын құратын негізгі бөлімінің бірі. Алдымен натурал, одансоңбүтін, рационалсандар, ал жоғары кластарда иррационал сандар қарастырылады да, ең соңында нақты сандар енгізіледі. Нәтижесінде оқушылар нақты сандарға амалдар орындай алулары, әртүрлі шамаларды есептей және өлшей білулері, есептеулерде жіберілген қателерді бағалай білулері тиіс.

Мектеп математика пәнінің мазмұнын құратын маңызды саласының бірі - функциялар. Олардың қасиеттері қарастырылады, графиктері құрылады. Функциялар мен оның қасиеттері беріледі және олар туындының көмегі арқылы зерттелінеді. Туынды мен интеграл мектеп пәнінде қоршаған ортаны зерттеу аппараты ретінде, геометриялық, физикалық және практикалық есептерді шешудің әдісі ретінде енгізіледі.

Мектеп математикасының негізгі бөлімдерінің бірі-теңдеулер құру және теңсіздіктерді шешу. Алгебра және анализ бастамалары пәнінде тепе-тең түрлендірулер маңызды орын алады.

Планиметрия мен стереометрия геометрия пәнін құрастырушы екі бөлім болып табылады. Геометрияға теорема мен аксиома туралы, геометриялық фигуралардың анықтамалары, қасиеттері мен белгілері туралы түсініктер енеді. Онда түзу, нүкте, сәуле және кесінді секілді негізгі түсініктер беріледі және жазықтықтардың кеңістікте өзара орналасулары қарастырылады. Планиметрияда-жазықтықтағы негізгі фигуралар (үшбұрыш, төртбұрыш, параллелограм, ромб, квадрат, трапеция, көпбұрыштар, шеңбер), олардың қасиеттері мен белгілерін қарастырылады және мектеп оқушыларына фигураның ауданы мен оларды есептеу әдістері туралы түсініктер беріледі. Сонымен қатар, онда фигуралардың ұқсастығы, өстік және орталық симметриялар, бұру, параллель көшіру секілді жазықтық пен кеңістіктің әртүрлі қозғалыстары қарастырылады. Стереометрия көп жақтарды, айналу денелерін, олардың қасиеттерін, көлемдерін, беттің аудандарын қарастырады. Геометрияда, векторлар мен оларға амалдар қолдану, оларды есептер шығаруға пайдалану мәселелері оқылады. Геометрияда да, алгебра да координаталар әдісі пайдаланылады.

Сөйтіп, мектеп бітірушілер алгебраның, анализдің, геометрияның негіздерін меңгерулері тиіс; сан, функция, тепе-теңдік, теңдеу, теңсіздік, туынды, интеграл секілді іргелі ұғымдар жөнінде айқын түсініктері болуы керек; негізгі элементарлық функциялардың қасиеттері мен графиктерін білулері тиіс; негізгі геометриялық фигуралар мен кеңістік денелерін айқындай алулары, олардың қасиеттерін білулері, жазық фигуралардың және беттің аудандары мен кеңістік денелерінің көлемдерін есептей білулері керек; координаталық, векторлық сияқты маңызды әдістерді әртүрлі есептер шығаруға пайдалана білулері, теорияларды құрудың ақиқаттамалық әдістері туралы, дедуктивтік және индуктивтік пайымдаулар туралы түсініктері болуы тиіс.

Мектеп оқушыларының дәл осындай математикалық дайындықтарын жүзеге асыра алу үшін, болашақ мұғалімдердің талапқа сай, қомақты математикалық білімдері болуы тиіс.

Кейбір ғалымдар мектеп математикасын оқытудың стратегиясы мен тактикасын дұрыс таңдау үшін мұғалімдердің математикалық дайын-дықтары өте жоғары деңгейде болса жеткілікті деп есептейді. Алайда, болашақ мұғалімдердің математикалық білімдері математик-зерттеуші немесе математик-программист білімдерінің схемасы түрінде құрыл-майтындығына басты назар аударған жөн. Егер математик-зерттеушіге ауқымды математикалық білімдер мен қатар оның аясы тарлау бөлімін терең меңгеру талабы жүктелсе, ал математик-педагог үшін мүлдем басқаша талаптар қойылады. Алдымен, ол қазіргі заман математикасының құрылымы жөнінде тұтас түсінігі болуы тиіс. Одан соң, математиканың басқа ғылымдармен байланысын және практикада қолдану мәселелерін жақсы білуі қажет. Ол математиканы таным құралы ретінде көруі тиіс. Педагог қазіргі заман математикасының шеңберінен мектеп математикасын көре білуі, математика ғылымдарының жоғары қабатынан элементарлық математиканың қазіргі ғылымда алатын орны мен маңызын дәл бағалауы керек. Қазіргі заман математикасының тармақтарын кең көлемді білуі оған классикалық есептерді шығаруға көп көмегін тигізеді. Бұл да аз. Мұғалім қазіргі математика проблемаларының жалпы философиялық негіздерімен, өз ғылымының тарихымен таныс болуы керек. Математика мұғалімі үшін бұл өте қажет, себебі, математика тарихы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту мүмкіндігіне кең жол ашады, математикалық пәндер мен есептерді құру туралы түсінік береді. Мұғалім, біріншіден, қазіргі математиканың негізгі мазмұнын; екіншіден, оның қолдану мүмкіндіктері мен методологиялық проблемаларын және оның тарихи даму процесін білуі тиіс. Формальды түрде математикалық білімдерді анализ, алгебра, геометрия ықтималдықтар теориясы және т.б. курстар арқылы беру жеткіліксіз. Олар болашақ мұғалімнің санасына адамзат білімінің физикамен, астрономиямен, экономикамен, биологиямен, инженерлік іспен байланысты табиғи прогресінің нәтижесі ретінде сіңуі тиіс. Болашақ мұғалімнің көз алдында математиканың жаңа зерттеу бағыттары қалай пайда болды, негізгі математикалық түсініктер қалай шықты, әмбебап ғылымның жаратылыстанудың, әлеуметтік пәндердің, инженерлік және ауыл шаруашылығының әр-алуан салаларына неге, қалай қолданылуы туралы айқын түсініктері болуы тиіс. Болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындары келешек жұмыстарына пайдалана алатындай етіп осы мәселелермен толық қамтамасыз етуге міндетті.

Қайсыбір ғалымдар болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарында студенттерді мектеп мұқтаждықтарын қамтамасыз ететін деңгейде ғана оқыту мәселесін қолдайды. Кейде, студенттерде алдағы жұмыстарына қажеті жоқ көптеген “артық” мәселелерді оқытады деген жалған пікірлер туады. Студенттер жоғары математиканың теоремаларын біледі және оларды дәлелдей алады, бірақ олардың бұл теоремаларды не үшін оқитынын, қайда қолданылатынын және элементарлық математикамен қандай байланыста екенін түсінбейтін жағдайлары жиі кездеседі.

Жоғары математиканы баяндағанда оны оқып-үйренбей талапқа сай мұғалім шықпайтынын студенттердің білуі мен түсінуі тиіс. Әрине, математика мұғалімдерін дайындау процесінде тек мектеп математика пәнінің бағдарламасындағы мәселелермен шектеліп қалуға болмайды. Олардың білімдері мектеп пәнінің ғылыми негізін түсінуде мектеп пәнінің шеңберінен кең жатуы тиіс, соның ішінде, мектепте қарастырылатын математикалық құрылымдар туралы білімдері, әртүрлі математикалық әдістерді қолдана білу іскерліктері және т.б. болуы тиіс.

Кәсіби бағдарды жүзеге асыруда мектеп пен болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарындағы математика курстарын ұласымдылықпен қамтамасыз ететін тақырыптары маңызды рөл атқарады. Студент-болашақ математика мұғалімдері мектеп бағдарламалары мен келешекте оқытатын материалдардан жақсы хабардар болулары тиіс. Математикалық курстардың негізгі міндеті студенттерді математиканың негізгі түсініктерімен, фактілерімен және әдістерімен таныстыру. Осы түсініктерге, фактілер мен әдістерге, ең алдымен, мектеп бағдарламасына негіз болатын мәселелер жатады. Мектеп математикасының бағдарламалары мен оқулықтарына талдау жасай келе, осындай негіз болатын түсініктің бірі функция түсінігі екенін көреміз. Функциялар жөнінде оның анықтамасы, берілу тәсілдері, қасиеттері, графиктерін құру, шамалардың арасындағы функциялық тәуелділік, кері функциялар және т.б. туралы білімдер енеді. Осы бір мәселенің (функцияларды) өзінен ғана математикалық курстарды студенттерге оқытуда саны артық білімдердің тізімін көреміз.

Ақпараттардың ылғи жаңарып отыруына, жаңа бағдарламалар мен оқулықтардың өмірге келуіне, бағдарламаларда кейбір түсініктер мен тақырыптарды баяндаудың әдістемелік нұсқауларының жоқтығына байланысты студенттерді негізгі математикалық түсініктерді, әдістерді, теорияларды жүйелі түрде меңгеруге үйрету керек. Бұл қағидаға сәйкес математикалық курстардың мазмұнын құрушы ретінде жеке математикалық түсініктерді, деректерді немесе заңдарды емес, математикалық теориялар мен арнайы математикалық әдістерді түсінеміз. Мұндай айқындау өте орынды, себебі теория ғылымның құрылымдық бірлігі бола отырып ол өзінің құрамына жеке түсініктерді, олардың қасиеттері мен белгілерін енгізіп қана қоймай, сонымен қатар білімдердің әртүрлі элементтерінің арасындағы байланыстарды да қарастырады. Оның үстіне теория формасы жағынан өте ықшамды, сондықтан ақпараттарды еске сақтау үшін ыңғайлы.

Психолог Л.Я.Зорина "Жүйелі білімдерді оқытушылардың санасына: негізгі ғылыми түсініктер - негізгі ережелер-салдарлар-қолданылуларсхемасы бойынша қалыптасатын білімдер", - деп атап көрсетті. Базалық пән бойынша жеткілікті кәсіби дайындықты меңгеруі үшін болашақ мұғалімдер дәл осындай білім алуы тиіс.

Әрине, болашақ мұғалімдердің санасына теориялар мен ғылыми әдістер берік сіңуі үшін теориялық құрылымға пара-пар әртүрлі үлгілерде баяндалуы қажет. Теорияның мұндай сан алуан үлгілері болашақ мұғалімдерді ғылыми теорияларды тұтас ұғындырумен қатар оларды баяндаудың әр түрлі әдістерімен қаруландыруы тиіс. Неміс халқының педагогы А.Дистервег: "Он пәнді бір жағынан ғана қарастырғаннан гөрі бір пәнді он түрлі жақтан қарастыру өте үлкен пайда әкеледі. Білім беру оның санымен өлшенбейді, оны толық түсінуден және білетініңді шебер қолданудан тұрады", - деп атап көрсетеді.

Сөйтіп, болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындары студенттерді негізгі математикалық түсініктер, әдістер мен теорияларды жүйелі түрде меңгеруге дайындауға тиіс. Ғылыми теорияларды жүйелі түрде меңгеру үшін сол ғылымның негізі бойынша білім берудің мазмұнына пәндік білімдермен қатар, арнайы методологиялық және нақты дүниенің ғылыми бейнесін беретін жалпы таным әдістері туралы білімдерді енгізу керек. Математиканың методологиялық мәселелерін білу болашақ мұғалімдерге атқарған жұмыстары мен олардың нәтижелерін практикамен байланыстыру және бұл жұмыстарда қоғам дамуының жалпы мақсатына бағындыруы үшін өте қажет. Ол қазіргі кезеңдегі математика дамуының сипаты болып отырған дерексіздіктермен, формальдық әдістермен, үлгілермен жұмыс істейтін болашақ мұғалімдерді осы дерексіздік пен үлгілерге әкелетін нақты дүниені көруге, сонымен қатар нақты дүниені танудың ерекше формасы екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған мәселелердің негізінде болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби даярлықтарының негізгі көрсеткіштерін айқындауға болады. Осы көрсеткіштердің көмегімен болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарын бітірушілердің болашақ кәсібіне деген дайындықтарының деңгейлерін бағалай аламыз. Енді сол көрсеткіштерді атап өтелік. Олар: материалдарды білудің өте жоғары деңгейі; материалдарды үйрету мен баяндаудың жан-жақтылығы; оқылатын материалдардың пропедевтикасының мәнін түсіну; оқу іс-әрекеттерін мотивациямен қамтамасыз ету іскерлігі; оқытуда математикалық модельдеуді жүзеге асыру; алгоритмдерді құру мен қолдана білу іскерлігі; логикалық пайымдаулардың қатаңдық деңгейлерін жете түсіну; мектеп оқулықтарымен таныс болу; математиканың тарихын білу; танымдық белсенділік пен творчестволық ойлау.

Аталынған көрсеткіштерге жеке-жеке тоқталалық. Болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби даярлықтарының негізгі көрсеткішінің бірі - олардың келешекте оқытатын пәндерін өте жоғары деңгейде білуі. Өзінің келешекте оқытатын пәнін білмеген маманнан ешуақытта жақсы ұстаз шықпайды. Бұл - өмір шындығы және дау шақырмас ақиқат. Математикалық немесе әдістемелік тұрғыдан болсын мұғалім материалдарды дұрыс, айқын, дәл баяндау үшін, алдымен, өзі сол материалдарды түсінуі, оны баяндаудың егжей-тегжейіне дейін білуі тиіс.

Математиканы оқытуда биік нәтижеге жетуде материалдарды жан-жақты баяндау - болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғару оқу орындары үшін ерекше көңіл аударарлық мәселе. Бұл студенттердің творчестволық әдістемелік көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарындағы математика курстарында студенттерге пропедевтиканы жүзеге асыру әдістерін үйрету аса маңызды. Бұл мақсаттарды курстың қандай бір бөлімін оқытудың алдында кіріспе лекциялар бойынша және қатаң анықтамасына дейін түсініктерді қолдану арқылы жүзеге асырған жөн. Бірінші жағдайда студенттердің, яғни болашақ мұғалімдердің алдында сол оқытылатын курстың мақсаты мен құрылысы айқындалады, алдағы уақытта шешетін проблемалары тұжырымдалады. Екінші жағдайда болашақ мұғалімдердің математикалық мәдениеті мен дүние танымы қалыптасады.

Болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби даярлықтарының негізгі көрсеткіштерінің бірі-барлық оқу жұмыстарын мотивациямен қамтамасыз ету. Ол болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарындағы оқу процесін үйлесімді етуге мүмкіндік туғызады. Мотивация, сонымен қатар студенттердің дұрыс әдістемелік көзқарастарын қалыптастыру үшін өте қажет, себебі, олар алдағы педагогикалық іс-әрекеттерінде тек дұрыс білім беріп қана қоймай, оқушылардың оқу іс-әрекеттерін басқара білулері тиіс. Сондықтан жоғары оқу орындарында студенттерге әрбір жаңа түсініктерді енгізгенде олардың құрылымының мотивациясының мәнін ашатын көптеген дәлелдер мен мысалдар қолдануды үйрету қажет.

Білім берудегі Кембридж тәсілінің теориялық негіздері бойынша қашықтықтан оқыту кезеңінде өз іс-тәжірибемді жеті модуль бойынша іске асыра отырып, мен өз сабағыма өзгерістер енгіздім. Іс - тәжірибенің алғашқы сабағында оқушылардың білім беру ортасын құру, оқу ептілігін дамытуға назар аудару, оқушылардың бір – бірімен қарым-қатынасын жақсарту мақсатында ынтымақтастық атмосферасын құру. Сабақтың мақсатында сыныпта топтық ережені құруды, өзін - өзі реттеуді, ынтымақтастыққа үйрету қарастырылды. Сабақ барысында оқушылардың өзін - өзі реттеуге байланысты белсенділік деңгейін анықтау, топтық ережені құру ұсынылды. «Өзім туралы айтқым келеді», «Менің жағымды және жағымсыз қылығым» тақырыптарда пікір айтуын және рефлексия (алған әсері жайынды қортынды) түрінді жазуын ұсындым. Бұл идеяларды қарастырған себеп: оқушылар өз бойындағы жағымсыз қасиеттерден арылуға, бір-бірін сыйлауға, сыныптағы психологиялық ахуалды жақсарту. Сынып оқушылары бір-бірімен жұмыс істеуде өздерін еркін сезінді. Оқушылармен арамызда ынтымақтастық атмосферасы қалыптасты. Нәтижесінде, оқушылар топтық ережеге бағынуға, берілген тапсырмаларды ұйымшылдықпен орындауға, өзара пікір алысуға, ынтымақтастыққа, өз ойларын еркін жеткізуге үйренді. Мектеп пен оқуға деген жағымды қарым-қатынас қалыптасты.

Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету үшін өткен сабақтарымда тақырыпқа байланысты әртүрлі суреттер, көріністер, видеороликтер тағы басқа жолдармен оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, көргендерін, есіткендерін байқағандарын өз тілі мен айтып түсіндіріп, бір-бірімен ой бөлісіп, пікір таласып, ойлағанын дәлелдеп шықты, нәтижеде тіл байлығы дамып еркін сөйлеуге, бір – бірін тыңдауға және сыйлауға, шыдамдылыққа сабырлылыққа , ойын толықтыруға үйренді.. Ол үшін ұстаздың кәсіби шеберлігінің негізі, біріншіден, мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымы; екіншіден, пәнді жетік білуі, ойын оқушыларға толық жеткізу үшін жан-жақты қасиеттерді сіңіруі; үшіншіден, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін міндетті түрде меңгеруі тиіс. Ұстаз көп біліп қана қоймай, сол білгендерін оқушыға бере білуі қажет. Ұстаз шеберлігінің тағы бір ең басты қасиеті - әдеп. Әдеп-мұғалімнің әрбір нақты іс үстінде тәрбие мәселесінің ең ұтымды әдіс-тәсілдерін қолданып, оқушыларды еліктіріп әкететін кәсіптік сапасы. Оқушылармен қарым-қатынас тұрғысынан қарағанда педагогикалық әдеп мұғалімнің жан-жақтылығының, оның идеялық сенімінің, жүріс-тұрыс мәдениетінің, мамандығына байланысты ізденіс жемістері қорының жиынтығының айнасы болып есептелінеді, ең маңыздысы мұғалім оқушыларды жақсы көріп, оларды сыйлап, басқаларға үлгі болуы керек. Білім беру үшін бағалау және оқытуды бағалау моделін пайдалана отырып оқушыларды және оқытуды бағалау моделін пайдалана отырып оқушыларды білімдерін бағалауға ерекше көңіл бөлуге юолады. Дәстүрлі сабақ барысында оқушыларды тек қана салыстырмалы түрде бағалайтын, енді ең алдымен оқушылар өз-өзін бағалады, бірін-бірі бағалады, формативті және жиындық бағалап отырды бірақ біраз кедергілер де болатыны анық. Егер барлық сабақтарда бағалауға дұрыс көзқараспен қарайтын болсақ, оқушыларды еңбегін барлық жағынан ескеріп бағаланса сабаққа деген қызығушылығы артады.

Сабақта білім беру үшін бағалау және оқытуды бағалау модулі бойынша сәйкестендіру кестесі, сұрақ – жауап, диалог, жиынтық бағалау, формативті бағалауды пайдаланған жөн.

Бұл модульдің тиімді жақтары оқушылардың өз бетінше жұмыс және өзінің ойын еркін айтуға үйренеді. Сұрақ – жауап арқылы оқушылар ізденуге және ойлауға дамытуға болады.

Нәтижеде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады. Қайталау сабақтарында дербес компьютер құрылғыларын көрсету нәтижесінде оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға өз бетінше жұмыс істеуге, ереже құрастыруды ұсынса болады. Мектеп жасындағы оқушылардың негізгі ерекшелігі-білімді қызығушылықпен алуы. Ол үшін оқу үрдісін бала талпынатындай және қызығатындай ұйымдастыру керек.

Әр сабақтарда АКТ-ны қолдану, оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, жеке дара ерекшеліктерін ескеру таным қабілеттерін айқындай отырып, өз бетінше жұмыс істеуге баулу. Сабақ барысында ақпараттық, ойын, диалогтық оқыту, дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологияларының элементтерін қолдану да оқушының өз білімінің қакдай дәрежеде екендігін сезінуіне көмектеседі. Бұл технологиялардың оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруда алатын орны ерекше. Оқушының ойы шыңдалып белгілі бір жетістіктерге жетеді, танымдық белсенділігі, сабаққа қызығушылығы артады, өз бетінше талпынады. Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану моделін қолдана отырып, сабақта уақытын тиімді пайдаланып, оқушылар көрнекіліктерді көзбен көріп, оны тәжірибеде орындап теория мен практиканы салыстырып отырды.

АКТ оқушының пәнге қызығушылығын арттырып, интеллектуалдық, шығармашылық белсенділігін, дарындылығын дамыту факторларының бірі, сондай-ақ ұстаз үшін шеберлік пен сауаттылығын арттыра отырып, даму бағытына сәйкес іздемпаздылыққа үйрету құралы. Ақпараттық оқытудың тиімділігін төмендегі бағыттарға бөлуге болады:

- білім, білік дағдыны игеру үшін қажетті қор ретінде оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды,

- ақпараттық технология оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы-оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдысын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан дамыту» сын тұрғыдан ойлау бағдарламасының қазіргі таңда білімді, білгенін өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу, ұқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білу, проблеманы шеше білу, пікірталасты жүргізе білу қабілеті қалыптасады. Білім беру үшін бағалау және оқытуды бағалау әдісі бойынша оқушыларға-әдепті ұстаз болмай тұрып, шебер ұстаз болу мүмкін емес. Сонымен, ұзтаздық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы жан-жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол - әр сөзді түсініп, оны бағалай білуінде, сондықтан оқушыларға «Сендер өз білімдеріңді өздерің бағалауды үйренсең, сонда ғана бір-біріңді және басқаларды бағалай аласындар, еңбегін қадірлей аласыңдар»-деп айту нәтижесінде оқушылар өзін-өзі жалпы жұмыста бірін – бірі бағалауды жұппен жұмыста, джиксо әдісі бойынша басқаларды бағалауды үйренеді.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту әдісінде мұғалім осы ерекшеліктерді ескере отырып, жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беруді жүзеге асыруы қажет болады. Сонымен қатар, мектептерде жекелеген ауылдық өңірлерінде кездесетін жас шамасы әртүрлі сыныптарда тиімді оқыту және білім беру әдістерін іске асыру жолдарын қарастырған жөн.

Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес,тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және ақпараттық –коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Жалпы орта білім. –Алматы: РОНД, 2017.

2 Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. Педагогика- Пресс, 1999.

3 Выготский Л.С. Мышление и речь. Лабиринт, 2012.

4 Білім туралы. – Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Литера, 2015.

5 Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік» ДББҰ, 2012

6 «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы

7 Мұғалімге арналған нұсқаулық. ІІІ (негізгі) деңгей. Астана.2012.

8 Негізгі мектептің 5,6 – сыныптың информатика бағдарламалары. Астана, 2009.

9 Методика преподавания информатики в средней школе. Ю.М.Колягин, В.А. Оганесян. Общая методика. Уч. Пособие для студ. Ф-м фак. Пед. Инс-в. –М.:Просвещение, 1975.

10 Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев. Педагогика. Алматы, 2005.

11 А.Дистервег. Учителя и инновации. М., 1991.

12 М.Жұмабаев. Педагогика. Алматы. 1952.

13 К.Өстеміров. Оқыту құралдары. Алматы, 1990.

14 К.Халықова. Информатиканы оқыту. Алматы, 2005.

15 М.А.Чощанов. Введение в педагогическую культуру / Под ред. Е.В. Бондаревской. Ростов н/Д, 1995.

УДК 002.6:37.016
ГРНТИ 20.01.45

С.Е. Алдешов[1], Б.С. Қалдарова[2], С. Дайырбеков[3], А.С. Сансызбаева[4]

[1]п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қ., Қазақстан
[2] т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қ., Қазақстан
[3]т.ғ.к., доцент, Сырдария университеті, Жетісай қ., Қазақстан
[4] М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің магистранты,
Шымкент қ., Қазақстан

ҚОЛДАНБАЛЫ ПРОГРАММАЛАР ПАКЕТТЕРІН БЕЙІНДІК ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бейінді оқыту – білім беру үрдісінің құрылысының, мазмұнының және ұйымының өзгеруіне байланысты білім алушылардың қызығушылықтарын, икемділіктерін және мүмкіншіліктерін толығынан ескеруге, кәсіптік мақсаттарына және білім алуды жалғастыруға қатысты ниеттеріне сәйкес жоғарғы сынып оқушыларының білім алуы үшін талаптарды құруына мүмкіндік беретін білім алудың саралау құралы.

Бұл мақалада информатиканы үйренудің бейіндік деңгейі оқушыларды оқытудың ақпараттық-технологиялық және физика-математикалық бейіндері шеңберінде көрсетілген. Жоғарғы мектеп алдында тұрған басты міндеттердің бірі болып ақпараттық технологиялар дамуының заманауи бағыттары мен оларды жоғарғы оқу орындарында қолдану есебімен білім алушылардың математикалық дайындық сапасын арттыру болып табылады. Бүкіл әлемде компьютерді жекелеген ғылыми пәндерді оқыту құралы ретінде пайдалану беталысы айқын көрініс беруде. Математикалық зерттеулер жүргізу облысындағы жоғарғы деңгейлі жетістік болып математикалық алгоритмдер мен әдістерді компьютерлік тұрғыдан іске асыруды пайдаланушы үшін максималды түрде оңайлату мақсатында қолданылатын біріктірілген математикалық жүйелерді (біз оларды математикалық пакеттер деп атайтын боламыз) жасау.

Түйін сөздер: Бейінді оқыту, информатика, математика, MathCAD, MatLAB, функцияның туындысы.

Аннотация

С.Е.Алдешов[1], Б.С.Қалдарова[2], С.Дайырбеков[3] , А.С. Сансызбаева[4]

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ПРИКЛАДНОГО ПРОГРАММНОГО ПАКЕТА НА ПРОФИЛЬНОМ ОБУЧЕНИЕ

[1]к.п.н., доцент, Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан
[2]к.т.н., доцент, Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан
[3]к.т.н., доцент, университет Сырдария, г.Жетысай, Казахстан
[4]магистрант Южно-Казахстанского государственного университета им.М.Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан

Профильное обучение – структура процесса обучения, изменения содержания и системы организации в зависимости от интересов, склонностьи и возможности учащихся, учитовая полностью, профессиональную цель и желание относительно продолжения образования в соответствии с анализом требований, позволяющие создавать средства для получения образования старшеклассников.

В рамках статьи показано профильный уровень изучения информатики-это наука обучения учащихся информационно-технологического и физико-математического профилей. Одна из главных задач, стоящих перед высшей школы и современные направления развития информационных технологий с учетом их применения является повышение качества математической подготовки обучающихся в высших учебных заведениях. Во всем мире тенденция использования компьютера как средства обучения отдельных научных дисциплин, четко дает представление о себе. Математические методы и алгоритмы компьютерной реализации с математической точки зрения пользователя является достижением высокого уровня в области проведения исследования для математического упрощения, применяемые в целях максимально интегрированных систем (мы их будем называть математические пакеты).

Ключевые слова: профильное обучение, информатика, математика, MathCAD, MatLAB, пройзводное функций

Abstract

FEATURES OF APPLICATION OF AN APPLICATION-ORIENTED SOFTWARE PACKAGE ON PROFILE TRAINING

Aldeshov S.E.[1], Kaldarova B.S. [2], Daiyrbekov C. [3], Sansyzbayeva A.S. [4]

[1] Cand. Sci. (Pedagogical), Associate Professor, M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

[2]Cand.Sci.(Engineering), Associate Professor, M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

[3] Cand.Sci. (Engineering), Associate Professor, Syrdariya University, Zhetysai, Kazakhstan

[4]Student of Master Programme. M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

Profile training – training process structure, change contents and systems of the organization in dependence on interests, inclination of pupils and opportunities to take into account completely the professional purpose and desire concerning continuation of education according to the analysis of the requirements allowing to create means for education of senior pupils.

Within article it is shown the profile level of studying the informatics - it is science of training the pupils to information and technological and physical and mathematical profiles. One of the main tasks standing before the higher school and the modern directions of development of information technologies taking into account their application is improvement of quality of mathematical training of students in higher educational institutions. Around the world a tendency of use of the computer as tutorials of separate scientific disciplines, accurately give to be known. Mathematical methods and algorithms of computer realization of the mathematical point of view of the user, achievement of high level in the field of carrying out researches for mathematical simplification, applied for most integrated systems is (we will call them mathematical packages).

Keywords: profile training, informatic, mathematics, MathCAD, MatLAB, derivation of functions.

Бейінді оқыту – білім беру үрдісінің құрылысының, мазмұнының және ұйымының өзгеруіне байланысты білім алушылардың қызығушылықтарын, икемділіктерін және мүмкіншіліктерін толығынан ескеруге, кәсіптік мақсаттарына және білім алуды жалғастыруға қатысты ниеттеріне сәйкес жоғарғы сынып оқушыларының білім алуы үшін талаптарды құруына мүмкіндік беретін білім алудың саралау құралы. Сонымен бірге елеулі түрде жеке білім алу траекториясын салу мүмкінкіндіктері кеңейеді. Бейінді оқытуды енгізудің мақсаты – жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныптарында оқушыны еңбек нарығының нақты сұраныстарын ескере отырып әлеуметтендіруге бағытталған арнайы дайындау жүйесін жасау болып табылады.

Бейінді оқытудың негізгі міндеті бағдарлардың икемді жүйесін жасауға және мектептің жоғары сатысын бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беретін мекемелермен үйлестіруге келіп саяды. Сонымен бірге бейінді оқыту жеке тұлғаға бағыттала отырып, мынадай міндеттерді де шешуді қамтамасыз етуі қажет:

- жалпы орта білім бағдарламасының жеке пәндерін тереңдете оқыту;
- білім мазмұнын саралауға және әр оқушының жеке білімдік траекториясын құруға жағдай жасау;
- жалпы орта және кәсіби білім арасындағы сабақтастықты, бағдарлы сынып оқушыларын жоғары оқу орнында білімін жалғастыруға дайындауды қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта мектептегі білім берудің жоғарғы сатысында бейіндік оқыту кең ауқымда пайдаланылып отыр. Мұндай оқыту үйренушілердің қызығушылықтарын, бейімділіктері мен қабілеттерін барынша толық ескеруге, жоғырғы сынып оқушыларының білімін жалғастыруға қатысты олардың кәсіби қызығушылықтары мен мақсаттарына сай білім алуы үшін білім беру процесінің құрылымында, мазмұнында және ұйымдастыруында жасалатын өзгерістер есебінен жағдай жасауға мүмкіндік береді. Жоғарғы мектептегі «Информатика» пәні базалық немесе бейіндік деңгейде үйретілуі мүмкін. Информатиканы үйренудің бейіндік деңгейі оқушыларды оқытудың ақпараттық-технологиялық және физика-математикалық бейіндері шеңберінде көрсетілген. Жоғарғы мектеп алдында тұрған басты міндеттердің бірі болып ақпараттық технологиялар дамуының заманауи бағыттары мен оларды жоғарғы оқу орындарында қолдану есебімен студенттердің математикалық дайындық сапасын арттыру табылады. Бүкіл әлемде компьютерді жекелеген ғылыми пәндерді оқыту құралы ретінде пайдалану беталысы айқын көрініс беруде. Математикалық зерттеулер жүргізу облысындағы жоғарғы деңгейлі жетістік болып математикалық алгоритмдер мен әдістерді компьютерлік тұрғыдан іске асыруды пайдаланушы үшін максималды түрде оңайлату мақсатында қолданылатын біріктірілген математикалық жүйелерді (біз оларды математикалық пакеттер деп атайтын боламыз) жасау табылады. Олар пайдаланушының заманауи интерфейсін, математикалық есептерді шешушілерді – сандық та, аналитикалық (символдық) та қуатты графика құралдарын қамтиды.

Математикалық білім сапасын арттырудың, қолданбалы білім мен дағдыларды қалыптастырудың тиімді құралы болып ақпараттық технологияларды пайдалану табылады. Информатика тұрғысынан математикалық пакет дегеніміз – бұл пайдалаушының заманауи интерфейсін, математикалық есептерді шешушілер мен есептеу нәтижелерін визуалдау құралдарын қамтитын ғылымның, техника мен білімінің түрлі облыстарындағы метаматикалық есептердің шешімін автоматтандыруға арналған ақпараттық технология. Математикалық пакеттердің басты артықшылықтарының бірі келесіден тұрады: олар пайдаланушыларды қолмен есептеу машақаттарынан босата отырып, есептерді шешу алгоритмдері мен оларды шешу тәсілдерін ойластыру үшін уақыт сыйлайды, максималды көрнекі түрде есептеу нәтижелерін ұсыну мүмкіндігін беріп, сонымен қатар түрлі сандық әдістің іске асуын қамтитын бірқатар функцияларға ие болады.

Бүгінгі күні математикалық жабдықтау нарығында пайдаланушыға төмендегідей мүмкіндіктер ұсынатын MathCAD, MatLAB, Eureka, Mathematica, Derive, Maple секілді сан-алуан математикалық пакеттердің үлкен саны кездеседі. Олар:

- арифметикалық және логикалық операциялар, алгебралық, тригонометриялық және кері функцияларды есептеу;
- кез-келген (2-ден 36-ға дейінгі негізі бар) есептеу жүйесіндегі туынды разрядты сандармен жұмыс;
- шынайы және кешенді сандармен операциялар;
- символдық және сандық дифференциалдау мен интегралдау, разряд элементтерінің қосындылары мен туындыларын, функция шектерін есептеу;
- векторлармен және матрицалармен операциялар;
- формулалар түзу;
- өріс және векторлық талдау теориялары есептерін шешу (градиентті, потенциалды, дифергенцияны және т.б. есептеу);
- ақпаратты графиктік түрде көрсету (бір айнымалыға тәуелді функциялар, полярлы графиктер, беттер графигі, деңгейлік сызықтар карталары,веторлық өрістер және тағы басқалар) және пайдаланушының өте қамқор интерфейсі;
- өлшемдік бірліктермен есептеулер жүргізу;
- символдық есептеулер және басқалар.

Қолданбалы бағдарламалардың түрлі пакеттерінің арасында MathCAD компьютерлік алгебра жүйесі күрделі математикалық есептеулерді автоматтандыруға және оларды қарапайым дәптердегі шешімге дәстүрлі түрде безендіруге мүмкіндік беретін интуициялық ұғынықты интерфейспен ерекшеленеді.

Іс-тәжірибе көрсеткендей, MathCAD жүйесін «Алгебра және анализ бастамалары» пәнін оқыту үдерісінде қолдану келесідей бірқатар педагогикалық міндеттердің шешілуіне мүмкіндік береді:

- компьютерді пәнді оқытуда көмекші ретінде пайдалана отырып, студенттер мотивациясын арттыру;
- жаңа жағдайға бейімдей отырып, барынша терең білім мен дағдыны қалыптастыру;
- математиканы оқытуда көрнекілікті қамтамасыз ету;
- көркем жазу мәдениетін арттырып, құжаттарды сапалы өңдеуге үйрету.

Қарастырылып отырған жұмыс дифференциалдық теңдеулерден тыс болашақ информатика бакалаврлары үшін сәйкес курс шеңберінде алгебра және анализ бастамаларының барлық бөлімдері бойынша сарамандық (практикалық) сабақтар жасалымдарын қамтиды.

Сабақтардың әрбірі сәйкес бөлімді өту соңында жүргізілетіндіктен, өтілген материалды қорытуға және типтік есептерді шешу алгоритмдерін бекітуге мүмкіндік береді.

Жұмыс барысында студенттерді бағдарлама интерфейсімен танысып, жұмыстың қарапайым машықтарын игеруіне мүмкіндік беретін «Функцияның туындысы» тақырыбы бойынша сабақ ұсынылып, ол мектеп математика курсын қайталау үдерісінде қолданылуы мүмкін. Материалды өту соңында алдымен дәстүрлі әдіспен, ал кейін MathCAD жүйесін пайдалана отырып өз бетінше шешуге арналған есептер ұсынылып, мұны дәптерде де, компьютерде де шешімін сауатты түрде безендіру қажет болады. Бұдан өзге, математикалық талдау курсының барлық негізгі бөлімдерінің қайталануы мен осы курсың қолданбалы бағыттылығының күшеюін қамтамасыз ететін «Функцияның графигін салу» тақырыбы бөлек қарастырылған.

Сабақтағы жұмысқа арналған материал мына мәселелерді қамтиды:

1) осы тақырып бойынша есептерді шешу үшін қажет бағдарламамамен жұмыс жасау ерекшеліктері туралы негізгі мәліметтер,

2) талдау мен қорытуды талап ететін өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар,

3) бағдарламаны пайдалану дағдыларының қалыптасуын, әрі осы өтілген пән бойынша есептердің дәстүрлі шешімін бақылауға арналған бақылау тапсырмалары.

Құрал сабақты ұйымдастырудың белгілі-бір құрылымына бағытталмаған. Ол аудиториялық сабақтарды жүргізу үшін де қолданылуы, сонымен қатар студенттің өзіндік жұмысын бақылау үшін де пайдаға асуы мүмкін. Сабақ компьютерлік сыныпта жүргізіліп, топпен қорғалатын зертханалық жұмыс немесе есеппен безендірілетін өзіндік жұмыс ретінде ұйымдастырылуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ершов А. П. Теориялық бағдарламалауға кіріспе. Әдістер туралы әңгіме. – М.: Наука, 1977. – 287 б.

2 Кушниренко А.Г., Лебедев Г.В. Математиктерге арналған бағдарламалау: ЖОО арналған оқу құралы, – М.: Наука, 1988. – 384 б.

3 Кушниренко А.Г., Лебедев Г.В., Сворень Р.А. Есептеу техникасы және информатика негіздері: ЖОО білімгерлеріне арналған сынама оқулық – М.: Наука, 1989. – 384 б.

4 Беленкова И.В. ЖОО «Сандық әдістер» курсын оқыту: математикалық пакеттері // Қазіргі заманғы жағдайында физика және информатика мұғалімдерін даярлаудың тиімділігін арттыру:Ххалықаралық конференция материалдары. Екатеринбург, 2002. Б. 70-73.

5 Беленкова И.В. Функцияларды интерполирациялау үшін салыстырмалы талдау бағдарламалық құралдары // Жалпы кәсіби және қосымша білім беруді ақпараттандыру: электрондық ғылыми-практикалық конф. материалдары, Оренбург, 2003.

УДК 002.6:004.65; 002.6:004.62/.63
ГРНТИ 20.23.17

Д.Қ. Даркенбаев[1]

[1] әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «6D075100-Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығының 1-курс докторанты

BIG DATE. ҮЛКЕН КӨЛЕМДІ ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада үлкен көлемді деректер қорын өңдеуге қажетті мәліметтер мен оны өңдеу барысында тап болатын қиындықтарға жан-жақты тоқталатын боламыз. Бұл үлкен ауқымды жұмыс болғандықтан қарапайым амалдардан бастағанды жөн көрдік. Big Date термині қашан және қалай пайда болды деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Бұл термин пайда болғанына да көп уақыт болған жоқ, кейбір ақпарат көздеріне сүйенсек 2011 жылдан бастап қолданысқа ене бастады. Терминді алғаш рет ойлап тауып қолданған маркетологтар еді. Шын мәнінде Big Date не болуы мүмкін? Күнделікті өмірлік тәжірибемізде көптеген анықтамаларды оқып көзіміз көрді. Деректер көлемі 100Гб (500Гб, 1Тб т.б) асып кеткенде бұл термінді қолданады екенбіз, демек Big Date үлкен көлемдегі деректер қоры болып табылады.

Түйін сөздер: Үлкен көлемді деректермен жұмыс істеу қағидалары

Аннотация

Д.К. Даркенбаев[1]
[1] PhD докторант КазНУ имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

BIG DATE. ПРИНЦИПЫ РАБОТЫ С БОЛЬШИМИ ОБЪЕМАМИ ДАННЫХ

В этой статье мы сосредоточим внимание на информации, необходимой для обработки большой базы данных и трудностей, связанных с ее обработкой. Это большая работа, и мы должны начать с простых действий. Давайте найдем ответ на вопрос о том, когда и как появился термин Big Date. Маркетологи придумали и использовали этот термин в первый раз, с 2011 года во всем мире начали использовать этот термин. Что может быть большие данные на самом деле? В нашем повседневном опыте мы читали и тестировали множество определений. Мы используем этот термин, когда объем данных превышает 100 ГБ (500 Гб, 1 Тб и т. Д.), Поэтому Big Date - это большая база данных.

Ключевые слова: Принципы работы с большими объемами данных

Abstract

BIG DATE. PRINCIPLE OF WORKING WITH LARGE AMOUNTS OF DATE

Darkenbayev D.K. [1]

[1]*PhD doctoral student of the KazNU named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan*

In this article, we will focus on the information needed to handle a large database and the difficulties associated with processing it. This is a big job, and we need to start with simple actions. Let's find the answer to the question of when and how the term Big Date appeared. Marketers used this term for the first time, since 2011 everyone started using this term. What can be the big data really? In our everyday experience, we read and tested many definitions. We use this term when the amount of data exceeds 100 GB (500 GB, 1 TB, etc.), Therefore Big Date is a large database.

Key words : Principles of working with large amounts of data

Үлкен көлемді деректерді біз Exel бағдарламасында тіпті 1 компьютерде өңдей алмаймыз. Big Date дегенде үлкен көлемді деректер қорын ғана емес оларды өңдеу әдістерін және көптеген ақпараттарды жинақтай алады екенбіз. Бұл әдістер үлкен көлемді деректер жинақтарына қолданылады.

Big Data анықтамасына сүйене отырып, біз осындай деректермен жұмыс істеудің негізгі қағидаларын тұжырымдай аламыз:

1. Көлденең масштабтау. Қажет болғанынша көп деректер болуы мүмкін - үлкен деректерді өңдеуді қамтитын кез келген жүйе кеңейтілуі керек. Деректердің саны екі есе кластердегі темір мөлшері екі есе өсіп және бәрі де жұмысын жалғастырады.

2. *Қателікке төзімділік*. Көлденең масштабтау принципі кластердегі көптеген машиналардың болуы мүмкін екенін білдіреді. Мысалы, Yahoo-ның Hadoop кластерінде 42 000-нан астам машиналар бар (бұл сілтеме түрлі ұйымдардағы кластер өлшемдерін көрсетеді). Бұл дегеніміз, кейбір машиналардың сәтсіз қызмет көрсетуіне кепілдік береді. Үлкен көлемді деректермен жұмыс істеу әдістері мұндай сәтсіздіктердің мүмкіндігін ескеруі және оларды ешқандай маңызды салдарсыз көруі керек.

3. *Деректердің орналасуы.* Үлкен бөлінген жүйелерде деректер көптеген машиналарға бөлінеді. Егер деректер бір серверде физикалық тұрғыда орналасса және басқа серверде өңделсе, деректерді жіберу шығыны өңдеу шығындарынан асуы мүмкін. Сондықтан, BigData шешімдерін әзірлеудің ең маңызды қағидаларының бірі деректердің орналасу принципі болып табылады. Егер мүмкін болса, біз оны сақтайтын бір машинада деректерді өңдейміз.

Үлкен көлемді деректермен жұмыс істеудің барлық заманауи құралдары осы үш қағидаға сәйкес келеді. Оларды қадағалау үшін деректерді өңдеу құралдарын әзірлеу үшін кейбір әдістерді, әдістерді және парадигмаларды ойлап табу қажет. Бүгінгі мақалада біз ең классикалық әдістердің бірін талдаймыз.

MapReduce - компьютер кластерлерінде деректердің үлкен көлемін өңдеу үшін Google компаниясы ұсынған деректерді өңдеудің бөлінген моделі. MapReduce келесі 1-суретте жақсы сипатталған:



Сурет 1

MapReduce деректер кейбір жазбалар түрінде құрастырылған деп есептейді. Деректерді өңдеу 3 кезеңде жүргізіледі:

Map кезеңі. Бұл кезеңде қолданушы анықтайтын деректер map() функциясының көмегімен өңделеді. Кезеңнің жұмысы деректерді фильтрлеп, алдын-ала өңдеуге негізделген. Жұмыс бағдарламалау тілдерінің функционалдық амалдарына ұқсас, қолданушы анықтайтын функция әрбір кіріс жазбасына қолданылады. Бір кіріс жазбасына қолданылған map функциясы көптеген кіл-мән жұп жиындарын шығарады. Жиын-бір ғана жазба беруі, бермеуі де мүмкін немесе бірнеше кілт-мән жұптар беруі мүмкін. Кілтте немесе мәнде не болады оны қолданушы өзі шешеді, бірақ кілт өте маңызды, себебі бір кілтпен деректер болашақта reduce функциясымен бір жолға түседі.

Shuffle кезеңі. Қолданушы үшін білінбей өтіп кетеді. Бұл кезеңде map функциясының шешімі қорларға бөлінеді, әрбір қор map кезеңінің бір шешім кілтіне сәйкес келеді. Болашақта бұл қорлар reduce-ке кіріс ретінде қызмет етеді.

Reduce кезеңі. Shuffle кезеңінде әрбір мәні бар қор reduce() функциясының кірісіне түседі. Reduce функциясы пайдаланушы өзі мән енгізеді және жеке қор үшін түпкілікті нәтижені есептейді. Reduce функциясы арқылы қайтарылған барлық мәндердің жиыны MapReduce міндеттерінің соңғы нәтижесі болып табылады. MapReduce туралы қосымша ақпараттарға тоқтала кетсек:

1. *Map* функциясының барлық бастамалары дербес және параллель жұмыс істей алады оның ішінде әртүрлі кластерлік машиналарда да жұмыс жасай алады.

2. *Reduce* функциясының барлық бастамалары дербес және параллель жұмыс істей алады оның ішінде әртүрлі кластерлік машиналарда да жұмыс жасай алады.

3. *Shuffle* ішінде араластыру параллельді сұрыптауды білдіреді, сондықтан ол әртүрлі кластерде жұмыс істей алады. 1-3 тармақтар көлденең ауқымдылық принципін орындауға мүмкіндік береді.

4. *Map* функциясы әдетте, деректер сақталатын сол машинада қолданылады - бұл деректерді желі арқылы беруді азайтуға мүмкіндік береді (деректердің орналасу принципі).

5.*MapReduce* - бұл ешқандай индекстері жок әрдайым деректерді сканерлеу. Бұл дегеніміз, MapReduce жауап өте жылдам қажет болған жағдайда нашар қолданылады деген сөз.

MapReduce арқылы тиімді шешілетін есептердің мысалдары:

Сөздердің санына қатысты қарапайым есептен бастайық, есеп мына түрде тұжырымдалған. Үлкен көлемді құжатта қайталанатын әр сөздің жалпы санын есептеу. Есепті шығару үшін Python бағдарламалау тілін пайдаланамыз. Бұл есептің шешімі төмендегідей болмақ:

```
def map(doc):
        for word in doc:                def reduce(word, values):
                yield word, 1                   yield word, sum(values)
```

Map функциясы кіріс құжатын жұп жиынтыққа айналдырады. (сөз 1), Shuffle кіріс құжатын жұптарға айналдырады. (сөз[1,1,1,1,1,1]), reduce осы бірліктердің сомасын қысқартады, сөздің соңғы жауабын береді.

Жарнамалық жүйенің журналдарын өңдеуге қатысты бір есепке тоқталсақ, Нысанның жарнамалық жүйесі csv-log бар және ол мына түрде:

```
<user_id>,<country>,<city>,<campaign_id>,<creative_id>,<payment></p>

11111,KZ,Almaty,2,4,0.3
22222,KZ,Astana,2,3,0.2
13413,UZ,Tashkent,4,11,0.7
…
```

Тапсырма: Қазақстан қалаларында жарнаманың орташа құнын есептеу қажет.

Шешімі.

```
def map(record):
        user_id, country, city, campaign_id, creative_id, payment = record.split(",")
        payment=float(payment)
        if country == "KZ":
                yield city, payment
```

```
def reduce(city, payments):
        yield city, sum(payments)/len(payments)
```

Map функциясының осы жазбаны қажет ететіні тексеріледі, қажет болған жағдайда ол өзіне керекті ақпаратты (қаланың және төлемнің мөлшерін) қалдырады. Қысқарту функциясы осы қаланың барлық төлемдерінің тізбесі, бар қала үшін соңғы жауапты есептейді..

Бұл мақалада біз бірнеше үлкен көлемді деректерді өндеуді қарастырдық. Үлкен көлемді деректер дегеніміз не? Жалпы ол қайдан пайда болады деген сұрақтарға жауап іздедік. Mapreduce парадигмасына тоқталдық. Үлкен көлемді деректер, [bɪɡ deɪtə] - адамның оқуға қабілетті нәтижелерін алу үшін үлкен көлемде және айтарлықтай алуан түрлі құрылымдық және құрылымдық емес деректерді өңдеу тәсілдері, құралдары мен әдістері, 2000 жылдың соңында қалыптасқан компьютерлік желінің көптеген тораптарына бөлу, дәстүрлі дерекқорды басқару жүйелеріне және Business Intelligence сыныбының шешімдеріне сәйкес шешімдер қабылдады. Үлкен мағынада «үлкен деректер» дегеніміз үлкен деректер жиынтығын талдау үшін технологиялық мүмкіндіктердің пайда болуымен байланысты әлеуметтік-экономикалық құбылыс, кейбір проблемалық облыстарда - бүкіл дүниежүзілік деректер көлемдері және нәтижедегі трансформациялық салдар болып табылады. Мақалада мен теорялық негіздерге көп сүйендім, алдағы мақалаларымда практикалық бөлімге көп тоқталатын боламын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 *Бондарь А.Г. MS SQL Server 2012. Создание баз данных и разработка программ.- БХВ-Петербург ,2013.-608б.*

2 *Мамаев Е. MS SQL Server. Проектирование и реализация баз данных. Сертификационный экзамен.- СПб,:BHV,2004.-416б.*

3 *Томас Коннолли, Каролин Бегг Проектирование, реализация и сопровождение. Петербург,2003.-329б.*

4 *Джо Майо: Самоучитель Microsoft Visual Studio 2010.- BHV,2011.-464б.*

5 *Бөрібаев Б. Программалау технологиялары С/С++. Алматы,2011.-125б.*

УДК 372.652.105-001.
ГРНТИ 14.01.29

Л.А. Жанбаева[1], Ж.А. Жанбаева[2]

[1] тех.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2] магистр, Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ақпараттық технологияларды орта және жоғары оқу орындарында қолданудың ерекшеліктері көрсетілген. Сондай-ақ, оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктері талқыланып, заманауи технологиялар білім алушының сабаққа деген қызығушылығын қалыптастырып, оқуды тиімді етеді. Оқу үрдісіне жаңа технологияны енгізу – бұл дегеніміз уақыт сұранысы ғана емес, студент рөлінің артуының көрсеткіші және ақпаратты алу мен игерудің тиімді әдісі болып табылады. Ақпараттық технологиялар студенттерге ақпараттармен алмасуға мүмкіндік беретін жаңа технологиялық құралдарды қолдану арқылы қоршаған ортаның ақпараттық ағымында бағдар көрсетуге, мағлұматтармен жұмыс жасау тәжірбесін алуға, біліктілігін арттыруға көмектеседі.

Түйін сөздер: ақпараттық технология, ендіру, тиімділік, үрдіс, мүмкіндік.

Аннотация

Л.А. Жанбаева[1], Ж.А. Жанбаева[2]
[1]к.тех.н., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2] магистр, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

В данной статье рассматриваются основные особенности использования информационных технологий при обучении школьников и студентов высших учебных заведений. Также проанализированы возможности и преимущества использования информационных технологий в процессе обучения. Внедрение современных технологий в образовании делает обучение более эффективным и повышает интерес к изучаемому предмету. Активное внедрение информационных технологий в учебный процесс – это не только веление времени, но и результат повышения роли студентов в образовательном процессе, их стремления найти новые эффективные способы получения и освоения информации. Таким образом, информационные технологии помогают студентам ориентироваться в информационных потоках окружающего мира, овладевать практическими способами работы с информацией, развивать умения, позволяющие обмениваться информацией с помощью современных технических средств.

Ключевые слова: информационная технология, внедрение, эффективность, процесс, возможность.

Abstract

PECULIARITIES OF APPLICATION OF INFORMATION TECHNOLOGIES

Zhanbayeva L.A.[1]*, Zhanbayeva Zh.A.*[2]

[1] *Cand.Sci. (Engineering), Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

[2] *Master in Physics, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

In this article the basic features of the use of information technologies are examined at educating of schoolchildren and students of higher educational establishments. Possibilities and advantages of the use of information technologies are also analysed in the process of educating. Introduction of modern technologies in education does educating more effective and promotes interest in the studied object. Active introduction of information technologies in an educational process is not only a dictate of time but also result of increase of role of students in an educational process, their aspirations to find the new effective methods of receipt and mastering of information. Thus, information technologies help students to be oriented in the dataflows of the surrounding world, seize the practical methods of work with information, to develop abilities allowing to share information by means of modern technical equipments.

Key words: information technology, introduction, efficiency, process, possibility.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Тұрғындардың компьютерлік сауаттылығын, соның ішінде әр түрлі ынталандырушы бағдарламалардың есебінен де көтеру қажет. Мен Қазақстандықтарды ақпараттық технологияларды белсендірек игеруге шақырамын.» деп атап өтті [1].

Егеменді еліміздің тірегі – қазіргі білімді ұрпақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кіріп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі ақпараттық технология» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты. XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Өйткені, оқушы мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар іс жүзіндегі білімінің алғы шарттарын меңгеруі тиіс. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, окытудың әдіс- тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны қолдану әдісі зор рөл атқарады. Осы орайда Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауындағы «оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, сабақта ақпараттық технологияларды пайдалануға жаппай көшуіміз керек.

Ақпараттық технология дегеніміз – объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтер жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс.

Білім беру үдерісін ақпараттандыру бұл ақпараттық технологияларды қолдану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздесе, білім беруді ақпараттандыру бұл танымдық іс - әрекетті қайта құру үшін және білімгерлердің интеллектуалдық мүмкіндіктерін күшейтуге арналған жағдайды құру мақсатында микропроцессорлық техника мен ақпараттарды тарату құралдарының, сондай - ақ осы құралдарға негізделген педагогикалық технологияның базасында ақпаратты жинау, өңдеу, тарату және сақтау әдістері мен құралдарын педагогикалық практикаға жаппай енгізу болып табылады.

Ақпараттық технология келесі жағдайларды қамтамасыз етеді:

- қоғам мүшелері әрекеттерінің тұрақты кеңейетін баспа түрінде жинақталған ғылыми, өндірістік интеллектуалдық потенциалын белсенді пайдалану;

– қоғамдық өндірістің барлық сфераларының дамуын іске асыратын ғылыми және өндірістік ақпараттық технологияларды интеграциялау;

– пайдаланылатын мәліметтердің нақтылығын, бейнеленетін ақпараттардың визуалдылығын, қоғамның кез-келген мүшесінің сенімді ақпарат көздерін пайдалануын, ақпараттық қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру технологиясының басым бағыттарының бірі білімді ақпараттандыру – білім беру сферасын әдістемелік және техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету, оқыту мен тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына негізделген заманауи технологияларды оңтайлы пайдалану болып табылады.

Ақпараттық технологияларды қолданудың ерекшеліктері:

– білім беру жүйесін басқару механизмдерін автоматтандырылған ғылыми-педагогикалық қорларды, коммуникациялық желілерді пайдалану негізінде жетілдіру;

– қазіргі заманғы қоғамды ақпараттандыру шартында тұлғаны дамыту міндеттеріне сәйкес оқыту, тәрбиелеудің ұйымдастырылған формаларын әдістерін, сұрыптау стратегиялары мен әдістемесін жетілдіру;

– студенттердің интеллектуалдық дамуына, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыруға, ақпараттық-оқу, тәжірибелік-зерттеу әрекеттерін іске асыруға, ақпараттарды өңдеу бойынша өзіндік жұмыстардың әртүрлілігіне бағдарланған оқытудың әдістемелік жүйелерін құру;

– студенттердің білім деңгейін бағалау мен бақылауды айқындаушы компьютерлік тестілік бағдарлама жасау әдістемесін құру және қолдану.

– Жоғары оқу орындарында ақпараттық-компьютерлік технологияларды пайдаланудың негізгі бағыттарын төмендегідей етіп бөлуге болады:

– практикалық, семинар және дәріс сабақтарында автоматтандырылған оқу жүйесін қолдану;

– студенттер мен оқытушылардың қашықтықтан қарым-қатынас жасауында, жоғары оқу орындарында білім беруде пайдалану;

– білім беруде ақпараттық білім ортасын мамандыққа байланысты қолдану ерекшеліктерін пайдаланып оқыту;

– психологиялық-педагогикалық зерттеулерде ақпараттық білім ортасын қолдану [2].

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың мазмұнын, әдісін және ұйымдастыру түрлерін сапалы өзгертуге мүмкіндік береді. Педагогикалық бағыттағы мамандарды оқыту жүйесінде ақпараттық-компьютерлік технологияны пайдаланудың мақсаты жаңа ақпараттық қоғамдағы оқып үйренушінің кәсіби даярлықтарын арттыру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сондай-ақ, білім беру жүйесі буындарындағы оқу үдерісін жекелеу, қарқындату мен оқытудың сапасын арттыру әрекеттерін іске асырады. И.Роберттің [3] ғылыми-зерттеу еңбектерінде жаңа ақпараттық технология құралдарын педагогикалық мақсатта қолданудың келесі негіздері белгіленген:

Ақпараттық технологиялардың негізінде оқу-әрбие үдерісінің барлық деңгейін қарқындату бағытында, яғни

– оқыту үдерісі сапасы мен тиімділігін көтеру;

– танымдық іс-әрекет белсенділігін көтеру;

– пәнаралық байланыстарды тереңдету;

– қажет ақпаратты іздеу тиімділігі мен көлемін кеңейту.

Ақпараттық технологияның міндеті – бұл оқушыларға, студенттерге, білімгерлерге өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет. Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың, білімгерлердің білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан, XXI ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді.

Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

– мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);

– компьютер компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта -интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

XXI ғасырда сәттілікке қол жеткізу үшін академикалық біліммен терең ойлау қабілетті жеткіліксіз болады. Себебі, бұл қажетті техникалық біліктілікті талап етеді. Сондықтан да көптеген студенттер ақпараттық технологияларды саласында білім алып келешектегі өздерінің кәсібін сәтті болуына әрекет жасауда. Қуатты, жоғары өндірісті интернетпен толық байланысқан бағдарламалық жасақтама студенттерге ақпаратты құру және алмасу мүмкіндігін береді. Өз жобасын құрдастары мен оқытушылар көріп бағалайды деген ойдың өзі ғана студентті өзінің барлық білімімен мүмкіндіктерін толық қолдануға итермелейді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығынан келесідей қорытынды шығаруға болады: білім беруде ақпараттық технологияларды қолданудың өзектілігі келесі себептермен байланысты:

– Білім берудің жекешелендірудегі ақпараттың технологиялардың көптеген мүмкіндіктерімен;

– Ақпараттық технологияларды қолданғанда және білім берудің сезімталдығын арттыру кезінде студенттердің дағдысын жетілдірумен;

– Байланыстардың кең өрісін қамтамасыз етумен;

– Студенттердің өз бетінше белсенді жұмыс атқаруына жағдай жасаумен;

– Кез-келген адаммен оның кеңістіктегі орнына және уақыттың айырмашылыққа қарамастан интернет арқылы қарым-қатынас жасаумен;

– Оқу материалы сипаттаудағы, әсіресе динамикадағы құрылыстарды моделдеудегі көрнекіліктің жоғарылығымен;

– Ақпараттық технологиялардың дамып келе жатқан барлық интерактивті мүмкіндіктерімен;

– Студентке ыңғайлы кез-келген уақытта ақпараттық технологиялардың қажеттілігімен анықталады.

– Заманауи ақпараттық технология оқу құралы ретінде оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

– Білім беруді ақпараттандыру оқытуды дербестендіру үшін қолайлы жағдайлар жасайды. [4]

Қорыта айтқанда, білімді ақпараттандыру аясында ақпараттық технологияларды білім беруде қолдану студенттердің ақпараттық мәдениетін арттырып, қабылданған кәсіби білім құрылымының сапасын кәсіби тұрғыда қалыптастырады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін - өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» Ел президентінің халыққа жолдауы, 2012 ж.

2 К.М.Беркінбаев, Б.Д.Сыдықов. Информатикалық пәндерді оқытудың педагогикалық технологиясы. // Қазақстан мектебі. 2006, №11, 33-35 б.

3 Роберт И.В. Новые информационные технологии в обучении: дидактическая проблема, перспектива использования // Информатика и образование. 1991, №4, 18-25 б.

4 Әлмұхамбетова Б.А., Ғалымжанова М.А. Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолданылуы // Информатика негіздері. – №5. – А., – 2008. – 128 б.

УДК 002.6:004.65; 002.6:004.62/.63
ГРНТИ 20.23.17

Ә.Б. Жаңбырбаев[1], Ү.Б. Жаңбырбаева[2], Т.Ф. Маратова[3]

[1]ф.-м.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Математика, физика және информатика институтының аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан
[2]ф.-м.ғ.к., Қазақстан-Неміс университетінің доценті,Алматы қ., Қазақстан
[3]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Информатика мамандығы магистранты, Алматы қ., Қазақстан

МЫСАЛДАР БОЙЫНША МӘЛІМЕТТЕР ҚОРЛАРДЫҢ ИЕРАРХИЯЛЫҚ ҮЛГІЛЕРІН ЗЕРТТЕУ СҰРАҚТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада пәндік доменді зерттеудің өзара байланысты объектілерін құрылымдау, жіктеу үшін арналған иерархиялық дерекқор үлгілерінің түрлері зерттеледі. Оларға мыналар жатады: барлық негізгі тораптар бір-біріне тең және сол деңгейде жатыр біртекті ағаштар тәрізді; бір доменді зерттеу объектілері ата-ана мен бала сияқты бір-бірімен байланыстырылуы мүмкін және т.б. күрделі қосылыстары бар ағаштар тәрізді. Олармен жұмыс істеу және экрандық пішіндегі өкілдіктер үшін пішін басқару элементтерінің жетілдірілген кластары әзірленеді, олардың бастысы Tree View Control классы болып табылады. Интернеттегі режимде иерархиялық ағаш түйіндерін өңдеу, филиалдармен жұмыс істеу және т.б. қосу, өңдеуге мүмкіндік беретін әртүрлі пайдаланушы әдістері жасалды.

Түйін сөздер: мәлеметтер қоры, реляциялық модель, иерархиялық модель, ақпараттық қоры, басқару класы.

Аннотация

А.Б. Жанбырбаев[1], У.Б. Жанбырбаева[2], Т.Ф. Маратова[3]
[1]к.ф.-м.н., старший преподаватель Института Математики, физики и информатики при Казахском национальном педагогическом университете им.Абая, г.Алматы, Казахстан
[2]к.ф.-м.н., доцент, Казахстанско-Немецкий университет, г.Алматы, Казахстан
[3]магистрант по специальности Информатика Казахского национального педагогического университета им.Абая, г.Алматы, Казахстан

К ВОПРОСАМ ИССЛЕДОВАНИЯ ИЕРАРХИЧЕСКИХ МОДЕЛЕЙ БАЗ ДАННЫХ НА ПРИМЕРАХ

В статье исследуются виды иерархических моделей (деревьев) баз данных, предназначенных для классификации, структуризации взаимосвязанных объектов исследования различных предметных областей. К ним относятся: однородные деревья, в которых все основные узлы равноправны друг к другу и лежат на одном уровне; деревья со сложной связью, в которых объекты исследования одной предметной области могут относиться друг к другу как родительский и дочерний, и т.д. Для работы с ними и представления на экранной форме разработаны расширенные классы элементов управления формой, основным из которых является класс TreeViewControl. Для него разработаны различные пользовательские методы, позволяющие в online – режиме добавлять, редактировать узлы иерархических деревьев, работать с их ветками и т.д.

Ключевые слова: база данных, реляционная модель, иерархическая модель, информационная база, класс элементов управления.

Abstract

TO QUESTIONS OF RESEARCH OF HIERARCHICAL MODELS OF DATABASES ON EXAMPLES

Zhanbyrbayev A.B.[1], Zhanbyrbayeva U.B.[2], Maratova T.F.[3]
[1]Cand.Sci. (Phys.-Math.), Senior Lecturer of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
[2]Cand.Sci. (Phys.-Math.), Associate Professor, die Deutsch-Kasachische Universität, Almaty, Kazakhstan
[3]Student of Master Programme in Informatics, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

The article explores the types of hierarchical databases models intended for classification, structuring of interrelated objects of research of the subject domain. These include: homogeneous trees in which all the main nodes are equal to each other and lie on the same level; trees with a complex connection, in which objects of investigation of one domain can be related to each other as a parent and a child, etc. To work with them and representations on the screen form, advanced classes of form controls are developed, the main one of which is the Tree View Control class. A variety of custom methods are designed for it, allowing in online - mode, add, edit nodes of the hierarchical tree, work with their branches, etc.

Keywords: database, relational model, hierarchical model, information base, class of controls.

Кіріспе

Мәліметтер қоры (МҚ) заманауи зерттеушілік, құралдық және өнеркәсіптік ақпараттық жүйелердіұйымдастыруда маңызды роль атқарады. МҚ қолданудың пәндік облысы адамдардың өмірлік қызметтерінің көп бөлігін қамтиды. Сонымен қатар, МҚ құруда нақты білім облысындағы сарапшы-мамандардың қатысуы аса маңызды. Алайда, сарапшы-мамандар МҚ-ның негізіне енгізілген мәліметтер моделі, математикалық аппараттың жұмыс жасау принциптері жайлы нақты түсініктері қалыптасқан болуы керек.Екінші жағынан, тіпті кәсіби әзірлеушілер «жақсы» МҚ құру таза ғылымға бағынбай, ой-түйсігінің бөлігін де талап етеді деп шағымданады [1]. Бұл көзқараспен алып қарасақ, болашақта ақпараттық жүйенің адекватты жұмыс істеуі үшін, МҚ моделің таңдау айтарлықтай маңызға ие болады.

Қазіргі уақытта мәліметтер қорының реляциялық моделі кеңінен таралуда, бірақ бұл жерде де шешілмеген немесе аяғына дейін шешілмеген мәселелер бар.Реляционды модельдерде үлкен «плюстерді» ескере отырып, олардың кемшіліктері қарастырылады[2]:

– Құрылысының қаталдығы иілгішсіздігінен зардап шегеді. Реляциялық модель күнделікті өмірде әр түрлі болғанымен, кестелерде объектілерді қатал бірқалыпта амалсыз ұстайды. *Қалып кеткен мағыналар міндетті атрибуттармен қосылуға көмектеседі, бірақ әрқашанда таңдау болады – басқа типтегі объектіні шектеуден шығару немесе шектеуді кеңейту?*

– Құрылысының деректерге қатты тәуелділігі. Реляционды әдістермен жұмыс жасау мүмкіндігі, әсіресе деректер құрылысы, деректер құрамы мен статистикасына қатты тәуелді болады.Көптеген танымал деректер моделін реляционды құрылысының шектеулерінде сыйғызуға болады, мысалы, иерархиялық. Бағынулар көп емес жерде, консервативті әдіспен қараған жеңілдеу – әр түрлі деңгейді әр түрлі кестеге орналастыру. Бір сөзбен айтқанда, қай құрылысты таңдау, деректерді таңдауға қатты байланысты және егерде деректер өзгерсе онда құрылысында өзгертуге тура келеді.Бұндай «мутациялар» алдын ала жоспарланбаған жағдайда, көптеген жүйелер үшін бұл айтарлықтай ауыр процесс.

Ары қарай,жоғарыда аталған мәселені классификация және зерттелуші объект жағынан шешуге мүмкіндік беріп, программисттің қатысуынсыз әр түрлі пәндік облыста әр түрлі міндеттерді шешуге арналған деректердің өзгерісін ескере отырып, иілгіш ақпараттық базаны (иерархиялық құрылысты), құруға мүмкіндік беретін біз құрастырған программалық құралды қарастырамыз.

1.Иерархиялық құрылыс негізіндегі ақпараттық базалар

Ақпараттық қоры- классификация, өзара байланысқан пәндік облыста зерттелетін объектілер құрылысы және сәйкес ақпараттық бөлімдерде иерархиялық ағаш түрінде көрсету үшін қолданылады.

Ары қарай, шартты түрде пәндік облыстан абстракциялана отырып, келесідей терминологиямен қолданатын боламыз:

Ағаш – зерттелетін объектілер екі рет қайталанбайтын абстрактілі ақпараттық база;

Тізбек – ақпараттық қорыны зерттейтін объект немесе бөлім;

Көмекші тізбек –ақпараттық қорыбөлімі;

Негізгі тізбек – ақпараттық қорыны зерттейтін объект;

Ағаш түбірі – жоғарғы(бастапқы) тізбек;

Аналық жәнебалалық тізбек – біріншісі екіншісінен жоғары тұратын, бір-бірімен байланысқан екі тізбек(екінші тізбек біріншісіне тәуелді);

Ағаш деңгейі – ағаштың түбірінен бастап және оның барлық аналығын есептейтін тізбектің реттік номері;

Ағаштың бұтағы – бір аналыққа бағынған, көптеген балалық элементтер;

Балалық ағаш – таңдалған тізбек шартты түбір болатын ағаш;

Мәліметтер қорының анықтамасы – тізбектің идентификаторы мен атауын сақтауға мүмкіндік беретін кем дегенде екі жолағы бар мәліметтер қорының кестесі;

Ағаштардың шартты классификациясы:

1. Бірқалыпты ағаш – балалық элементтері жоқ жәнебарлық негізгі тізбектері бір деңгейдегі ағаш.

Мысал: СтуденттержәнеЖОО-ң білім топтары



- ✓ ИОК131
- ✓ ИОК132
- ИОК133
  - Өтегенұлы Омирсерик
  - Ғалымжан Гауһар
  - Үшкемпір Бибінұр
  - Алиева Арайлым
  - Алмас Әлия
  - Бертаева Сандуғаш
  - Жұмағазы Гүлзат
  - Зейнаділ Жансая
  - Мұқа Гүлдана
  - Мырзабаева Меруерт
  - Нұрғабыл Альмира
  - Ноғайбай Жансая
  - Стыбек Айзада
  - Тілеубергенов Мейірлан
  - Шураев Досжан
- ✓ ИОР131

№13 Форма

	Топ	Аты-жөні	Ұялы телефон
1	ИОК133	Өтегенұлы Омирсерик	8-771-466-65-55
2	ИОК133	Ғалымжан Гауһар	
3	ИОК133	Үшкемпір Бибінұр Нұржанқызы	8-707-310-89-90
4	ИОК133	Алиева Арайлым	
5	ИОК133	Алмас Әлия Алмасқызы	8-705-431-30-14
6	ИОК133	Бертаева Сандуғаш Жандуллаевна	
7	ИОК133	Жұмағазы Гүлзат Ержігітқызы	
8	ИОК133	Зейнаділ Жансая Батырханқызы	8-702-817-14-58
9	ИОК133	Мұқа Гүлдана Бақберсінқызы	
10	ИОК133	Мырзабаева Меруерт	8-747-036-46-05

Сурет 1. «Студенттер және ЖОО-ң білім топтары» ақпараттық қоры

Бұл ақпараттық қорының бірнеше қағидалық ерекшеліктері бар:

– Пәндік облысы тұрғысынан қарағанда, студенттер зерттеу объектісі, ал топтар – олар үшін ақпараттық қорыбөлімдері болып табылады;

– Өз кезегінде студент топтары – ең мағызды зерттеу объектілерінің бірі;

– Кейбір топтар (студенттер) басқаларға қарағанда бір деңгейде болады;

– Ақпараттық бөлімдер бойынша көптеген қайталаулар болады: оқу ұзақтығы, бөлім, түсу жылы, мамандық;

– Бұл ақпараттық қорымен басқа да көптеген ақпарттар байланысты: кафедралар, пәндер, оқытушылар, оқыту тілі, апта күндері және сабақ кестесінің уақытысы және т.б.

2. *Қиын жалғанған ағаш* – бір-біріне аналық және балалық бола алатын екі негізгі тізбегі бар бірқалыпсыз ағаш.

Мысал: Қазақстан Республикасын әкімшілік-аумақтық бөлу (облыстар, аудандар және елді мекендер)



Информационная база "Населенные пункт

"РҚ-ның елді мекен" ақпаратты ізде

- ✓ Қазахстан Республикасы
  - ✓ г.Алматы
  - ✓ г.Астана
  - ✓ Ақмола обл.
  - ✓ Ақтөбе обл.
    - Ақтөбе қ.
    - ✓ Әйтеке би ауд.
    - ✓ Алға ауд.
    - ✓ Байғанин ауд.
    - ✓ Ырғыз ауд.
    - ✓ Қарғалы ауд.
    - ✓ Қобда ауд.

Ақтөбе қ.

50.3,57.166667

Елубай Гүлістан

Актюбинская обл., г.Актобе

Ақтөбе обл., Ақтөбе қ.

Сурет 2. «Қазақстан Республикасын әкімшілік-аумақтық бөлу» ақпараттық қоры

Бұл жерде аудан және облыстар ақпараттық бөлімдер ретінде қарастырылып, зерттеу объектілері ретінде: қала мен ауылдар болады.

Қала (Алматы, Астана) Республикалық маңызды болуы мүмкін. Ондаиерархияда ол облыс деңгейімен бірдей орналасады. Егер бұл облыстық аурухана немесе облыстық маңызы бар қала (Ақтөбе) болса, онда район деңгейінде орналасады.

Ауылдар көбіне белгілі бір районға жатқызылады, бірақ қалаға бағынатын ауылдар да бар. Бұл жағдайда зерттелетін екі объектіде иерархияның аналық және балалық деңгейлерінде орналасқан және ары қарайғы программалық өңдеу барысында, келеңсіз жағдай туындауы мүмкін: қалабір мезетте ақпараттық қорыжәне зерттелетін объект ретінде «өтеді».

Келесі келеңсіз жағдай, елді-мекендердің атауында пайда болады. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданында «Жамбыл» атауы бар 4 (!) ауыл бар және жүйе оны өткізбейді.

3. Бірегей ағаш –көмекші тізбек бірде бір рет орындай алмайтын ағаш.

Мысал:



- Информационная база по сельскому хозяйству
  - ✓ Отрасли сельского хозяйства
    - ✓ Животноводство
      - ✓ Виды (племенных) животноводческих организаций
      - ✓ Племенное овцеводство
        - ✓ Породы овец
        - ✓ Классификация пород овец
          - ✓ По типу шерстного покрова
            - Тонкорунные
              - Алтайская
              - Аохан тонкорунный меринос
              - Аптайская
              - Асканийская порода
              - Африно

Сурет 3.«Қойтұқымдарыныңклассификация» ақпараттық қоры

Бұл жерде зерттеу объектісі – қой тұқымдары, ал ақпараттық базаларға келесілерді жатқызуға болады: ауыл шаруашылық→мал шаруашылығы→асыл тұқымды қой асырау→қой тұқымдары. Бұл ақпараттық қорының ерекшелігі, оның әр бір бөлімі тек бір рет қана кездеседі.

2. Ағаш құру үшін тұтынушылық элемент класстарын басқару

Жоғарыда көрсетілген ағаштың (ақпараттық қоры) мысалдары әр түрлі пәндік облыстар үшін құрастырылып, өзіне тән арнайы ерекшеліктерге ие, бірақ оларды құрастыру барысында бір программалық құрал қолданылды.

Ағашты құрастыру үшін басқару элементтерінің тұтынушылық класстары құрастырылды(кеңейтілді). [3,4]:

myNode – негізгі класс («Tree Node Control» базалық классымен кеңейтілген), кестеден деректер қорын сығу үшін және қажетті ағаш тізбектерінің қасиеттерін экранда көрсету үшін, сонымен қатар online тұтынушы функциясының режимін қолдану үшін арналған. Оның негізгі әдістерінің ішінен, есептегіш тәрізді тізбектің бірегей локальды идентификаторының генерация әдісін ерекшелеуге болады;

myTree – негізгі класс («Tree View Control» базалық классымен кеңейтілген [5]), ағашты тұтынушылық құру менинтерактивті жұмыс (программистің арнайы қатысуынсыз) үшін арналған. Оның негізгі тұтынушылық әдістері:

– *«Анықтамадан балалық элементті қою»;*

Бұл әдіс алдын ала анықтамаға енгізілген элементті ағашқа, яғни түйіндер қатарына қосу үшін қолданылады. Қолдану үшін ыңғайлы жасалған. Түйінде қай орынға, қай түйіннен кейін немесе қай түйінге балалық болатынын алдын ала таңдайсыз. Бұл әдісті таңдағаннан кейін келесідей таңдаулар шығады:

– дейін – бұл ағашқа таңдалған элементпен деңгейі бірдей, ал ағашта орналасуы бұрын келетін элементті қосу үшін таңдалатын амал;

– кейін – бұл ағашқа таңдалған элементпен деңгейі бірдей, ал ағашта орналасуы кейін келетін элементті қосу үшін таңдалатын амал;

– бірінші балалық – бұл ағашқа таңдалған элементке бірінші балалық болып келетін, ал деңгейі одан бір саты төмен болатын элементті қосу үшін таңдалатын амал;

– соңғы балалық – бұл ағашқа таңдалған элементке соңғы балалық болып табылатын, ал деңгейі одан бір саты төмен болатын элемент қосу үшін қолданылатын амал;

– кері қайту немесе бас тарту – ағашқа элемент қосу әдісінен бас тарту амалы болып табылады.

– «Элементтің белгішесін ауыстыру»;

Таңдалған элементтің ғана белгішесін ауыстыру үшін қолданады. Яғни қолданушы әр элементтің белгішесін әр түрлі, өз қалауы бойынша және қолдану ортасына лайықтап қоюына болады.

– *«Барлық балалық элементтерді жою»;*

Бұл әдіс түйіннің барлық элементтерін жою қажет болған жағдайда қолданылады.

– «Балалық элементтерді ашу»;

Бұл әдіс ағаштағы барлық түйіндердің элементтерін ашу үшін қолданылады. Әдісті іске қосқанда ағаштың жоғарғы түйіндерінен бастап ашуды жүзеге асырады. Түйіндерді ашу рекурсивті функциямен жүзеге асады. Бір түйіннің элементтерін ашып бітпейінше, екінші түйін элементтерін ашуға кіріспейді.

– *«Элементті балалық түйіндерімен қоса жою»;*

Элементті балалық элементтерімен қоса жою. Бұл әдіс түйінді ағаштан балалық элементтерімен қоса өзін де жою қажет болған жағдайда қолданылады.

– *«Ағашты толық көрсету»;*

Бұл әдіс ағашты таңдалған түйін элементтерінен бастап көрсету әдісі орындалмайынша орындалмайды. Себебі бұл әдіс ағаштағы барлық түйіндерді көрсету үшін қолданылады (5-сурет).

– *Ағашты таңдалған түйін элементтерінен бастап көрсету*

Бұл әдіс ағашта көп мәліметті бір мезетте қарап отырмай, қолданушы өзіне қажет түйіннің элементтерін ғана қалдырып, тек сол түйін элементтерімен ғана жұмыс жасайтын кезде қолданылады. Бұл әдісті қолданушыға тиімді басқаруды, қажет емес түйіндерді жасырып жеңіл жұмыс жасауды, жұмыс терезесінің кеңдігін қамтамасыз етеді.

– *«Іздеу жүйесі»;*

Мәліметтер қорынан мәлімет іздеу үшін құрылған жүйе. Іздеу жүйесі жұмыс жасауға қолайлы, сонымен қатар ізделінетін ақпаратты бөлімдер бойынша іздеу, не болмаса ізделінетін ақпараттың бірнеше символын жазсаңыз тауып беретіндей етіп жасалынған. Бұл қолданушыға іздейтін ақпараты жайлы аз мәлімет берсе де, оны оңай табуына көмектеседі. Іздеу жүйесі терезесінде келесідей жолдар бар:

– Ізделінетін ақпараттың бөлімін таңдау;

– Ізделінетін сөз сөздің басында немесе сөз құрамында келетінін таңдау;

– Ізделінетін сөзді жазу жолағы;

– Табылған элементтерді шығару кестесі;

– Табылған элементтер жайлы ақпараттарды көру кестесі.

– «Жаңарту».

Жаңарту көп жағдайда анықтамадан ағашқа түйін қосқанда пайдаланылады. Себебі жаңадан қосқан элемент ағашта бірден пайда болмайды, оны жаңартып жіберу керек. Күнделікті қолданатын Windows-тың басқару элементтеріндегі сияқты жаңарту әдісі.

Жоғарыда аталғандардың негізгі ерешелігі ретінде пәндік облыстың нақты міндеттерін шешу үшін құрастырушылар болашақта әлі үшеуін қолданады:

– «Тізбек бойынша қызметтік ақпаратты қарау» - глобальды және локальды идентификатор тізбектері, кілт және анықтаманың атауы және т.б. жатқызылады;

– «Ағаш қаңқасы – кестесін құру»иерархиялық деректер қорының кестесін жазыққа айналдыру үшін;

– «Зерттеу объектісінің деректер витринасына көші». Бұл әдіс тұтынушы үшін ерекше маңызды, себебі кез келген зерттелетін объект көптеген қасиеттерге, әр түрлі деректер типінің параметрлері (мәтіндік, сандық, күні және тізімі) және деректердің құрылысының «ауысуын» ескере отырып, белгілі бір жерде сақтау және енгізу қажет. Бірақ деректер витринасын құрудың сұрақтары мен мәселесі – ақпараттық базаның логикалық жалғасы ретінде бұл мақаланың шектеуініен шығып, бұл жерде қарастырылайды.

myListbox, **myCombobox** – «тізім» және «ашылмалы тізімнің»сәйкес кілттердің мәнін сақтау шарттарын қанағаттандыратын, нақты кестенің белгілі бір жолының мәнін түзетудің көмегімен экранға шығару әдістерімен және атрибуттармен кеңейтілген, басқару элементтерінің көмекші стандартты класстары;

myClass – ағашпен жұмыс жасаубарысында тұтынушы функцияларында қолданатын, қызметтік атрибуттары және әдістері бар абстрактілі класс.

Қорытынды

Мақалада ақпараттық қорының (иерархиялыұ құрылысы) мысалдары қарастырылды. Тұтынушыларға оларды құру үшін әр түрлі пәндік облыстарының зерттеу объектілерін арнайы программистердің қатысуынсыз жүйелеу және классифициялау үшін форманы басқару элементтерінің классы құрастырылды. Мақаланың авторлар ұжымының ары қарайғы зерттеуі түзетулердің көмегімен, әр түрлі деректер типінің параметрлерін (мәтіндік, сандық, күні және тізімі) енгізу және сақтауға мүмкіндік беретін, бірегей программалық құралдарды қолдана отырып, зерттеу объектісін сипаттайтын, пәдік облыста арнайы деректер витринасын құру болып табылады.

Пайдаланылғанәдебиеттертізімі:

1 Левин А. Базы Данных: реляционные особенности и их практический смысл [Электрон.ресурс]. – URL: http://www.geofaq.ru/art/master/dbr.htm(дата обращения: 15.11.2017) – интернет источники

2 Левин А. Недостатки реляционной модели[Электрон.ресурс]. – URL: http://www.geofaq.ru/art/master/dbr.htm#_Toc183493193(дата обращения: 15.11.2017) – интернет источники

3 SAS Institute Inc (1999) SAS Online Doc, Version 8.

4 Kevin Graham. Object Oriented Programming with SAS/AF. Using Event Handlers and Extending SAS Objects.

5 Lynn Curley, Scott Jackson. Branching Out with the Tree View Control in SAS/AF® Software

УДК 37.012
ГРНТИ 20.01.07

Д.Н. Исабаева[1], Д.А. Шыныбек[2]

[1]п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің қауымдастырылған профессоры, Алматы қ. Қазақстан
[2]Назарбаев зияткерлік мектебінің физика-математика бағытындағы 12С сыныбының оқушысы, Алматы қ. Қазақстан

SKETCHUP ПРОГРАММАСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі жаратылыстану ғылымы саласында модельдеу және компьютерлік модельдеу маңызды орын алады. Модельдер практикалық тұрғыдан бізді қоршаған ортаның барлық атрибутын жүзеге асырады. Сондықтан компьютерлік технологияның дамуымен барлық модельдер типін компьютерлік орта көмегімен жүзеге асыруға болады.

3D графика және үш өлшемді графика - бұл компьютерлік графика бөлімінің бірі болып табылады. Техника мен құралдар жиынтығын пайдалану арқылы пішін және түс көмегімен үш өлшемді нысандарды жасауға болады. 3D графика жазықтықта 3D моделін жасауды білдіреді. Бұл арнайы компьютерлік бағдарламалардың көмегімен жасалады. Қазіргі уақытта олардың бірқатары кеңінен таралған. 3D редакторларға: Punch Home Design, SketchUp, ArCon, Realtime Landscaping Plus, Turbo FLOORPLAN Landscape and Deck 12, FloorPlan 3D 12, Autocad, 3ds Max, Sierra Land Designer 3D 7.0, ArchiCad жатады. 3D нысандарын модельдеу үшін көрсетілген 3D редакторларының кез-келгенін таңдауға болады. Соның ішіндегі тиімдісі SketchUp болып табылады. Мақалада SketchUp көмегімен компьютерлік модельдеудің ерекшеліктері қарастырылады.

Түйінді сөздер: модель, модельдеу, компьютерлік моделдеу, үш өлшемді модельдеу, SketchUp

Аннотация

Д.Н. Исабаева [1], Д.А. Шыныбек [2]
[1]к.п.н., ассоц.профессор КазНПУ имени Абая, г.Алматы. Казакстан
[2] ученик 12-класса Назарбаев интеллектуальной школы физико-математического направления, г.Алматы. Казакстан

ОСОБЕННОСТИ КОМПЬЮТЕРНОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ С ПОМОЩЬЮ SKETCHUP

В сфере современных естественных наук важное место занимает моделирование, компьютерное моделирование. Модели реализуют практически все атрибуты нашего окружения. Поэтому с развитием компьютерных технологий практический все типы моделей можно осуществить при помощи компьютерной среды. Наиболее эффективным является использование компьютерной среды при трехмерном моделировании. 3D графика или трёхмерная графика – это один из разделов компьютерной графики. С помощью комплекса приемов и инструментов можно создать объемные объекты при помощи форма и цвета. 3D графика подразумевает построение трехмерной модели на плоскости. Выполняется это при помощи специализированных компьютерных программ. В настоящее время их достаточно много. К 3D редакторам относятся: Punch Home Design, SketchUp (Google SketchUp), ArCon, Realtime Landscaping Plus, Turbo FLOORPLAN Landscape and Deck 12, FloorPlan 3D 12, Autocad, 3ds Max, Sierra Land Designer 3D 7.0, ArchiCad. Для моделирования объектов трехмерной графики, можно выбрать любой, из указанных 3D редакторов. Один из удобных 3D редакторов является SketchUp. В статье рассматривается особенности компьютерного моделирования с помощью SketchUp и приводится примеры.

Ключевые слова: модель, 3D графика, моделирование, компьютерное моделирование, трехмерное моделирование, SketchUp, компьютерная программа.

Abstract

PECULIARITIES OF COMPUTER MODELING WITH SKETCHUP

Issabayeva D.N.[1], Shynybek D.A.[2]
[1]Cand. Sci.(Pedagogical), Associate Professor Abay KazNPU, Almaty. Kazakhstan
[2] student of the 12th grade Nazarbayev Intellectual School of physics and mathematics, Almaty. Kazakhstan

In the field of modern natural sciences, an important place is occupied by modeling, computer modeling. Models implement almost all the attributes of our environment. Therefore, with the development of computer technology, all types of models can be implemented using a computer environment. The most effective is the use of a computer environment in three-dimensional modeling. 3D graphics or three-dimensional graphics - this is one of the sections of computer graphics. Using a set of techniques and tools, you can create three-dimensional objects using shape and color. 3D graphics means building a 3D model on a plane. This is done with the help of specialized computer programs. At present, there are a lot of them. 3D editors include: Punch Home Design, SketchUp (Google SketchUp), ArCon, Realtime Landscaping Plus, Turbo FLOORPLAN Landscape and Deck 12, FloorPlan 3D 12, Autocad, 3ds Max, Sierra Land Designer 3D 7.0, ArchiCad. To model 3D objects, you can select any of the specified 3D editors. In our article, SketchUp and other graphical editors of 3D modeling are used as toolkits. This article discusses the features of computer modeling with SketchUp and gives examples.

Key words: model, 3D graphics, modeling, computer modeling, 3D modeling, SketchUp, computer program.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында «IT-білімді ...дамытуға баса көңіл бөлу керек» деп, өскелең ұрпақтың ақпараттық технология саласынан жан-жақты білімін дамытуға баса назар аудару қажеттігін айтқан [1].

Қазіргі ақпараттық технология ғылымы саласында модельдеу және компьютерлік модельдеу маңызды орын алады. Модельдер практикалық тұрғыдан бізді қоршаған ортаның барлық атрибутын жүзеге асырады. Сондықтан компьютерлік технологияның дамуымен барлық модельдер типін компьютерлік орта көмегімен жүзеге асыруға болады. Бұл туралы. Н.Винер, «Кез келген машинаға қаншалықты терең және ойластырылған тапсырманы қоюымызға байланысты пайдалылығы арта түседі. Адамның идеясы болуы керек, сонда машина оларды тексеру мен жүзеге асыру үдерісін тездетеді, мұның негізі зерттелетін құбылыстың жақсы моделі болып табылады» деп [2], модель мен компьютерлік модельдеуге жоғары баға берген.

Адамзат ертеден-ақ объектілерді, процестерді, әр түрлі саладағы құбылыстарды зерттеу барысында модельдеу (қасиеттері ұқсас шағын үлгісін, баламасын салу) тәсілін қолданып келеді. Модельдеу адамның өз іс-әрекетін алдын ала жоспарлап, дұрыс шешім қабылдауына әсер етеді. Модельді талдау нәтижесінде, нақты күрделі объектіні тереңірек білуге мүмкіндік туады. Мұндағы шын мәніндегі нағыз табиғи объект, яғни нақты объект прототип немесе түпнұсқа деп аталады.

Модель дегеніміз - нақты объектіні, процессті немесе құбылысты ықшам әрі шағын түрде бейнелеп көрсету. *«Модель»* термині латынның *«modelium» – шара, кейіп, сипат, әдіс,* т.с.с сөзінен шыққан. Оның алғашқы мәні құрылыс өнерімен байланысты болды, ол еуропа тілдерінің баршасында дерлік *кейіпті, образды* немесе *елесті,* немесе басқа зат іспеттес затты белгілеу үшін қолданылды [3].Модель ұғымын күнделікті өмірде көптеп кездестіруге болады. Мысалы, доптың, машинаның, математикалық амалдар мен геометриялық бейнелердің, үйдің моделдері және т.б.

Компьютерлік модель (computer model) – программалық ортаның құралдарымен жасалынған модель. Қазіргі таңда компьютерлік модельдеуді 3D (ағылшын тілінен 3-Dimensional) үш өлшемді объект ортасында жүзеге асыруға болады. 3D модельдеу – бұл нысанның үш өлшемді моделін құру процесі. 3D модельдеу арқылы кез келген объектінің көлемді бейнесін құруға, бізді қоршаған әлемді модельдеуге болады және 3D көмегімен орындалатын объектілер мүмкін болмайтын нәрселерді көруге мүмкіндік береді [4].

3D модельдеу арнайы компьютерлік программалардың көмегімен орындалады. Қазіргі таңда мұндай бірқатар программаларды атауға болады:Punch Home Design, SketchUp (Google SketchUp), Realtime Landscaping Plus, Turbo FLOORPLAN Landscape and Deck 12, FloorPlan 3D 12, Autocad, 3ds Max, ArchiCad 17.

Соның ішінде SketchUp (Google SketchUp) үшөлшемді модельдеуді жүзеге асыруға, құруға, өңдеуге және презентациялауға мүмкіндік беретін қарапайым программа. Sketch Up программасында компьютерлік модельдеудің еркшеліктері 3D архитектурадағы эскиздік модельдеу, ғимараттарды моделдеу, жоғалып кеткен ғимараттарды модельдеу; интерьер дизайны; ландшафт дизайны; сыртқы жарнаманың дизайны; бұйымдарды 3D басу құрылғысында баспаға шығару үшін модельдеу және т.б. қолдануға болатындығында. Сонымен қатар SketchUp көмегімен оқиғаны модельдеу де маңызды ерекшелігі болып табылады.

Оқиғаны модельдеу (информатикада, программалық қамтамасыз етуде) деп, кез келген болып жатқан оқиғаны немесе болған оқиғаны модельдеуді айтамыз. SketchUp-та жер ландшафтын модельдеу оқиғаны модельдеуге мысал бола алады. Мұны SketchUp құралдарымен бірге «Песочница *(Sandbox)*» құралын қолдана отырып, модельдейміз.

Песочница (Sandbox) құралының көмегімен**,** жазықтықты құру мен манипуляциялауға негізделген. Жазықтықтар жазық үшбұрышты ұяшықтармен тор түрінде модельденеді.

Песочница (Sandbox) –ға келесі құралдар кіреді:

from Contours рельефтерді құру үшін қолданылады, әртүрлі биіктіктегі орналасқан сызықтармен қалыптасады.

From Scratch жаңа торды құру үшін қолданылады.

Stamp рельефке объектіні қондыру және орналастыру үшін қолданылады.

Drape рельефтің жазықтығын жаңа жазықтық жасай отырып қияды.

Add Detail тор ұяшықтарын кішкене үшбұрышты ұяшықтарға бөлу арқылы бөлшектеуге арналған.

Smoove алдын ала дайындалған торды бұзу арқылы рельефті созуға арналған.

Flip Edge қажет емес рельефтің бөліктерін түзетуге арналған.

SketchUp программасынан *Sandbox* құралын ыңғайлы етіп орналастырып аламыз (сурет 1)



Сурет 1. Sandbox құралын таңдау

Тор құралын қолдану арқылы, төмендегідей қажетті жер бөлігін белгілеп аламыз (2-сурет).



Сурет 2. Қажетті жер бөлігін белгілеу

Smoove модельдеу құралының көмегімен ландшафт көрсетілетін жерді белгілейміз. Белгіленген аумақ қызыл түсті шеңбермен бейнеленеді. Оның радиусын өзгертуге болады (3-сурет).



Сурет 3. Қажетті дұмпуіл көрсетілетін жерді белгілеу

Тінтуірмен бір рет шерткенде, қызылмен белгіленген аймақ, сары түске айналады (4-сурет).



Сурет 4. Төбе көрсетілетін аумақтың белгіленуі

Белгілеп алғаннан кейін, ол жерді не жоғары не төмен созамыз (5-сурет).



Сурет 5. Дүмпуілді көрсету.

Осылайша, бірнеше төбелерді немесе жоталарды саламыз (6-сурет).



Сурет 6. Бірнеше төбелерді және жоталарды саламыз.

Енді, бұрыштарын тегістеу үшін, арнайы *«Бұрыштарды тегістеу (Сглаживание углов)»* бөліменен *«Бұрыштарды тегісте (Сгладить углы)»* бөлімін таңдаймыз да *«Тегістеу параметрін (Параметр сглаживание)»* көрсетеміз. Сонда модель келесідей түрге ие болады (7-сурет).



Сурет *7. Тегістеу параметрін қолдану*

Әрі қарай ландшафты түрлі объектілермен қалауымызша суреттегідей модельдеуге болады (8-сурет).

Сурет 8. Ландшафты дизайны

Қорыта келе, SketchUp компьютерлік модельдеу программасының осындай ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін пайдаланып, түрлі затты, оқиғаны және т.б. модельдеуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Н.Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы, 2017.*

2 *Н.Винер. The Human Use Of Human Beings: Cybernetics And Society. – 1988. – 200 с.*

3 *М. Р. Когаловский. Перспективные технологии информационных систем М.: ДМК Пресс, - 2003, 288 с.*

4 *3D моделирование в SketchUp 2017. http://prosketchup.narod.ru/uchebnik.htm*

УДК 004.03
ГРНТИ 50.01.07

Д.Н. Исабаева[1] , А. Садратдин[2]

[1]п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің қауымдастырылған профессоры,
Алматы қ. Қазақстан
[2]Абай атындағы ҚазҰПУ, 6М070300- Ақпараттық жүйелер, 1 курс магистранты,
Алматы қ. Қазақстан

БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН ТЕСТІЛЕУДІҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

Аңдатпа

Бүгінгі таңда Қазақстанның барлық білім беру мекемелерінің алдындағы міндеттердің бірі - білім сапасын бақылауды арттыру. Бұл мәселе білім беру мекемелері арасындағы бәсекелестік, сондай-ақ білім беру сапасын бақылау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінетін білім беру жүйесін европалық стандарттарға жақындатуға бағдарлаудан туындап отыр. Мақалада білімді тестілеудің автоматтандырылған жүйесі қарастырылған. Білімді тестілеу үдерісін автоматтандыруға мүкіндік беретін программалық өнімдердің көптілігіне қарамастан, олардың бірқатарының кемшілігі де жоқ емес. Сондықтан, нақты пайдаланушыға бағытталған жаңа құралды құрылымдау маңызды және өзекті мәселе болып табылады. Аталған мақалада білімді тестілеудің автоматтандырылған жүйесін құру талаптары қарастырылған. Мұндай жүйені енгізу оқытушы мен оқушының уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар білімді мейлінше нақты бағалауға жағдай жасайды.

Түйінді сөздер: тест, жүйені автоматтандыру, компьютер, құрал, білім, бақылау, тестілеу.

Аннотация

Д.Н. Исабаева[1] , А. Садратдин[2]
[1]к.п.н., ассоц.профессор КазНПУ имени Абая, г.Алматы. Казахстан
[2] магистрант 1- курса специальности 6М070300- Информационные системы, КазНПУ имени Абая, г.Алматы. Казахстан

СОЗДАНИЕ АВТОМАТИЗИРОВАННОЙ СИСТЕМЫ ТЕСТИРОВАНИЯ ЗНАНИЙ

На сегодняшний день перед всеми учебными заведениями Казахстана стоит актуальная задача повышения контроля качеств знаний. Основополагающими причинами являются: конкурентная борьба между образовательными учреждениями, а также ориентация системы образования на сближение с европейскими стандартами, в которых особое внимание уделяется вопросам контроля качества образования. В статье рассматривается создание автоматизированной системы тестирования знаний. Несмотря на то, что разработано достаточное количество программных продуктов, позволяющих автоматизировать процесс тестирования знаний, многие из них обладают недостатками, либо излишней функциональностью. Разработка нового продукта, ориентированного на конкретного пользователя, является важной и актуальной задачей. В данной статье рассмотрено требование системе автоматизации тестирования знаний. Внедрение данной системы позволить экономить время преподавателей и учащихся, а также приведет к более объективному оцениванию знаний.

Ключевые слова: тест, автоматизация системы, компьютер, средства, знание, контроль, тестирование.

Abstract

CREATION OF AUTOMATED KNOWLEDGE TESTING SYSTEM

Issabayeva D.N. [1], Sadratdin A[2],

[1]Cand. Sci. (Pedagogical), Associate Professor of the Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

[2] Student of Master Programme in Information systems, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

Today, all educational institutions in Kazakhstan face the urgent task of improving the control of the quality of knowledge. The main reasons are: competitive struggle between educational institutions, as well as the orientation of the education system towards rapprochement with European standards, in which special attention is paid to the issues of quality control of education. The article deals with the creation of an automated knowledge testing system. Despite the fact that a sufficient number of software products have been developed to automate the process of testing knowledge, many of them have deficiencies or excessive functionality. The development of a new product, focused on a specific user, is an important and urgent task. In this article, a requirement is considered for the automation of knowledge testing. The introduction of this system will allow to save time for teachers and students, and also lead to a more objective assessment of knowledge.

Key words: test, system automation, computer, facilities, knowledge, control, testing.

Жаңа технологиялық инновацияларға және еліміздің болашақ жаңару мен даму бағдарламасына сәйкес барлық сала бойынша өз деңгейінде компьютерліндіру жүйесі қызмет етіліп келеді. Бүгінгі күнде осы мәселе жоғарыда айтылған үрдісті де қамтып отыр. Осындай жаңа техниканың, яғни компьютердің пайда болуы, барлық сала бойынша біршама тиімділігін көрсетті. Тұтынушы мен қолданушының айтарлықтай тиімді құралдарының біріне айналған – компьютер құрылғысы қазіргі заманда әлемдегі барлық адамдардың тынымсыз, еңбек етуші құрылғысына айналып отыр.

Қазіргі жоспарланып отырған тестілеу процесін компьютерліндіру біршама қиындықтарды талап етсе де, соңында сапалы нәтиже керектігі дәлелденіп отыр. Тестілеу процесін компьютерліндіру айтарлықтай бірнеше айырмашылықтарымен ерекшеленеді. Әсіресе, тестілеу процесін компьютерлендіру білім алушылардың білім деңгейін тестілеудің автоматтандырылған жүйесін құруды қажет етеді.

Автоматтандырылған жүйені жобалау мәселелері (бірізділік, белгілі сатыдағы жобалық қызметтің мазмұны және т.б.) И.В.Бочкова, М.М.Буняев, Г.М.Киселев, Т.А.Сергеева, Н.Невуева, О.К.Филатов, Е.Бидайбеков, Б.Бостанов және т.б. жұмыстарында қарастырылған [1].

Сонымен бірге бағдарламалық орталарды құру (К.Г.Кречетников), көп функционалды оқыту - ақпараттық құралдарды (С.В.Панюкова) компьютерленген оқу құралдарын (И. Г. Захарова, Л.Х.Зайнутдинова, Э.Г.Скибицкий, В.А.Стародубцев, В.Ф.Шолохович), компьютерлік оқытатын жүйелерді (А.И.Башмаков, И.А.Башмаков), компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға (П.И.Образцов, И.В.Роберт) негізделген кәсіби бағытталған пәндік бағдарламалық-дидактикалық комплекстер құру бойынша жұмыстарда автоматтандырылған тестілеу жүйесінің болуы міндетті екені келтірілген [2, 3].

Автоматтандырылған жүйе жасауда негізгі рөл программистке беріледі. Алдын-ала жоспардың негізінде автоматтандырылған жүйе құрастыру кезеңдері анықталады (оларды жобаның өмірлік циклдарының кезеңдері деп те атайды). Автоматтандырылған жүйе құрастыруда мынандай технологиялық тізбек болады.

- әдістемелік бөлім (тұжырымдаманы жасау, бастапқы материалдардың жобалануы, дайындығы);
- интерфейсті жасау – инженерлік-эргономикалық бөлім;
- қабықшаны толтыру, жұмысты тестілеу және отладка - өндірістік бөлім.
- автоматтандырылған жүйе оқыту үрдісіне енгізу, ақпараттық орта шеңберінде автоматтандырылған жүйе арқылы.

– мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі – ұйымдастырушылық- әдістемелік бөлім.

Тестілеу – бұл мақсатқа бағытталған, барлық байқалушылар үшін бірдей, қатал бақылау жағдайында жүргізілетін, педагогикалық үдерістің оқып-үйренетін сипаттамаларын объективті түрде өлшеуге мүмкіндік беретін үдеріс. Тестілеу басқа тәсілдерден нақтылығы, қарапайымдылығы, жеткіліктілігі, автоматтандыру мүмкіндігімен ерекшеленеді [4].

Тестілеу бағалаудың мейлінше объективті тәсілі болып табылады, және бірқатар принциптерге жауап береді:

– үлкен санды сыналушыларға бірыңғай сынақ сериясын қолдану;

– нәтижелерді статикалық өңдеу;

– бағалау эталондарын ерекшелеу.

Педагогикалық тестілеу саласында негізгі екі тәсіл бар:

– нормативті-бағдарланған;

– критериалды-бағдарланған.

Бірінші тәсіл үшін басқа білім алушылардың нәтижесімен жеке нәтижені салыстыру тән. Бұл тестер оқу жетістіктері деңгейін салыстырумен, ранжирлеумен және іріктеумен байланысты міндеттерді шешуге арналады.

Екінші тәсіл негізінде тестілеудің жеке нәтижелерін оқытудың берілген кезеңінде білім алушылар меңгеруі тиіс білімнің жалпы көлемімен салыстыру жатады. Бұл тестілеулер сыналушы меңгерген оқу материалының көлемін бағалаумен байланысты есептерді шешуге қолданылады.

Білімді тестілеу жүйесі тесті құру мен редакциялауға, тестілеуді жүргізуге және нәтижелерді талдауға арналады. Ақпараттық технологиялардың қазіргі даму деңгейінде мұндай жүйені қолдану өте ыңғайлы, бұдан басқа практикалық түрде оқыту үдерісін жетілдіру үшін де қажет болып табылады.

Оқыту үдерісін жетілдіру әртүрлі критерийлері бойынша жүзеге асырылады. Оқыту үдерісінің маңызды құрамды бөлігі – білімді бақылаудың объективті әдістемесін дайындау болып табылады.

Білім сапасын бақылаудың негізгі қызметтері:

Бақылау қатені көру мүмкіндігін, оқыту нәтижесін бағалауға, білімнің олқылықтарын түзетуге мүмкіндік береді;

Дұрыс ұйымдастырылған білімді бақылау қатені дұрыстау бойынша мақсатқа бағытталған жұмысқа ұмтылыс жасауға көмектеседі;

Білімді бағалауда объективтілік мәселелері де жоқ емес. Әртүрлі Мұғалімдердің бірдей бағасы білімнің түрлі деңгейіне сәйкес келуі мүмкін. Бұл мәселе тестілеу арқылы шешілуі мүмкін.

Компьютерлік тестілеу әдісімен білімді бағалаудың артықшылығына келесілер жатады:

– тестілеу нәтижелерін өңдеудің оперативтілігі;

– оқушылар білімін меңгеру үдерісінің даралығы;

– мұғалімдерді көп жұмыстан босату.

Соған қарамастан, тестіні жазу және тапсырмаларды қалыптастыру оқытушылардың мойнына жүктеледі, бұл міндет те қарапайым емес екендігі белгілі. Тесті орындауға кететін уақыттық шектеуді ескере отырып, оқылып жатқан курстың бағыты мен білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкестік тұрғысынан тестің сапасын бағалау қажет.

Программалық-есептеу кешені пәннің оқу жоспарындағы тақырыптар бойынша білім алушылардың білімін тестілеуді автоматтандыруға арналады. Жүйе Интернет басты желісінде жұмыс істеуі тиіс.

Ұйымдастырушылық- әдістемелік бөлімде программалық есептеуіш жүйесін екі үлкен ішкі жүйеге бөлуге болады: "Оқушы" және "Мұғалім". Оқушылардың білімін тестілеуді автоматтандыру жүйесіне қолжетімділік құқығы «Оқушы», «Мұғалім», «Администратор» мәнін қабылдай алады. Жаңа пайдаланушыны тіркегеннен кейін ақпаратты тексергеннен кейін әрбір тіркелген пайдаланушы, келтірілген мәндердің біреуіне кіру құқығына ие болады.

Мұғалім оқу жоспарына сәйкесінше тестілерді орналастырады және оқушыларға кіруге рұқсатты ашады. Оқушылар жүйенің қызметімен танысу үшін байқау тестінен өтуге, сонымен қатар кіруге рұқсат етілген тестен өтуге және тақырыптың теориялық бөлімін оқып-игеруге құқығы бар. Администратор жүйенің барлық бөлігіне кіруге және өзгертуге, өшіруге және тестіні және теориялық блокторын құруға, оқушылардың тіркелуін бекітуге және тексеруге мүмкіндігі бар. Пайдаланушыны кіргізу үшін жүйемен жұмыстың басында пайдаланушыға жеке ат және пароль меншіктеледі.

Пайдаланушы «Оқушыға» тесті шешуге, теориялық материалмен танысуға, сонымен қатар «Мұғалім» мен «администраторға» хабарлама қалдыруға мүмкіндік береді.

Дайындалатын ішкіжүйе пайдаланушыға барлық мүмкіндік беруі тиіс:

- жүйемен жұмыс істеуді оқыту үшін байқау тестілеуінен өту;
- тест өту жоспарланатын, пәнді және тақырыпты таңдау;
- берілген тақырып бойынша теориялық блокпен таныстыру;
- «Мұғалім» ішкіжүйесінде берілген рұқсат негізінде тестен өту;
- өтілген тестің нәтижесі бойынша есеп алу;
- Мұғаліммен хабарлама алмасып отыру;

Жүйе арнайы талаптарға сәйкес болуы тиіс:

Қауіпсіздік жүйенің қызметіне қолжетімділік тіркелген пайдаланушыға ғана ашық болуы тиіс;

Кіру – жүйенің мүмкіндіктеріне кіру локальды, сонымен қатар интернет желісімен де мүмкін болуы тиіс.

Сенімділігі – Оқушыларға тестен өту туралы мәліметтердің сақталуы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет;

Жүйені қолдану бойынша жетекшілік мұғалім мен оқушыларға арналған нұсқауларға бөлінуі тиіс.

Оқушыларға арналған нұсқаулар жүйеге тіркелу бойынша түсіндірмелер мен ондағы жұмыстың сипаттамасын қамтуы тиіс.

Дайындалатын жүйе суденттердің білімін тестілеуді автоматтандыруға арналады. Программалық-есептеуіш жүйесін екі үлкен ішкіжүйеге бөлуге болады: "Оқушы" және "Мұғалім".

Оқушылардың білімін тестілеуді автоматтандыру жүйесіне қолжетімділік құқығы «Оқушы», «Мұғалім», «Администратор» мәнін қабылдай алады. Жаңа пайдаланушыны тіркегеннен кейін ақпаратты тексергеннен кейін әрбір тіркелген пайдаланушы, келтірілген мәндердің біреуіне кіру құқығына ие болады.

Мұғалім оқу жоспарына сәйкесінше тесітелерді орналастырады және студеттерге кіруге рұқсатты ашады. Оқушылар жүйенің қызметімен танысу үшін байқау тестінен өтуге, сонымен қатар кіруге рұқсат етілген тестен өтуге және тақырыптың теориялық бөлімін оқып-игеруге құқығы бар. Администратор жүйенің барлық бөлігіне кіруге және өзгертуге, өшіруге және тестіні және теориялық блокторын құруға, оқушылардың тіркелуін бекітуге және тексеруге мүмкіндігі бар. Пайдаланушыны кіргізу үшін жүйемен жұмыстың басында пайдаланушыға жеке ат және пароль меншіктеледі.

Пайдаланушы «Оқушыға» тесті шешуге, теориялық материалмен танысуға, сонымен қатар «Мұғалім» мен «администраторға» хабарлама қалдыруға мүмкіндік беріледі.

Дайындалатын ішкіжүйе пайдаланушыға барлық мүмкіндік беруі тиіс:

- жүйемен жұмыс істеуді оқыту үшін байқау тестілеуінен өту;
- тест өту жоспарланатын, пәнді және тақырыпты таңдау;
- берілген тақырып бойынша теориялық блокпен таныстыру;
- «Мұғалім» ішкіжүйесінде берілген рұқсат негінде тестен өту;
- өтілген тестің нәтижесі бойынша есеп алу;
- мұғаліммен хабарлама алмасып отыру;

Қорыта келе, автоматтандырылған жүйе арнайы талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- қауіпсіздік – жүйенің қызметіне қолжетімділік тіркелген пайдаланушыға ғана ашық болуы;
- кіру – жүйенің мүмкіндіктеріне кіру локальды, сонымен қатар интернет желісімен де мүмкін болуы:
- сенімділігі – оқушыларға тестен өту туралы мәліметтердің сақталуы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- жүйені қолдану бойнша жетекшілік мұғалім мен оқушыларға арналған нұсқауларға бөлінуі.
- оқушыларға арналған нұсқаулар жүйеге тіркелу бойынша түсіндірмелер мен ондағы жұмыстың сипаттамасын қамтуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Аванесов В.С. Методологические и теоретические основы тестового педагогического контроля. - СПб., Госуниверситет, 1994. – 339 с.

2 Рабинович Ф.Н. О составлении тестов для контроля понимания в процессе чтения. / Иностранные языки в школе - 1977. - №3, - с. 23-31.

3 Войшвилло Е.К., Дегтярев М.Г. Логика с элементами эпистемологии и научной методологии. - М.: Интерпракс. 1994. -448 с.

4 Бидайбеков Е.Ы., Бостанов Б. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. – А., 2015. -215б.

УДК 001.891.57:53
ГРНТИ 28.17.23

Л.Г. Касенова[1]*, Г. Мусайф*[2]

[1,2] *Казахский университет экономики, финансов и международной торговли,*
г. Астана, Казахстан

КОМПЬЮТЕРНОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ФИЗИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ КАК МЕТОД НАУЧНОГО ПОЗНАНИЯ И ИССЛЕДОВАНИЯ

Аннотация

Актуальность моделирования физических процессов обоснована тем, что в ряде случаев постановка эксперимента требует сложной техники или вообще невозможна. Использование компьютерной техники открывает широкие перспективы постановки принципиально новых задач, к которым можно отнести задачи с трудными для анализа сложными математическими выражениями, и те, которые имеют только численное решение. В настоящей статье выбор остановлен на моделировании броуновского движения, представляющего собой чрезвычайно сложное явление и находящееся в противоречии со вторым началом термодинамики, что создает стимулы и мотивацию к его постоянному изучению.

В статье предложены простые способы моделирования явлений с целью наглядного раскрытия сути, что дает возможность обучающимся получить не только декларативные, но и процессуальные знания.

Ключевые слова: компьютерное моделирование, физические процессы, исследовательская деятельность студента.

Аңдатпа

Л.Г. Касенова[1]*, Г. Мусайф*[2]

ФИЗИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ ҒЫЛЫМИ ТАНЫМ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

[1,2] *Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Астана қ., Қазақстан*

Физикалық процестерді модельдеу өзектілігі - бірқатар кездерде эксперимент қоюға мүмкіндік болмаған немесе күрделі техниканы қажет еткен жағжайларға негізделген.

Компьютерлік техниканы пайдалану жаңа міндеттер қойылу мүмкіндіктеріне кеңінен жол ашады. Оларға күрделі математикалық өрнектің қиын талдау міндеттерін немесе тек сандық шешімі бар міндеттерін жатқызуға болады. Осы мақалада броундық қозғалыс моделіне таңдау тоқтатылған. Бұл -термодинамиканың екінші басталуына қайшы келген, үнемі зерттеулерге ынталандыратын, күрделі құбылыстардың бірі болып табылады.

Мақалада құбылыстардың көрнекілік мәнін ашу мақсатында модельдеудің қарапайым тәсілдері ұсынылған, бұл білім алушыларға декларативті біліммен қатар процессуалды білім алуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: компьютерлік модельдеу, физикалық процестер, студенттің зерттеу қызметі

Abstract

COMPUTER MODELING OF PHYSICAL PROCESSES AS A METHOD OF SCIENTIFIC KNOWLEDGE AND RESEARCH

Kassenova L.G.[1]*, Mussaif G.*[2]
1,2 The Kazakh University of Economics, Finance and International Trade, Astana, Kazakhstan

The actuality of modeling physical processes is justified by the fact that in a number of cases the setting up of an experiment requires complex techniques or is generally impossible. The use of computer technology opens up broad prospects for posing fundamentally new problems, to which one can include problems with difficult mathematical expressions for difficult analysis, and those that have only a numerical solution. In this article, the choice is stopped by modeling Brownian motion, which is an extremely complex phenomenon and is in contradiction with the second law of thermodynamics, which creates incentives and motivation for its constant study.

The article suggests simple ways of modeling phenomena for visualizing the essence, which enables students to obtain not only declarative, but also procedural knowledge.

Key words: computer modeling, physical processes, research activity of a student

Введение. Моделирование, в том числе и компьютерное моделирование, неотделимо от развития знания. Практически во всех науках о природе построение и использование моделей является одним из орудий познания. Реальные объекты и процессы – сложны и многогранны, поэтому лучшим способом их изучения является построение модели, отображающей грань реальности.

Компьютерное моделирование – метод анализа реальных или ожидаемых физических процессов с помощью компьютерной техники, когда процессы моделируются согласно определенной последовательности физических механизмов.

Преимущество компьютерных систем моделирования – их высокая интеграция и интерактивность. На современном этапе для моделирования физических процессов актуальны специальные пакеты прикладных программ, графических и табличных процессов, визуальных и когнитивных сред, работающих в режиме реального времени. В настоящее время разработаны алгоритмы и комплексные пакеты программ, описывающие достаточно сложные, быстропеременные и градиентные физические процессы, и явления.

Физика – наука, в которой моделирование является чрезвычайно важным методом исследования. Наряду с традиционным делением физики на экспериментальную и теоретическую сегодня уверенно выделяется третий фундаментальный раздел – вычислительная физика и компьютерное моделирование. Суть компьютерного моделирования заключена в получении количественных и качественных результатов на основе имеющейся модели.

Компьютерное моделирование дает возможность учитывать большое количество переменных, предсказывать развитие нелинейных процессов, возникновение синергетических эффектов, что позволяет не только получить прогноз, но и определить, какие управляющие воздействия приведут к наиболее благоприятному развитию событий.

Качественные выводы, сделанные по результатам компьютерного моделирования, позволяют обнаружить такие свойства сложной системы, как ее структуру, динамику развития, устойчивость, целостность и другие составляющие.

Количественные выводы в основном носят характер прогноза некоторых будущих или объяснения прошлых значений переменных, характеризующих систему [1].

Основная часть. Одним из основных направлений использования компьютерного моделирования является поиск оптимальных вариантов внешнего воздействия на объект с целью получения наивысших показателей его функционирования.

Применение в курсе физики моделирования как метода учебного познания является одной из основных задач физического образования, поскольку способствует становлению правильных представлений о современной научной картины мира, формированию научного мировоззрения, развитию творческого мышления, а также позволяет студентам проводить на своем уровне научные исследования явлений, процессов, объектов. Таким образом, моделирование персонифицирует личность студента как исследователя.

Существует несколько направлений использования моделирования физических процессов.

1. Самостоятельное построение и исследование информационных моделей физических процессов на лабораторных занятиях (с использованием языков программирования C++, JavaScript и пр., а также электронных таблиц и диаграмм Microsoft Excel).

Процесс обучения можно сделать наглядным и понятным, используя компьютерное динамическое моделирование. Для физических моделей выбраны задачи из курса физики: траектория спутника Земли и траектория движения тела, брошенного под углом к горизонту с учетом и без учета сопротивления воздуха. Здесь можно варьировать угол бросания, начальную скорость, а также форму и массу тела, значения которых определяют величину баллистического коэффициента. Так же очень наглядно программа развертки затухающих колебаний математического маятника.

Выполнение этих работ позволяет достигать двух целей:

- студент пишет на изучаемом языке программирования несложные по своей логике программы;
- создает на экране дисплея среду, позволяющую управлять моделью изучаемого процесса, варьируя исходными данными и, таким образом, лучше понимать его, исследуя и анализируя результаты своего воздействия на него.

2. Использование готовых компьютерных моделей по физике в мультимедийных курсах, например, в ходе выполнения виртуальных лабораторных практикумов.

3. Сравнение результатов при использовании компьютерной модели и проведение реального физического эксперимента.

4. Использование компьютера для создания графической или математической модели по результатам проведенного реального эксперимента [2,3].

В качестве примера рассмотрим моделирование броуновского и молекулярного движения.

Задание: составить программу для компьютера и получить на дисплее модель броуновского движения, рассмотрев случаи постепенного увеличения среднеквадратичной скорости молекул (рис.1) [4].

Теория броуновского движения имеет важное практическое значение для физико-химических процессов в дисперсных системах. Например, броуновское движение определяет седиментационное равновесие (равновесное распределение концентраций) в дисперсной системе, находящейся в поле сил земного тяготения.



Рисунок 1. Компьютерное моделирование броуновского движения с использованием Notepad++

D. Alimisis [4], 2012, Греция	образовательная робототехника	средняя школа	Lego Mindstorms NXT kit, the Lego Mindstorms Education NXT	конструктивное обучение, практическая активность, постоянная обратная

			software	связь, сотрудничество в команде, лабораторные проект
T. Kanda[5], S.Y. Okita[6], F. Tanaka[7], 2012, Япония	образовательная робототехника	начальная школа, средняя школа	Гуманоид (Asimo, Nao роботы)	сотрудничество, групповая работа с гуманоидом в качестве тьютора или соученика
J. Yoo [8], 2015, Южная Корея	профессиональное обучение	высшая школа	Гуманоид (KAIST робот)	сотрудничество, подготовка и участие в олимпиадах
L. Alfieri, et al [9], 2015, США.	образовательная робототехника	высшая школа	интерактивный симулятор «Экспедиция Атлантиды»	активное обучение, кейс-стади, STEM – метод, игровые технологии
S. Bradley, et al[10], 2013, США	образовательная робототехника	внеклассные группы обучения (летняя школа)	LEGO Mindstorms NXT ArcMap GIS software	STEM - метод
I.R. Nourbakhsh, et al [11], 2005, США	образовательная робототехника	студенты вуза	Lego Mindstorms kit	метод проектов
U. Qidwai, et al [12], Катар, 2013	образовательная робототехника	высшая школа	LEGO Mindstorms kits	командная работа, STEM – метод.
M. Ucgul [13], 2012, Турция	образовательная робототехника	средняя школа	LEGO Mindstorms NXT	конструктивное обучение, тренинг, проектное обучение, кейс-стади
P. Samuels [14], 2012, Великобритания	образовательная робототехника	высшая школа	LEGO MINDSTORMS NXT 2.0 GeoGebra	обучение через программирование, методы сотрудничества
A. Giuseppe, et al [15], 2012, Италия	образовательная робототехника для лингвистических целей	начальная школа, средняя школа	Lego Mindstorm NXT, с использованием девайсов	сторителлинг с помощью робота и имитация, активное обучение проблемное обучение
А.С. Соболевский, и др. [16], 2014, Россия	образовательная робототехника	студенты-магистранты	LEGO NXT, NXT-2.0	мини-проекты, лабораторные работы
Е.А Краснобаев [17], 2013, Россия	робототехника в инженерии	студенты инженерной физики	Мобильный робот DAGU ASURO Robot kit	проектное обучение, исследовательский метод
М. Серик [18], 2014, Казахстан	робототехника как объект изучения	магистранты информатика (образование)	MINDSTORMS NXT	проектное обучение

Большинство рассмотренных трудов затрагивают уровень средней школы, где робототехника представлена как «образовательная робототехника». Вместе с обучением робототехнике студентам ведутся работы по разработке методического и дидактического обеспечения для учителей образовательных учреждений. Группы ученых во главе с D. Alimisis внедрила TERECoP –проект для повышения квалификации преподавателей в области образовательной робототехники и методики ее преподавания. В качестве основного метода обучения используется конструктивный метод, предполагающий творческое, деятельностно-операциональное обучение, которое представляет возможность каждому ученику строить свое новое знание обосновываясь на свой опыт, на свои имеющие знания.

Большинство авторов используют групповые технологии обучения, технологии сотрудничества, метод проектов, проблемное и исследовательское обучение, что отвечает природе конструктивизма в робототехнике.

В настоящее время существует большое разнообразие образовательных робототехнических платформ, которые являются мощным мотивационным и исследовательским средством обучения. Проведенный анализ по образовательной робототехники показал, что основная масса преподавателей используют серию Lego Mindstorms. Данную платформу можно применять для разновозрастного контингента обучающихся. Для младших школьных и дошкольников Lego - платформа применяется для конструирования и дизайна роботов. В средней школе разрабатываются простые алгоритмы движения и манипулирования роботами. В старших классах организуется научно-исследовательская деятельность при выполнении робототехнических проектов с применением языков программирования высокого уровня. Также наряду с платформой Lego Mindstorms в старших классах и высших учебных заведениях применяется платформа Arduino, когда при конструировании роботов применяются элементы схемотехники.

В развитых высокотехнологических азиатских странах, таких как Япония и Южная Корея в качестве инструмента и платформы образовательной робототехники используются роботы-гуманоиды со встроенными мощными программами искусственного интеллекта и базами знаний, с помощью них робот-гуманоид имеет возможность выступать в качестве тьютора или помощника при организации учебной деятельности.

Анализ показал, что конструктивное обучение является наиболее оптимальной концепцией обучения робототехнике, а определенные ею технологии обучения (проектное, проблемное обучение, технологии сотрудничества и другие) обеспечивают наиболее высокий результат обучения робототехнике. В качестве недостатков, по нашему мнению, можно выделить привязанность к аппаратному обеспечению, поскольку оно обладает вполне понятными техническими ограничениями. К тому же, данные платформы достаточно дорогостоящи. В качестве альтернативы физической платформе мы предлагаем использовать виртуальные роботы, которые можно модифицировать, расширять базу знаний, инструментарий для применения в конкретных условиях.

Развитие современных технологий в сторону сближения человеко-машинных отношений делает все более актуальным разработку дополнительной реальности в области робототехники, что позволяет создать иллюзию присутствия в одной реальности с предметами или субъектами, не находящимися в непосредственно наблюдаемой реальности индивида [19].

Среди технологий дополненной реальности наиболее целесообразно использовать GPS – технологии (идентификация объектов и людей в реальном мире, основанные на вычислении данных о геолокации, пространственной ориентации и времени), технологии распознавания (определение форм, атрибутов и характерных признаков объекта), контент-технологии дополненной реальности (содержание, которое отображается в рамках приложения с использованием дополненной реальности).

Данные технологии дополнительной реальности в обучении робототехнике позволит студенту погрузиться в среду обучения, в максимально сжатые сроки разрабатывать робота с заданными параметрами любого масштаба и разного уровня сложности, тестировать и проводить эксперименты с виртуальным роботом. К тому же, средства дополнительной реальности также можно загрузить на девайсы, и студенты получают возможность работать над роботом в любом месте.

Список использованной литературы:

1 A. Pina, J. Arlegui, E. Menegatti, M. Moro. Robotics, Computer Science curricula and Interdisciplinary activities. Workshop Proceedings of SIMPAR 2008 Intl. Conf. on SIMULATION, MODELING and PROGRAMMING for AUTONOMOUS ROBOTS. Venice(Italy) 2008 November,3-4. ISBN 978-88-95872-01-8. pp. 10-21.

2 Paciaroni Martina, Alessandri Giuseppe. Educational Robotics between narration and simulation. Procedia - Social and Behavioral Sciences 51 (2012) 104 – 109. Available online at www.sciencedirect.com.

3 Carme Julia , Juan Oscar Antoli: Spatial ability learning through educational robotics: International Journal of Technology and Design Education, pp 1-19.

4 Dimitris Alimisis. Book: Teacher Education on Robotics-Enhanced Constructivist Pedagogical Methods. Published 2009 by School of Pedagogical and Technological Education (ASPETE) ISBN 978-960-6749-49-0

5 T. Kanda, T. Hirano, D. Eaton, and H. Ishiguro, Interactive robots as social partners and peer tutors for children: a field trial, Human–Computer Interaction, 19(1), 2004, 61–84.

6 S.Y. Okita, V. Ng-Thow-Hing, and R. Sarvadevabhatla, Learning together: asimo developing an interactive learning partnership with children, Proc. ROMAN, 2009, 1125–1130.

7 F. Tanaka and S. Matsuzoe, Children teach a care-receiving robot to promote their learning: field experiments in a classroom for vocabulary learning, Journal of HRI, 1(1), 2012.

8 Juyoung Yoo. Results and outlooks of robot education in Republic of Korea. Procedia - Social and Behavioral Sciences 176 (2015) 251 – 254. Available online at www.sciencedirect.com.

9 Louis Alfieri , Ross Higashi, Robin Shoop, Christian D Schunn. Case studies of a robot-based game to shape interests and hone proportional reasoning skills. International Journal of STEM Education. December 2015, 2:4.

10 Bradley S. Barker, Gwen Nugent, Neal F. Grandgenett. Examining fidelity of program implementation in a STEM-oriented out-of-school setting. Int J Technol Des Educ (2014) 24:39–52. DOI 10.1007/s10798-013-9245-9.

11 I.R. Nourbakhsh, K. Crowley, A. Bhave, E. Hamner, T. Hsiu, A. Perez-Bergquist, S. Richards, K. Wilkinson. The Robotic Autonomy Mobile Robotics Course: Robot Design, Curriculum Design and Educational Assessment. Springer Science + Business Media, Inc. Manufactured in The Netherlands. Autonomous Robots 18, 103–127, 2005.

12 Uvais Qidwai, Ryan Riley, Sayed El-Sayed. Attracting Students to the Computing Disciplines: A Case Study of a Robotics Contest. Procedia - Social and Behavioral Sciences 102 (2013) 520 – 531. Available online at www.sciencedirect.com.

13 Memet Ucgul. Design and development issues for educational robotics training camps. May 2012, 278 Pages. https://etd.lib.metu.edu.tr/upload/12614301/index.pdf

14 Peter Samuels, Lenni Haapasalo. Real and virtual robotics in mathematics education at the school–university transition. International Journal of Mathematical Education in Science and Technology. 2012. pages 285-301. DOI:10.1080/0020739X.2011.618548.

15 Alessandri Giuseppe, Paciaroni Martina. Educational Robotics between narration and simulation. Procedia - Social and Behavioral Sciences 51 (2012) 104 – 109.

16 А.С. Соболевский, Э.Ф. Шарипова. Образовательная робототехника: учебно-методический комплекс дисциплины[Текст] – Челябинск: Изд-во Челяб. гос. пед. ун-та, 2014. – 31 с.

17 Е.А. Краснобаев. Лабораторные работы по курсу «Теоретические основы ро-бототехники» : методические рекомендации – Витебск : ВГУ имени П.М. Машерова, 2013. – 22 с.

18 М. Серик, Г.Ф. Нурбекова, Г.М. Жармаганбетова. Роботтарды программалау негіздері пәніне арналған оқу-әдістемелік құрал (MINDSTORMS NXT). – Астана, 2015. – 72 бет.

19 Б.С. Яковлев, С.И. Пустов. Классификация и перспективные направления использования технологии дополненной реальности. Известия ТулГУ. Технические науки. 2013. Выпуск №3. С.484 – 492.

УДК 378.147-001.897
ГРНТИ 14.01.29

А.Н. Омарбаева[1], Қ.Ш. Сержанова[2], Л.А. Жанбаева[3]

[1,2] аға оқытушы, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2] тех.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ДӘЛЕЛДІК МЕДИЦИНАДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада жаңа ақпараттық технологиялардың дәлелдік медицинада қолданылуы туралы айтылған. Медицина әлі күнге дейін ең аз компьютерленген салалардың бірі болып қалып отыр. Жаңа технологияны енгізу медициналық көмектің сапасын жақсартуға және айтарлықтай шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде мамандандырылған медициналық программалық құралдардың көптеген түрі бар. Дәрігерлер ақпараттық жүйелердің классификациясының мәнін меңгеруі тиіс. Қазіргі уақытта дәлелдік медицина Европа мен АҚШта 80% медициналық қызметкерлер үшін медициналық технологияны таңдауда шешім қабылдаудын негізгі құралы болып табылады. Сондықтан да заман талабына сай әрбір маман жаңа ақпараттық технологияларды өз ісіне тиімді пайдалана білуі керек. Болашақ мамандарды жаңашыл дәрігерлердің озат тәжірибелерімен таныстырып, әдіс-тәсілдерін пайдалануға үйрету, зерттеу жұмыстарын жаздыру, медициналық ынтымақтықты іске асыру т.б. жұмыстар олардың медициналық білімі мен іскерлігін, дағдысын ұштай түседі. Бұл жағдайларды шешуде жаңа ақпараттық технологиялардың орны бөлек. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүние жүзілік білім кеңістігіне шығу – бүгінгі күннің мақсаты.

Түйін сөздер: дәлелдік медицина, медицина, дәрігер, интернет, сарапшы, ақпараттандыру, ақпараттық технология.

Аннотация

А.Н. Омарбаева[1], Қ.Ш. Сержанова[2], Л.А. Жанбаева[3]
[1,2] старший преподаватель, Казахский национальный медицинский университет имени С.Ж. Асфендиярова,
г. Алматы, Казахстан
[2] к.тех.н., Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ НОВЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ДОКАЗАТЕЛЬНОЙ МЕДИЦИНЕ

В данной статье говорится об использовании новых информационных технологий в доказательной медицине. Медицина до сих пор остается одним из наименее компьютеризированы. Внедрение новых технологий в целях повышения качества медицинской помощи и возможность значительно сократить расходы. В настоящее время существует широкий выбор специализированного медицинского программного обеспечения. Врачи должны знать значение классификации информационных систем. В настоящее время, доказательная медицина в Европе и в Соединенных Штатах 80% медицинских работников является основным инструментом для принятия решения при выборе медицинской техники. Таким образом, каждый специалист должен эффективно использовать новые информационные технологии в своем деле.

Будущие специалисты и их работы будут сопровождаться их медицинскими знаниями и умениями, навыками. Это место новых информационных технологий в решении дел по отдельности. В дальнейшем, развитие цивилизованных стран высоких технологий, мировое образовательное пространство - цель сегодняшнего дня.

Ключевые слова: доказательная медицина, медицина, врач, интернет, аналитик, информировать, информационная технология.

Abstract

THE APPLICATION OF NEW INFORMATION TECHNOLOGIES IN EVIDENCE BASED MEDICINE

Omarbayeva A.N.[1], Serzhanova K.Sh.[2], Zhanbayeva L.A.[3]
[1,2] Senior Lecturer of the Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan
[3] Cand. Sci (Engineering), Abai Kazakh State Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The information technologies using in reason medicine are considered in this paper. Force of medicine, to the day same will classify it is not enough computerized, first being remains. Technology only what to improve medical quality of help introduction and to abbreviate what special expend, allows. Go medical software, that was specialized in nowaday time, kind, increased those facilities. Touch that doctors informative systematize, master's importance classification. In nowaday time reason medicine on to choose medical technology Европа on in the United States 80 meadows for office workers a decision is basic means abildauly. Therefore, only what informative technologies a ravine advantageously uses әрбір specialist self to business to know needed to the requirement of epoch.

Future specialists innovator doctors to use method-methods acquainting by the experiments of passing, to teach, to compel to write works research, medical efficiency, skill knowledge medical to carry out solidarity goes down т.б., works of them update. Only what informative place of technologies these the states on to decide separately. In the future civilized countries to assist mastering technology of top, the world goes out жүзі to space of knowledge - today's aim of day.

Key words: inform, information technology, electronic means of training.

Медицина әлі күнге дейін ең аз компьютерленген салалардың бірі болып қалып отыр. Жаңа технологияны енгізу медициналық көмектің сапасын жақсартуға және айтарлықтай шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ақпараттың шынайылығын және мүмкіндік мәселелерін талқылау, денсаулыққа байланысты ғана емес, кәсіби қоғамдастық және жаңа технологиялар туралы білім таралу жылдамдығының артуына, әр елдің ақпараттық ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде мамандандырылған медициналық программалық құралдардың көптеген түрі бар. Денсаулық сақтауды ақпараттандырудың кілттік тобы ақпараттық жүйе болып табылады. Сондықтан дәрігерлер ақпараттық жүйелердің классификациясының мәнін меңгеруі тиіс. Қазіргі уақытта дәлелдік медицина Европа мен АҚШта 80% медициналық қызметкерлер үшін медициналық технологияны таңдау үшін шешім қабылдауда негізгі құрылғы болып табылады [1]. Және де шешім қабылдауда беделді адамның шешімі немесе бұрынғы дәстүр бойынша емес, тек жауапты және құзырлы, ақпараттанған және сыни көзбен ойлай білетін медициналық маман (ғалым, дәрігер, провизор) болуы керек. Сондықтан да заман талабына сай әрбір маман жаңа ақпараттық технологияларды өз ісіне тиімді пайдалана білуі керек.

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында студенттер меңгеруге тиісті білім, біліктілік дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде. Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – білім алушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Дәлелді медицинаны заманауи түрдегі медициналық практиканың контекстінде ғана емес, қазіргі заманғы дәрігердің өмірге деген көзқарасы қалыптасуының және дәрігердің күнделікті жұмысында кездесетін ме- дициналық проблемаларды шешудің әдістемелік негізін құрайтындығында қарастыру керек [1]. Мұндай жағдайда мамандарды дайындау стратегиясын анықтау үшін медициналық университеттердің рөлі белгілі дәрежеде жоғарылайды. Денсаулық сақтау жүйесіне дәлелді медицина негіздерін енгізуді студенттерді дипломға дейінгі оқыту кезінде және дәрігерлердің біліктілігін жоғарылату барысында жүргізген тиімді. Дәлелді медицинаны оқып, оның негіздерін күнделікті жұмысында қолдану үшін дәрігерге үздіксіз түрде білім алу және жүйелі түрде көзқарас қажет болады. Медицинаға тән жалпы сұрақтарды шешу - жұмыстың методологиясын оқуға бағытталуы керек. Дәлелді медицинадағы білім –белгілі бір жағдайларға негізделген, дәлелденген шешімдерді қабылдау қабілетінің болуы. Алдағы уақытта клиникалық ғылыми зерттеулер мен медициналық білім қабылданатын шешімдердің дәлелділігі жөнінде бір жүйеге шоғырлануы керек.

Дәлелдік медицина – бұл ғылыми нәтижелерді медициналық зерттеулерде қолдану мен практика нәтижесінде алу болып табылады. Дәлелдік медицинаның негізгі қағидасы ол практикалық дәрігерлерге ақпаратты қалай дұрыс қолдана білуге, қандай мақалалар мен нұсқауларға сенуге болатынына жауап береді. Дәлелдік медицина (ДМ) – өңдеудің ақпараттық технологиясы, медициналық ақпараттарды қолдана білуі және оның берілуі, медициналық қызметкерлерге пайдалы дәлелдемелерді тәжірбиелерінде сол әдістермен клиникалық практикаларында қолдана білуінің әсері [2].

Қазіргі таңдағы медициналық биологиялық мәліметтердің талдауын алу үшін дәрігер-зерттеушілерге медициналық мақалаларды оқып қана қоймай, зерттеу нәтижелерін практикада қолдана алуы және нақты мәліметтер үшін ДМ білу керек. Дәлелдік медицинаның мақсаты - жарамсыз бірақ қымбат тұратын медициналық аппараттарды пайдаланбай, науқастардың денсаулықтарына нұқсан келтірмеу, дұрыс нәтиже көрсете білу. Дәлелдік медицина – денсаулықты қалпына келтіру мен сақтаудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады.

«Дәлелдік медицина» түсінігін 1990 жылы Торонто қаласындағы Мак-Мастер университетінің ғалымдары берген. ДМ әдісі дәрігерге қол жететін көздер бойымен іздестірулерді жедел жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады және туындаған сұратары бойынша ақпараттарды табуға, алынған мәліметтерді сын көзімен бағалай алуына және емделушіге оны пайдалана білуіне жол ашады [3]. Дәрігер мен емделушінің өзара қарым-қатынасы, науқастың денсаулық жағдайына байланысты барлық клиникалық практика деңгейінен нақты клиникалық сұраққа қарапайым ғана жауап - шешім қабылдау үрдісіне негізделген. Дәрігердің күнделікті жұмысында пайда болатын емдеу - диагностикалық және профилактикалық сұрақтар клиникалық жағдай деңгейінде шешіледі. Емдеу-алдын алу мекемелердің жетекшілерімен және денсаулық сақтау әкімшілік ұйымдарының алдына қойылатын сұрақ, клиникалық ұйымдарды құру клиникалық стратегияға жатады. Әлемдік тәжірибеде кеңінен пайдаланылатын ДМ, көрсетілетін дәрігерлік жәрдемдік сапаны жоғарылатады, медициналық тәжірибені жетілдіруге мүмкіндік туғызады.

Дәлелдік медицинаның технологиясының мақсаты – талдау алу үшін және оны нақты емделушіге енгізу үшін ақпарат алу. Клиникалық есепті шеше отырып, медициналық қызметкер, үйреншікті ақпарат көздерін (өз тәжірбиесіне, монография мен анықтамаларға, әріптестеріне) сене отырып, яғни, емделушіге ескірген және қол ақпараттық технологиясына, қазір әлемде қолданылмайтын әдістерді қолдануға тәуекел етеді. Компьютерлік технологияны қолдана білу жоғары сапалы жауапқа ие болады. Электронды медициналық мәліметтер қоры, журналдардың электронды нұсқалары, мультимедиалық үйрететін бағдарламалар, лазерлі дисктердегі кітапханалар мен Интернеттің пайда болуы дәрігерлердің мүмкіндіктерін кеңейтті. Ал мынадай Medline, Cochrane Library, Up-To-Date, EMBASE, OVID медициналық мәліметтер қоры арқылы автоматтандыру және дәлелдік медицинаның технологиясының әлемдегі медициналық мәселенің толық жағдайларын көре алатын негізгі құралдары. Нақты емделушілердің есебін шешу үшін дәлелдік медицинаның технологиялық үрдісін құрайтын, дәрігер операциялар жинағын білуі және оны өз тәжірибесіне қолдана білуі керек [2].

Клиникалық сұрақты дұрыс құрастыру дәлелдік медицинаның маңызды қағидасы болып табылады. Іздестірудің және нәтижеснің стратегиясы осыған байланысты болады. Сауатты қойылған сұрақ мәселені айқын суреттейді және сұрау салынатын ақпарат белгілі құрылымға ие болады: емделуші немесе мәселе, араласу немесе болжам, салыстыру, біту. Келесі қадам іздеу стратегиясына әсер ететін сұрақтың типін (диагностика, ем, болжам) анықтау болып табылады. Содан кейін сенімді кәсіби мәліметтер қорына қарайтын тікелей іздеу кезеңі болады. Ақпараттың сыни талдауы – дәлелдік медицинаның басқа маңызды қағидасы. Зерттеудің ақиқат стандарты болып, бір немесе бірнеше зерттелетін белгілерге, ал топтардың таралуы кездейсоқ болатын, науқастардың салыстырылатын топтарының ранжирленген бақыланатын сынақтары саналады. Ақпаратты ақиқаттылыққа бағалағаннан кейін, оны нақты клиникалық жағдайға және емделушіге енгізу стратегиясын жасау керек. Және де емнің қолданылған әдістің немесе диагностиканың тиімділігін бағалау. Осылайша, дәрігер, алдын алу және диагностикалық есепті шешу үшін жаңа ғылыми ақпаратты іздестіруге және оны критикалық ойлауға, күнделікті тәжірбиесін өзгерту үшін, медициналық көмектің сапасын жақсартуда көрсетілетін медицинаның соңғы жетістіктерінен хабары болуы керек [3].

Дәлелдік медицинада жаңа заманауи технологияларды қолдану жаһандық мағынада, дәрігерлік қателіктердің жиілігін төмендетуіне алып келеді, сапаны және медициналық жәрдемнің тиімділігін жоғарылатады, ресурстарды үнемдейді және халықтың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік туғызады. Ақпараттық технологиялар жаңа клиникалық ақпаратқа қол жеткізетін және этикалық декларациялардың реализациясымен қамтамасыз ететін, алмастырылмайтын құрал болып табылады. Бұл тек құрал ғана. Бірақ бұл құралдың қазіргі сапасы іс жүзінде кез-келген есептерді шешуге мүмкіндік береді.

Қорыта келе, ақпараттық технологияны қолдану ақпарат берудің көптеген арналармен ғана қамтамасыз етіп қоймайды, сонымен қатар әр түрлі орталар бірін-бірі толықтыратын жағдай туғызады. Ақпараттық технология басқа технологиялармен интеграциялана отырып оқытушының қарқынды дамуына, оқу мен оқыту үдерістерін білікті түсінудің көрсеткіші болып табылады. Сарапшылардың ойынша қоғамның дамуы үшін ең болмағанда халықтың үштен бір бөлігі қазіргі ақпараттық технологиялармен жұмыс істей білуі керек. Қазақстанның дәрігерлеріне белсенді түрде мәліметтерге қол жеткізуін қамтамасыз ететін мүлде қол жететін жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану керек. Қазіргі таңда бүкіләлемдік тор арқылы ашық түрде үлкен көлемді ресурстарға қол жеткізуге болады. Бірақта өкінішке орай, Интернет желісінде жұмыс істеу тәжірбиесі, ақпараттық технологияны нашар және жақсы игермегендіктерін көрсетеді. Сондықтан да, өзін «сарапшының» деңгейінде санайтын кез келген дәрігер, елдің игілігіне ғана жұмыс істеуге ықыластанып ғана емес, қазіргі жаңа ақпараттық технологиялармен жұмыс істей алуы керек. Сол кезде ғана біздің Қазақстанның медицинасы қарыштап дамитынын білеміз.

Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін - өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Бәсекеге қабілетті болу тікелей білімге байланысты. Біз жаңа технологияға, жаңа өркениетті дамуға байланысты басқа өркенді елдердің көптен бері пайдаланып келе жатқан жаңа ақпараттық технологияны қолданып отырмыз. Бұл – біздің Қазақстанннның алға қарай жылжуының нышаны болып табылады. Ғылыми білім беруде жаңа ақпараттық технологияның берер мүмкіндігі өте мол.

Жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы соны дәлелді медицинада енгізе отырып, білім кеңістігіне еркін бойлай алады.

Оқу процесінде, оның ішінде практикалық сабақтарда жаңа ақпараттық технологияны қолдану оқытушының жеке тәжірибесіне, шығармашылық ізденісіне байланысты. Жаңа ақпараттық технологияны дәлелді медицинада оқыту формасын ұйымдастыруы түрлендіруге, дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа элементтер енгізуге мүмкіншіліктер жасайды. Бұл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі;

1 Гринхальх Т. Основы доказательной медицины. – М.: ГЭОТАР-МЕД, 2009. – 288 с.

2 Клюшин Д. А., Петунин Ю. И. Доказательная медицина. Применение статистических методов. – М.: «Диалектика», 2007. – 320 с.

3 Власов В.В. Введение в доказательную медицину.– М: Медиасфера,2001.–392 с.

УДК 002.6:37.016: 374.02
ГРНТИ 20.01.45: 14.27.09

И.Т. Сәлғожа[1], *Г.Т. Шойынбаева*[2]

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ РӨЛІ

[1,2] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің докторанты,
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақала сыныптан тыс жұмыстар кезінде оқушылардың ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесіне арналған. Қазіргі білім беру жүйесі мектеп бітірушілерінің бойында нақты бір білім, білік, дағдылардың жинақтарын ғана емес, сонымен қатар құзыреттіліктерін де қалыптастыру қажет. Құзыреттіліктердің ішіндегі ең маңыздыларының бірі - мәселені көре және оны шешудің жолдарын табу қабілеттілігімен көрінетін ақпараттық құзыреттілік. Құзыреттілікті қалыптастыруды оқушылармен сыныптан тыс уақытта ұйымдастырылатын жұмыстар барысында іске асыруға болады. Сыныптан тыс жұмыстарда әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасап үйрету оқушылардың оқып отырған тақырыптары бойынша білімдерінің терең, әрі берік болуына әкеледі. Сонымен қатар, сыныптан тыс жұмыстарда бірнеше пәндерден алған білімдерін ұштастыра отырып, шешу қажеттілі туындайтын тапсырмаларды орындатуға болады. Мақалада осындай тапсырмалар арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесіндегі сыныптан тыс жұмыстардың маңыздылығы туралы айтылған.

Түйін сөздер: құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, сыныптан тыс жұмыс, ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру.

Аннотация

И.Т. Салгожа[1], *Г.Т. Шойынбаева*[2]
[1,2] PhD докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

РОЛЬ ВНЕКЛАССНОЙ РАБОТЫ В ФОРМИРОВАНИИ ИНФОРМАЦИОННОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Статья посвящена вопросу формирования информационной компетентности учащихся при проведении внеклассной работы. Выпускники нынешней системы среднего образования должны формировать не только определенные знания, способности, навыки, но и компетенции. Одной из важнейших компетенций для молодежи является их способность ясно видеть проблему и найти способ ее решения. Компетентность учащихся может быть формирована во время внеклассных мероприятий и занятий. Работа с различными информационными источниками во внеучебной деятельности ведет к более глубокому и долгосрочному знанию предметов и материала. Кроме того, во внеучебной работе можно решить задачи, объединяя знания, полученные из нескольких дисциплин. В статье излагается значение внеклассной работы по вопросам формирования информационной компетентности учащихся в школе с помощью решения таких задач.

Ключевые слова: компетентность, информационная компетентность, внеклассная работа, формирование информационной компетентности.

Abstract

THE ROLE OF EXTRACURRICULAR WORK IN THE FORMATION OF INFORMATION COMPETENCE OF STUDENTS

Salgozha I.T.^{1}, Shoyynbayeva G.T.^{2}

^{1,2} PhD doctoral student of the Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

The article is about the formation of information competence of students while they carry out extracurricular activities. Graduates of the current education system should form not only certain knowledge, skills, but also competencies. One of the most important competencies is the ability to see the problem and find a way to solve it. Competence of students can be formed during extracurricular activities. Working with various information sources in extracurricular activities leads to a deeper and longer-term knowledge of subjects. In addition, in extracurricular work, problems can be solved by combining knowledge obtained from several disciplines. The article outlines the importance of extra-curricular work on the formation of information competence of students through carrying out such tasks.

Key words: competence, information competence, extracurricular work, formation of information competence.

Әлемдегі қазіргі қарқынды ғылыми-инновациялық және әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы білім беру жүйесіне де көптеген өзгерістер әкелді. Бүгінгі күннің даму жағдайындағы ғылым мен техниканың жылдам дамымалы ақпараттық қоғамға бейімделіп қана қоймай, қоғамды дамытуға өз үлесін қоса алатын құзыретті, бәсекеге қабілетті оқушы дайындау мектептің маңызды міндетіне айналып отыр.

Кез-келген қоғам дамуының алғышарты – тәрбие мен білім берудің тұтас жүйесінің қалыптасуы болып табылады. Әлемдік өркениеттің дамуына білім жүйесінің тигізер әсері мол[1]. Сол себепті қоғамдағы болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесіне де өзгерістер алып келеді. Ол өзгерістің бірі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білім, білік, дағдыларын өмірлік іс-тәжірибесінде орынды пайдалана алатын, көздеген мақсатқа, нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас орната алатын білімді, құзыреттіліктері қалыптасқан тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр.

«Құзыреттілік» терминін XX ғасырдың ортасында Н. Хомский енгізген болатын, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіліктер ұғымын берген. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік дегеніміз - тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш жігердің болуы. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Құзыреттілік - оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі [2].

Құзыреттілік ұғымын зерттеген көптеген ғалымдар әртүрлі анықтамалар береді. Көптеген әдебиеттерде құзыреттілік «білім», «білік» және «дағды» ұғымдарын қамтиды, бірақ бұл білім, білік, дағдының жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік - оқыту нәтижесімен қатар оқушылардың шығармашылық әрекетінде көрінетін қабілеті.

Ал, нәтижеге бағытталған білім беруде ақпараттық құзыреттіліктің алар орны ерекше. Ақпараттық құзыреттілік – ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен ақпаратты іздеу, сақтау, түрлендіру, көп ақпараттың ішінен негізгісін анықтау, тасымалдау мүмкіндіктерін тәжірибеде қолдана алу қабілеті. Білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі болып табылатын оқушы құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін тек сабақ барысында ғана емес, қосымша ұйымдастырылатын сыныптан тыс жұмыстар арқылы да ұйымдастыруға болады.

Олай дейтініміз, сыныптан тыс жұмыстар – оқушылардың сабақтан тыс бос уақытын ұйымдастыратын мектептегі оқу тәрбие үдерісінің құрамдас бөлігі. Сыныптан тыс жұмыс - бұл педагогтардың баланың жеке тұлғасының қоғамдағы өмірге бейімделуін қамтамасыз ететін, мектеп оқушыларымен сабақтан тыс уақытта ұйымдастыратын әртүрлі іс-әрекетері мен іс-шаралары.

Сыныптан тыс жұмыс – сабақтан тыс уақыттағы мектеппен өткізілетін және оқу бағдарламаларының шеңберінен ауытқып кетпейтін, әртүрлі оқу-тәрбиелік іс-шаралар [3]. Бұл сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты да мемлекеттік білім беру стандартының білім беру жүйесінің алдына қойған мақсаттарын қанағаттандыруын қамтамасыз етіп, оқушылардың қабілеттерін дамыта отырып, оқушыны қоғам талаптарына сай тұлға етіп тәрбиелеу.

Қазіргі білім беру жүйесі мектеп бітірушілерінің бойында нақты бір білім, білік, дағдылардың жинақтарын ғана емес, сонымен қатар құзыреттіліктерін де қалыптастыру қажет. Құзыреттілік әртүрлі іс-әрекет салаларына байланысты бірнеше құзыреттер жинағынан тұрады. Құзыреттіліктердің ішіндегі кілттік құзыреттіліктің бірі - мәселені көре және оны шешудің жолдарын табу қабілеттілігімен көрінетін ақпараттық құзыреттілік. Кілттік құзыреттілікті қалыптастыруды сыныптан тыс уақытта ұйымдастырылатын жұмыстар барысында да іске асыруға болады. Әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасап үйрету, оқушылардың оқып отырған тақырыптары бойынша білімдерінің терең, әрі берік болуына әкеледі. Сонымен қатар, сыныптан тыс жұмыстарда бірнеше пәндерде алған білімдерін ұштастыра отырып, шешу қажеттілі туындайтын тапсырмаларды орындатуға болады. Бұл оқушылардың әр пәннен алған білімдерің жеке қоры ғана емес, оны өмірлік тәжірибесінде есептерді шешу барысында қалай пайдалануға болатындығын үйретеді, яғни ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастырады.

Сыныптан тыс жұмыстарда математика, физика сабақтарында өткен тақырыптар мәтіні бойынша талдау жасау, график тұрғызу, кесте салдыру, сызбалар мен формулалары т.б. тапсырмаларды орындау барысында өз пікірлерін айта білу, кері пікір айта білу дағдылары қалыптасып, соның негізінде жаңа білім алу мүмкіндігі туады. Оқушылар өз беттерімен физикалық ұғымдарға анықтама беріп үйренеді, физикалық заңдылықтарды қорытып, болжам айтады және тексереді, есепті шығару алгоритмін құрады. Мұың барлығы оқушыларды пәннен алған білімдерін өз өмірлерінің кез келген сәтінде ақпараттың қандай түрі болса да өз беттерімен білім алуға үйретеді. Мұндай тапсырмаларды орындау барысында оқушылар ақпаратты тасымалдау, өңдеу, ұсыу, пайдалану және сақтау үдерістеріне қатысады. Бұдан сыныптан тыс жұмыстардың оқушылардың ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастырудағы орнының ерекше екенін көруге болады.

Мұндай сыныптан тыс жұмыстардың өткізу әдістемесі ақпаратты тасымалдау мен ұсынудың ұтымды тәсілдері туралы жұмысты меңзеп тұр. Сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлауда жас ерекшеліктері мен оқу материалының ерекшеліктерін де екенін ескеру қажет.

Сыныптан тыс жұмыста ақпаратпен жұмыс істеу барысындаоқушылардың бойында қалыптасатын оқу-ақпараттық білік, дағдылары:

- Ақпаратты ауызша және жазбаша түрде баяндау (ұсыну);
- Ақпаратты ұсыну барысында баяндау логикасын сақтау;
- қолда бар ақпараттың жеткілікті дәрежеде айқын немесе ақиқат екенін растау үшін қосымша ақпарат ретінде дәлелдер келтіре білу;
- библиографиялық басылымдар, ақпаратты жүйелеудің электрондық құралдарының және т.б. көмегімен ақпарат іздеу;
- т.б. каталогтар, ақпарат көздеріне пайдаланып ақпарат іздеу жүргізу;
- ақпарат көзін пайдалану барысында іздеу параметрлерін нақты анықтау;
- мәтіндегі негізгі идеяны тұжырымдау үшін анықтамадағы негізгі, кілттік сөздерді ерекшелеу;
- Ақпаратты ақпарат көздерінің екінші түрі ретінде түрлендіру: жоспар, алгоритм, блок-схема, тезистер, түйіндеме, конспект, реферат, аннотация, реферат;
- Ақпаратты ашу: формула, теңдеулерді «оқу»;
- Визуалды ақпаратты ауызшаға қайта қодтау және керісіше график, символдық және басқа түрде түрде ұсыну.

Оқу материалдарын оқытуды ұйымдастыру әртүрлі объектілер-ақпаратты тасымалдаушыларды пайдалану арқылы жүргізіледі. Физиканы алғаш оқу барысында оқушылардың объективті қабылдаудағы қиындығы тек жаңа ақпараттың көптігінен ғана емес, сонымен қатар осы ақпаратты оқушыларға жеткізуде пайдаланылатын жаңа объектілердің пайда болуына және бұл объектілердің өзара сәйкестігіне байланысты. Математика пәнінен белгілі теңдеулер тек математикалық қана емес физикалық ақпарат болып табылатын, физикалық формулаларға айналады. Графиктер мен кестелер физикалық мазмұнмен толтырылады. Оқушылар бұрын жұмыс жасап көрмеген физикалық шамалар, аспаптар, өлшем бірліктер пайда болады. Физикалық мазмұн оқушылар оқитын қосымша мәтіндермен, суреттермен, сызбалармен және мысалдармен толықтырылуы мүмкін. Есептің берілу мәтінін нақты ақпаратты тасымалдаушы объект деп қарауға болады. Бұдан оқушы бұл ақпаратты қаншалықты дұрыс және толық қабылдай алады, содан мәселені шешуді оқытудың жетістігі көрінеді.

Объектілер-ақпарат тасымалдаушылармен жұмысты ұйымдастыру үшін алдымен объектілер анықталып, осы объектілерге арналған ақпаратты ерекшелеу мен пайдалануға арналған тапсырмалар берілу керек.

Мысалы. Массасы 1,5 т кірпіш пешін Цельсий шкаласы бойынша 30 дан 20 градуста суыту кезінде төңірегіндегі денелерге қандай мөлшерде жылу береді [4]?

Оқушыларға берілетін сұрақтар:

Есепте қандай физикалық құбылыс туралы айтылып тұр?

Есепте кездесетін физикалық шамаларды атаңыз?

Оларды қандай әріптермен белгілеу қабылданған?

Бұл шамаларды қандай формула байланыстырады?

Қандай физикалық шаманың өлшемі 1 тоннаға ие?

SI жүйесінде бұл шаманы қалай белгіленген?

Бұл сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар бұл тақырып бойынша алған білімдерін бекітеді, сонымен қатар есепке талдау жасап үйренеді.

Оқушылардың ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстардың бірі – конференция ұйымдастырудың орны ерекше. Ол келесі функциялармен сипатталады:

- Қарастырылып отырған сұрақ төңірегінде білімін кеңейту және толықтыру;
- Ақпарат көздерімен жұмыс жасау;
- Баяндама (хабарлама) жасау;
- Реферат дайындау;
- Әртүрлі ақпарат көздерімен өз бетімен жұмыс жасауға үйрету.

Оқу конференциялары әртүрлі сынып оқушыларымен өткізіледі. Басқарушы рөл мұғалімде болады. Конференцияның сабақтан айырмашылығы оқушылар конференцияға дайындалу барысында жаңа білімді әдебиеттерден (әдеттегі және электрондық) және өзге конференцияға қатысушы оқушылардың баяндамаларынан алады. Әр баяндамашыдан кейін тақырыпты талқылау жүргізіліп, пікірлер тыңдалады. Конференцияның нәтижесін жалпылап, тақырып төңірегіндегі сұрақтар қойылып, талқыланады, толықтырылады, конференцияға қатысушы оқушылардың жұмыстары жеке бағаланады.

Конференцияның білімдік мәні, ол коференцияға дайындалу барысында оқушылар әдебиеттермен, электрондық ақпарат көздерімен өз бетімен ақпарат іздеуге дағдыланады. Алған білімдерін алдына қойылған нақты есепті шешу үшін пайдаланады, яғни тұтастай алғанда ақпараттық құзыреттіліктерін дамытады.

Конференцияларды өткізу оқушылардың ғылыми және техникалық білімге бейімдері мен қабілеттерін анықтап, қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі.

Конференцияны информатика, математика, физика ғылымдарының даму тарихы, олардың тарихи дамуындағы өзара қатынасы, әр ғылым саласындағы жаңалықтардың пайда болу тарихы, ғылым саласын қалыптастырушы ұлы ғалымдардың ғылым саласына енгізген жаңалықтары т.б. сұрақтар төңірегідегі тақырыптарға арнаған дұрыс.

Мысалы:

- Математика тарихы;
- Араб математикасының дамуы;
- Ұлы математиктер;
- Әл Фараби математикасы;
- Әл Фарабидің физикасы;
- Әл Фарабидің жаратылыстаныу ғылымдарының дамуына қосқан үлесі;
- Әл Фараби есептерін АКТ құралдарының көмегімен шешу;
- Әл Фарабидің геометриялық салу есептерін АКТ құралдарында салу т.с.с

Сыныптан тыс жұмыстарда мұндай тақырыптарға арналған жұмыстарды орындау барысында оқушылар көптеген әдебиеттермен жұмыс жасап, көптеген электрондық ақпараттардан керекті ақпаратты іздеп, өңдеп, түрлендіріп, өңдейді. Бір сөзбен айтқанда оқушылардың ақпараттық құзыреттілігінің, өзіндік көзқарасының қалыптасуына, білімін жетілдіруіне, алған білімдерін өздерінің өмірлік тәжірибесінде қолдана алуына ықпал ететіндігі байқауға болады.

Сонымен қатар, оқушылар сыныптан тыс іс-әрекеттерінде АКТ-құралдарының көмегімен өздерінің жеке өнімдерін құра алады. Компьютерлік құралдарды пайдаланып жасағанда, өнім деп келесілерді түсінуге болады [5]:

- мультимедиалық презентация;
- қандай да бір дайын программада тұрғызылған физикалық модель;
- оқушының өзі құрған компьютерлік программа.

Бірінші және екінші тапсырманы оқушы еш қиындықсыз орындай алады. Жалпы оны практикалық тұрғыда әр оқушы жасай алады, ал үшіншісі информатика пәнінің мұғалімінің көмегінсіз орындау қиындық туғызады.

Әдетте презентация құру барысында мәтіндер және суреттермен шектеледі. Ал, презентацияның көптеген мүмкіндіктері: дайын және қандай да бір графикалық редакторда дайындалған анимация, анимацияланған немесе макростар пайдаланып жасалынған сөзжұмбақтар, интерактивті тесттер және т.б. Бұдан презентациялық өнімдерді құруда материалды толықтай қамтуға болады деп айтуға негіз бар. Ал, оқушылардың сабақта немесе сабақтан тыс уақытта өз өнімдерін дайындауда пайдалануға келесі компьютерлік программаларды ұсынуға болады:

- флэш-анимациялы роликтер;
- Delphi немесе Visul Basic
- Adobe Flash
- GeoGebra және т.б.

Сыныптан тыс жұмыстар дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушылардың бойында ақпараттық құзыреттілікпен қатар ұйымдастырушылық қабілеті, белсенділіктері артады. Бағалы моральдық қасиеттер қалыптасады. Белсенді өмір сүру негізі қаланады. Әр пән бойынша ұйымдастырылатын сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың шығармашылық ойын дамытып, өзіндік іздену жұмыстарына баулиды. Осыған орай оқушы бағдарламада белгіленген білімді игеріп қана қоймай, жан – жақты ізденіп, ой - өрісін дамытады. Сыныптан тыс оқыту оқу мен тәрбие саласындағы барлық жұмыстарды әрі дамытып, жалғастыру мақсатын көздейді. Оны жүзеге асыру жолында мұғалім ең озық әдістерді таңдап алып, оны іс жүзінде пайдалана білуі қажет. Бұл шаралардың бәрі оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекеттерінде АКТ-құралдарының көмегімен өздерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыра алады.

Қорыта келе, сыныптан тыс жұмыстар оқушы тәрбиесі мен білімінің берік болуына айтарлықтай үлес қосып, оқушыны заман талабына сай біліммен қаруланған, ақпараттық құзыреттілігі қалыптасқан тұлға етіп тәрбиелеуде маңызы зор.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 *Ингибаева А.К., Дюсенбаева А.Т. Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. Өскемен, 2013 ж.*

2 *Торыбаева Ж.З., Тойбекова Б.А., Нуридинова Г.А. – Оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастырудағы коммуникативтік құзыреттіліктің мәні мен құрылымы. БҚМУ ХАБАРШЫСЫ. №2(62)–2016*

3 *Малев В.В. Общая методика преподавания информатики: Учебное пособие. - Воронеж: ВГПУ, 2005. - 271с.*

4 *В.И. Лукашик, Е.В. Иванова. Сборник задач по физике для 7-9 классов. 30-е изд., - М.: 2016 - 240 с.*

5 *ПластининА.В., ИродоваИ.А. Формирование ИКТ-компетентности в процесе продуктивной деятельности на уроках физики. Ярославский педагогический вестник. № 3, 20015 г.*

УДК 37.014.5:004.414.23(574)
ГРНТИ 14.15.07

А.Е. Сағымбаева[1], Ә.Е. Жақсылықов[2]

[1]п.ғ.д., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Математика, физика және информатика институтының профессоры, Алматы қ., Қазақстан
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты, Алматы қ., Қазақстан

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ МАТЕРИАЛЫН МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙЛЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Кез келген оқу пәнінің тікелей мақсаты білім алушыға білім жүйесін меңгерту және нақты дағды мен білікті игерту. Сонымен қатар дағды мен білікті игеру, яғни осы немесе басқа да дағды мен білікті қалай орындауды көрсететін сәйкес дағды мен білікті анықтайтын білімді іс-әрекеттік меңгеру негізінде жүзеге асады. Оқу таным үдерісі бірнеше сатылардан құралады. Әрбір бекітілген білім қандай да бір меңгеру деңгейінің жағдайын сипаттайды. Мақалада білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейлеріне, отандық және шетелдік педагогика саласындағы көптеген ғалымдардың, атап айтқанда Б.Блум, В.П.Беспалько, В.П.Симонов пен И.Я.Конфедератов, В.И.Тесленко және В.Краевский, И.Я.Лернер, М.Н.Скаткиндер сонымен қатар С.Л.Рубинштейннің зерттеулеріне салыстырмалы талдау жасалды. Білім алушылардың оқу материалын меңгеруін бақылау үшін төрт деңгейді қолданудың тиімділігі негізделді.

Түйін сөздер: білім, меңгеру, деңгей, таксономия, бақылау, меңгеру үдерісі

Аннотация

А.Е. Сагимбаева[1]*, А.Е. Жаксылыков*[2]
[1]*д.п.н., профессор Института Математики, физики и информатики при Казахском национальном педагогическом университете имени Абая, г. Алматы, Казахстан*
[2] *PhD докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ УРОВНЕЙ УСВОЕНИЯ УЧЕБНОГО МАТЕРИАЛА ОБУЧАЮЩИХСЯ

Непосредственными целями любого учебного предмета являются усвоение учащимися системы знаний и овладение ими определенными умениями и навыками. При этом овладение умениями и навыками происходит на базе усвоения действенных знаний, которые определяют соответствующие умения и навыки, т.е. указывают, как следует выполнять то или иное умение или навык. Процесс учебного познания складывается из нескольких этапов. Каждое закрепленное состояние характеризует тот или иной уровень усвоения. В статье рассматривается сравнительный анализ уровней усвоения учебного материала обучающихся, исследование многих ученых отечественной и зарубежной педагогики Б.Блума, В.П.Беспалько, В.П.Симонова, И.Я.Конфедератова, В.И.Тесленко и В.Краевского, И.Я.Лернера, М.Н.Скаткина, а также С.Л.Рубинштейна. Обоснована эффективность использования четырех уровней для контроля усвоения учебного материала обучающихся.

Ключевые слова: знания, усвоения, уровень, *таксономия, контроль, процесс усвоения.*

Abstract

Sagymbaeva A.E.[1]*, Zhaxylykov A.E.*[2]
[1] *Dr.Sci. (Pedagogical), Professor of the Institute of Mathematics, Physics and Informtics at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan*
[2] *Ph.D. doctoral student of Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan*

COMPARATIVE ANALYSIS OF LEVELS OF LEARNING THE EDUCATIONAL MATERIAL OF STUDENTS

